Отандық тіл білімінде «лингвистикалық интеллект» ұғымы өз қалпында қолданбағанымен, бұл туралы бірінші тұжырымдар А.Байтұрсынұлының еңбектерінде қолданбалы мазмұнда кездеседі (Байтұрсынұлы, 2022). Одан тыс, лингвистикалық интеллектінің дидактикалық, педагогикалық және тілдік компоненттері М.Жұмабаевтың жұмыстарында кездеседі (Жұмабаев, 1992). Ұғымның іс-жүзіндегі және қазақ танымындағы көрінісі аталған авторлардың зерттеулерінде айқын көрініс тапты. Бұдан тыс, лингвистикалық интеллектінің этномәдени компоненті басты мәнге ие ұғымдар қатарына кіргені де айқындалды (Кішібеков, 1999). Лингвистикалық интеллектіні бірнеше ғылым тоғысында қарау объективті картина қалыптастырды деп айтуға болады.

Нәтижелер мен талқылаулар

«Интеллект» ұғымы қазіргі уақытта бірнеше ғылым бағытының зерттеу нысанына айналып отыр. Термин физиология, психология, когнитивистика, әлеуметтану, антропология, лингвистикада, мәдениеттануда кеңінен қарастырылып келеді. «Интеллект - (лат. Intellectus – түсіну, ұғыну, танып білу, ақыл-ой) – жоғары дамыған және күрделі миы бар организмдердің психикалық қызметінің айрықша функциясы; ақпарат алуға, оны сақтауға, өңдеуге және беруге, жаңа білімдер қорытып шығаруға, жеткілікті негізделген шешімдер қабылдауға, алға қойылатын мақсаттарды тұжырымдап, соларға жетуге бағытталған іс-әрекеттерді қадағалауға, қоршаған ортада болатын хал-ахуалдарды дұрыс бағалауға қабілеттілік» (Нұрғалиев, 1996). Байқап отырғанымыздай, ұғым адам әрекетінің барлық аспектісін қамтиды. Алайда интеллектінің дербес ерекшеліктерін нақты айқындау әлі де ғылыми тұрғыда маңызға ие. XX ғасырдың екінші жартысындағы адам интеллектісіне жүргізілген сала аралық зерттеулер оның бірнеше түрлері мен олардың айырмашылықтарын белгілеуге мүмкіндік берді.



«Интеллект» ұғымының құрылымдық ерекшелігіне назар аударып, классификация тұрғысынан қараған алғашқы ғалымдардың бірі – Г.Гарднер. Ғалым өзінің «Frames of mind. The theory of multiple intelligence» еңбегінде интеллектіге «1.адам жаратылысын даралайтын белгі. 2.жеке тұлғаны басқалардан ерекшелейтін басты қасиет (интеллектуалды потенциал). 3.адамның өз бейімі мен қызығушылығы негізінде белгілі бір мақсаттарды және міндеттерді орындай алуға қабілетті болуы» (Гарднер, 2007:16) деген анықтаманы ұсынады. Аталған жағдайда интеллектінің жеке тұлға болмысының ажырамас бөлшегі екені көрінеді. Сонымен қатар, интеллектінің адамды даралайтынын байқаймыз. Өз теориясын ұсына отырып зерттеуші бірнеше интеллект түрлерін сипаттайды. Олар: лингвистикалық интеллект, музыкалық интеллект, логика-математикалық интеллект, кеңістік интеллектісі, кинестетикалық интеллект, тұлғалық интеллектілер (Гарднер, 2007:16). Көрсетілген интеллект түрлері адамның әртүрлі әрекет ету қабілетіне негізделеді. Осы ерекшелік негізінде тұжырымға басқа да зерттеушілердің берген анықтамалар бар. Мәселен, «лингвистикалық интеллект – бұл адамның мақсатқа жету үшін тілді жазбаша да, ауызша да қолдана алу қабілеті» (Fernando, Zablotzkaya, Minker, 2012: 9807-9820). Демек, «лингвистикалық интеллект» тұжырымы ең алдымен тілді барлық жағдай мен формада мақсатқа сай толық қолдану дағдысын білдіреді. Оның ішіне коммуникацияның және лингвистикалық білімнің бүкіл санаты енеді. Бұл лингвистикалық интеллект аясының анағұрлым ауқымды екенін айғақтайды. Оксфорд университетінің сөздігінде лингвистикалық интеллект вербалды интеллект ұғымымен тең дәрежеде қарастырыла отырып, «жинақталған тәжірибе негізінде қалыптасып, адамның жалпы интеллектісін айқындайтын басты фундаменталды фактор» (Jensen, 1969) деген баға беріледі. Біз бұл анықтаманы лингвистикалық интеллектінің ақыл-ой дәрежесін белгілеуде маңызы жеткілікті деп санаймыз. Дегенмен, бұл мәселеде вербалды интеллектінің өзіндік ерекшеліктері барын аңғару қиын емес. Осы себепті, біздің пікірімізше, екі ұғымның шекарасын нақты ажыратып алу қажет.

Интеллект түрлері жайлы теория авторы Г.Гарднер өз жұмысында белгілі ақын-жазушыларды жоғары лингвистикалық интеллект иелері дейді. Түрлі шығармалар, тілдік құбылыстар мен процестерді зерттей келе, ол «лингвистикалық интеллект – адам әрекетінің барлық саласын қамтитын ең маңызды қабілет» (Гарднер, 2007:180) деп көрсетеді. Ғалым интеллектінің бұл түрін таным және тіл құбылыстары аралығында зерделеудің маңызды екенін айтады. Жалпы, батыс зерттеулерінде бұл тұжырымдарды бірге қарау тенденциясы бар. «Вербалды немесе лингвистикалық интеллекті – индивидтердің кітап, журнал, дәріс және басқа түрлі көлемдегі лингвистикалық материалдарды түсіне алу қабілеті» (Sternberg, 1987:194). Пікір жоғарыда лингвистикалық интеллектіге берілген анықтамаларға қайшы келмейді. Керісінше, жеке тұлғаның тіл арқылы қоршаған ортаны танып, онымен байланысқа түсу қабілетін вербалды немесе лингвистикалық интеллектіге жатқызады. Бұдан бөлек, батыс зерттеушілері келесідей деректер ұсынады «сөздік қордың байлығы, оқылған ақпаратты игеру және жалпы эрудиция деңгейі вербалды интеллектінің негізі болып табылады» (Sternberg, 1987:194). Аталған жайт, екі ұғымның теңдей




қарастырылып келе жатқанын көрсетеді. Ақпараттың көбі вербалды түрде қабылданып, тасымалданатын болғандықтан оның лингвистикалық интеллект аясына кіруін заңды деп түсінеміз. Бірақ біз аталған екі құбылысты толық тең ұғымдар ретінде бағалай алмаймыз. Вербалды интеллект тілдік зияттың кей операцияларын жүзеге асыруға тікелей қатысады. Алайда лингвистикалық интеллект ақпаратты қабылдаумен ғана шектелетін қабілет емес. Ол тілді қолданудың барлық деңгейлерін қамтиды. Жалпы, лингвистикалық интеллект оқшау деп айта алмаймыз. Ол адамның ақыл-парасат деңгейінің көрсеткіші болып саналады. «Сөздік қор мен сауатты сөйлей алу қабілеті адам интеллектісін айқындаудың ең ұтымды және дұрыс жолы» (Matarazzo, 1972). *Осылайша, лингвистикалық интеллект* тек тілді қолдана алу қабілеті ғана емес, сонымен қатар, тіл арқылы жинақталған қомақты білім қоры болмақ. *Екіншіден*, бұл көрсеткіш шешен сөйлей алу дағдысы мен бай сөздік қордың жоғары интеллектінің дәлелі боларын көрсетеді. Осының негізінде лингвистикалық интеллектіні ойлау қабілетінің жоғары формасы ретінде қарастыруға болады. Ол жинақталған білім мен тәжірибе, қалыптасқан дағды, ұтқыр ойлау қасиетін білдіреді. Сәйкесінше, екі ұғым тең бола алмайды. Бірақ вербалды интеллект лингвистикалық интеллект аясына кіре алады.

Лингвистикалық интеллект ұғымы біздің ғылым үшін де таңсық емес. Мәселен, А.Байтұрсынұлы өзінің «Тіл-құрал» еңбегінде келесідей пікір білдіреді: «Тіл – адамның адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі. Сөйлегенде сөздің жүйесін, қисынын келтіріп сөйлеу қандай керек болса, жазғанда да сөздің кестесін келтіріп жазу сондай керек. Сөздің жүйесін, қисынын келтіріп жаза білуге: қай сөз қандай орында қалай өзгеріліп, қалайша біріне-бірі қиындасып, жалғасатын дағдысын білу керек» (Байтұрсынұлы, 2022:5). Ұлт ұстазы өз пайымында, ең алдымен, тілдің адамзат өміріндегі маңызын айқын көрсетеді. Одан бөлек, тілді орынды және дәл қолдана білудің табиғи заңдылықтары бар деп тұжырымдайды. Тіл мен сөздерді қисынды қолдану үшін нақты тәжірибе мен білімге ие болудың маңызы барын осы тұста аңғарамыз. Одан бөлек, ғалым ауызша сөйлеу мен тілді жазбаша қолданудың құндылығына мән берген. Бұл дегеніміз тілді барлық формада шебер қолдану дегенді аңғартады. Бұл біз қарастырып отырған «лингвистикалық интеллект» ұғымын білдіреді деп айтуға негіз бар. Келесі бір маңызды жайт, еңбекте тек аталған мәселелерден бөлек тұспалданып отырған тілдік шеберлікке жетудің әдістемелік қыры да зерттелген. Ол былайша көрінеді: «Тіл – құралда» «*дағдыландыру*», «*сынау*» деген сөздер ұшырайды. «Тіл – құралымен» балаларды оқытқанда һәр қағида иә ережені оқытқаннан кейін, балалар әбден түсіну үшін сөйлем, сөздерді, мақалдарды үлгіге алып, олардың ішінен қағида иә ережеге келетін жерлерін балаларға таптыртып, басқалардан айыртып үйрету» (Байтұрсынұлы, 2022:7). Еңбекте көрініс тапқан «*дағдыландыру*» және «*сынау*» терминдері қызығушылық тудырады. Біздің ойымызша, бұл тілдік шеберлікке, яғни лингвистикалық интеллектіні қалыптастыруға мүмкіндік беретін әдістеме. Түрлі ақпарат көздері, жаттығулар, оқу тәсілдері және сынау негізінде білім алушының тіл жайында нақты білімі мен көзқарасы қалыптасады. Ол дағдыландыру арқылы жүзеге асады. Нәтижесінде тілді барлық жағдайда қалыпты қолдана алатын, тілге толық иелік ететін тұлға



пайда болады. Біз лингвистикалық интеллект ұғымын зерттеуде бұл пайымды қолданбалы мазмұны бар деп есептейміз. Тілді шебер игеру мәселесі тәрбиемен де ұштасып жатыр. Мәселен, М.Жұмабаев «Педагогика» еңбегінде бала тәрбиесінің келесідей бағыттарын көрсетеді. Олар: дене тәрбиесі, ақыл тәрбиесі, сұлулық тәрбиесі, құлық тәрбиесі. Осының ішінде ақыл тәрбиесі біз қарастырып отырған мәселеге тікелей қатысты. Тәрбие турасында ол келесідей анықтама береді: «Түзу ойлайтын, дұрыс шешетін, дәл табатын дұрыс ақылды болса, сұлу сөз, нәзік үн, әдемі түрден ләззат алып, жаны толқынданарлық болса, жамандықтан жаны жиреніп, жақсылықты жаны тілеп тұратын құлықты болса, міне осындай болғанда адам баласының дұрыс тәрбие алып, шын адам болғандығы» (Жұмабаев, 1992:14). Мұнда назар аударатын бірінші жайт баланың жалпы интеллектуалды ахуалы. Яғни, тұлға ретінде қалыптасуда жоғары интеллект әрқашан басты орында тұрады. Әйтсе де аталған пікірде біз ақыл-ой қабілетінен кейін, баланың сұлу сөйлеп, әдемілікке құштар болуының өзіндік маңызын көреміз. Сондай-ақ, ол істің бала жанына қуаныш сыйлау керектігі де айтылады. Бұл дегеніміз, ең алдымен, тәрбиеленушінің өткір ойлай білу қабілетін дамытып, соның негізінде арнайы шебер сөйлеуге және эстетикалық жоғары талғамды қалыптастыруға болатынын аңғартады. Ұсынылған ғылыми пайым лингвистикалық интеллектіні оқытудан тыс, тәрбие процесі арқылы жүйелі негізде ғана жетілдіруге болатынын көрсетеді. Екінші жағынан, лингвистикалық интеллектінің құрамдас бөлшегі болып саналатын сөйлеу дағдысының талғам мәселесімен астасып жатқаны көрінеді. Бұл зерттеліп отырған құбылыстың мүлде жаңа қырын ашады. Осы түсінікке қазақ тіл білімі тұрғысында түрлі анықтамалар мен пікірлер берілген. Алайда нақты ғылыми атау ұсынылмаған. Осыған байланысты біз сан-алуан тұжырымдарды жүйелей отырып зерттеудің алдағы уақытта құндылығы зор деп санаймыз. Жинақталған ғылыми тұжырымдар мен деректерге сүйене отырып, біз төмендегідей қорытынды шығарамыз: **лингвистикалық интеллект** – адамның тілді мақсатқа сәйкес нақты қолдана отырып, терең лингвистикалық білімдер мен тәжірибелерге ие болуы. Бұдан бөлек, жеке тұлғаның бай сөздік қоры, тілдік операцияларды мүлтіксіз орындау қабілеті, қоршаған ортаны тіл арқылы қабылдау, қарым-қатынастың барлық формаларына қиындықсыз түсе алуы мен тілге толық иелік жасауын лингвистикалық интеллектінің белгілері ретінде тануға негіз бар. Отандық және шетелдік ғалымдардың ұсынған тұжырымдарын қорыта отырып, лингвистикалық интеллекті аясына кіретін және оның көрсеткіші болып есептелетін маңызды компоненттерді келесі сызба арқылы көрсетуге болады:



Сурет 1 – Лингвистикалық интеллектінің жүзеге асу формалары




Тілдік әрекет кез келген жағдайда вербалды механизмдер негізінде орындалады. Осыған байланысты, тілді ауызша және жазбаша сауатты қолданудың жоғары қабілетін лингвистикалық интеллект көрінісі деп бағамдаймыз. Алайда тілдік әрекеттесімнің бұл екі формасы біріге отырып, лингвистикалық интеллектіні құрамайды. Керісінше, екі дағдыны теңдей, жоғары дәрежеде пайдалану лингвистикалық интеллект белгісі болып саналады. Әрі жеке тұлғаның тілдік зияты тек осы екі компонент негізінде көрініс табады. Осы себепті біз аталған екі форманы лингвистикалық интеллектінің жүзеге асу компоненттері ретінде айқындаймыз. Оқу мен тәрбие процесі негізінде жинақталған білім қоры адам танымында тіл жайында нақты тәжірибелердің қалыптасуына жол ашады. Солайша, қалыптасқан лингвистикалық интеллект екі форма арқылы тұрақты даму сатысында болады.

Ұғым төңірегінде зерттеулер жалғасып келе жатыр. Анықталып отырған ғылыми нәтижелер түсініктің жүйесін талдауға да мүмкіндік береді. Лингвистикалық интеллектінің маңызды бірнеше аспектілерін көрсетуге болады. Олар: семантикалық компонент, фонологиялық компонент, синтаксистік компонент, прагматикалық компонент (Гарднер, 2007:184). Аталған түсініктер тіл үшін мүлде жат емес. Керісінше, лингвистикалық жүйенің басты элементтері деп есептеледі. Әр аспектінің өзіндік маңызы бар. Семантикалық компонент – тілдің лексикалық мәнін терең түсіне отырып, мағыналық тұрғыда сөздер мен тіркестерді мақсатқа сай дәл қолдануды көздейді. Аталған фактордың басты орында тұруы заңды. Тілді пайдаланушының сөздер мен тіркестердің мағынасын шеберікпен ажырата отырып, оны дәлме-дәл пайдалана білуі тіл табиғатын терең түсінуін көрсетеді. Лингвистикалық интеллект иелері ретінде саналатын ақын-жазушылардың шығармаларда мағынаны құбылта алуын осы қабілеттің ерекше көрінісіне жатқызуға болады. Фонологиялық компонент – сөздерді дыбыстауда олардың ішкі фонетикалық үйлесімділік қағидаларын сақтауды білдіреді. Бұл тілдің әуезділігі. Әсіресе, қазақ тілі үшін бұл компоненттің маңызы ерекше. Фонологиялық аспект шешен сөйлеу дағдысының маңызды бөлігі. Лингвистикалық интеллектінің маңызды жүзеге асу формасының бірін құрайды. Синтаксистік компонент – сөйлем құрылысын дұрыс сақтау, сөздер, сөз тіркесі және сөйлемдегі орын тәртібі қағидаларының жиынтығы. Фонологиялық аспект сөйлеу әрекетіне қатысты болса, бұл компонент тілді жазбаша қолдану қабілетінде маңызды рөл ойнайды. Одан бөлек, тіл нақты құрылымға негізделеді. Ол өз кезегінде синтаксистік жүйелермен айқындалады. Прагматикалық компонент – тіл мен оның элементтерін түрлі жағдайда қалай ұтымды пайдалануға болатынын аңғартады. Біздің ойымызша, жоғарыдағы 3 аспекті тілдегі фундаменталды білімдер жүйесін құрайды. Бірақ тіл мен оның бірліктерін нақты пайдалу қабілеті тек прагматикалық принциптермен белгіленеді. Аталған жайтты ескере келе, біз негізгі 3 компонент пен прагматикалық аспект арасында ерекше байланыс бар деп топшылаймыз. Былайша айтқанда, лингвистикалық интеллектіні айқындауда және оны көрсетуде прагматиканың орны бөлек. Сипатталып отырған 4 аспект қандай да болмасын тілдің ең басты заңдылықтары болып табылады. Тілді шебер игеру және қолдану үшін бұл принциптерді қатаң



сақтау мен білу өте маңызды. Осыған байланысты лингвистикалық интеллектісі жоғары тұлғаның бойынан аталмыш 4 негізгі қолданбалы білім табылуы тиіс. Соның негізінде ғана біз лингвистикалық интеллект жайлы пайымдай аламыз. Аталған дағдыларды толық игеру жоғары тілдік ақыл-ой туралы мағлұмат береді. Адамның өз әрекеті барысында көрсетілген компоненттерді игере алмауы керісінше оның төмендегін білдіреді. Ескеретін жайт, бір құрамдас бөліктің жеткіліксіз деңгейде болуы немесе мүлдем болмауы тілдік зияттың төмендігін көрсетеді. Лингвистикалық интеллектінің құрамдас ішкі компоненттерін келесідей көрсетуге болады:



Сурет 2 – Лингвистикалық интеллектінің құрамдас компоненттері

Жоғарыда көрсетілген компоненттер тілдің негізі екені ешқандай дау тудырмайды. Әр тармақтың лингвистикалық тұрғыда функциясы мен мәні бар. Олардың жинақтала отырып, дәл қолданылуы жоғары интеллектіні білдіреді. Алайда бұл дағдылардың қалыптасуы мен көрініс табуы кейбір жағдайларға тәуелді. Лингвистикалық интеллектіні құрайтын басты екі форманың сапалы жүзеге асуының өзіндік факторлары да бар. Әр компоненттің дұрыс қолданылуы жинақталған білім мен тәжірибе деңгейіне тікелей байланысты. Жалпы алғанда ауызша сөйлеу мен жазу формасы лингвистикалық интеллектінің репрезентациясы бола отырып, нақты тілдік тәжірибе мен операциялар арқылы орындалады. Бұл дегеніміз лингвистикалық интеллектіні құрайтын формалардың өзі кейбір ұғымдар мен құбылыстардан тұрады дегенді білдіреді. Оның ішінде бірінші тоқталуды қажет ететін – риторикалық аспект. Бұл дегеніміз тілді сөйлеу әрекеті негізінде шебер қолдану, тыңдаушыны әрекет етуге жетелеу, шешен сөйлей білу қасиеті. Мұны заңгерлер, ақындар, саясаткерлер, спикерлердің



айнымас қабілеті деуге болады (Гарднер, 2007:187). Осы себепті бұл қабілет ауызша сөйлеу формасына қатысты саналады. Өз кезегінде шешен сөйлеу қабілетін бірінші орынға қою лингвистикалық интеллектінің және жинақталған шынайы білім, тәжірибенің нақты көрінісі. Риторикалық қабілет ықпал ету функциясын атқаратын болғандықтан, прагматикалық белгіге де ие. Ол лингвистикалық интеллектінің айнымас бөлшегі. Бұдан тыс, қазақ халқының танымына тән шешендік өнер мен оның түрлерін де осы мәселе аясында қарастыруға болады. Сонымен қатар, риторикалық қабілет тілдік операциялардың ең ұтымды түріне жатады. Оны саралау жалпы ауызша сөйлеу қабілеті турасында нақты түсінік қалыптастыруға мүмкіндік береді. Екінші қарастырылатын – мнемоникалық аспект. Оның өзі тіл негізінде түрлі көлемдегі ақпараттарды есте сақтай алуды білдіреді. Яғни, тіл бұл жағдайда ақпаратты беруші ғана емес оны сақтаушы функциясын да атқарып тұр (Гарднер, 2007:187). Бұл мәселеде жеке тұлға мен тіл арасындағы байланыстың когнитивті аспектісін байқауға мүмкіндік бар. Солайша, тілдің танымдық бірлік екені айқындалады. Бұл жағдайда аталған тілдік операция жазбаша формаға өзек болады. Үшіншісі аспекті – тілдің түсіндіру қызметі. Демек, біздің күнделікті коммуникацияға түсу барысында әртүрлі ақпараттарды тіл көмегімен жеткізе алуымыз осыған жатады (Гарднер, 2007:187). Аталған контекстте дискурстық әрекеттесіммен қатар, дерек алмасудың барлық ерекшеліктерін жатқызамыз. Қарастырылып отырған функцияны ауызша сөйлеу мен жазбаша формаға бірдей тән деп санаймыз. Бұдан тыс, тіл аталған мәселеде жинақтаушы және өңдеуші қызметін де жүктеп алады. Төртінші аспектіні – тілдің металингвистикалық кеңістігі құрайды (Гарднер, 2007:187). Тіл – өз алдына жеке құбылыс. Оның өзіндік заңдылықтары мен қағидалары, тәуелсіз жұмыс атқаратын құрылымы, жеке аумағы бар. Тілді дұрыс қолдана алу туралы білім де осыдан келіп туындайды. Сол үшін аталған параметрді маңызды бөлік ретінде қарауға негіз бар. Бұл ұғым аясына тілдің структурасы мен ішкі жүйесі кіреді. Тілді ауызша қолдану мен сөйлеу әрекетінің өзі де нақты жүйе мен қағидаға негізделеді. Сол себепті ауызша форма тілдің бұл қалпынан тыс жүзеге аса алмайды.

Жоғарыда біз лингвистикалық интеллектінің маңызды екі формасы мен оның аясына кіретін аспектілерді көрсеттік. Тілдік зияттың бірінші компоненті болып есептелетін ауызша сөйлеу формасының өзі бірнеше тілдік операциялардан тұрады. Тоқтала кететіні ауызша сөйлеу және тілді жазбаша қолдану формалары сипатталып отырған тілдік қызметтермен тығыз байланысты. Біздің пікірімізше, тілдік операциялардың жоғарыда көрсетілген функциялары ауызша және жазбаша сөйлеу формаларын құрайды. Олар өз кезегінде нақты жүйеге негізделе отырып, лингвистикалық интеллектінің жүзеге асуын қамтамасыз етеді.



Сурет 3 – Тілдік операция және оның компоненттері

Отандық және шетелдік зерттеушілердің бақылауларына сүйене отырып, лингвистикалық интеллектінің ұғым ретіндегі ерекшелігі мен құрылымдық белгілерін айқындадық. Тілдік зияттың қызметі, кейбір белгілері және ішкі жүйесі әлі де зерделеуді қажет ететінін жоққа шығармаймыз. Алайда ұсынылған ғылыми пайымдаулар лингвистикалық интеллектінің өз алдына тәуелсіз және бөлек зерттеуді қажет ететін нысан екенін толық дәлелдейді. Соңғы кезеңдердегі әлеуметтік орта мен білім беру жүйесінде орын алған жаңашылдықтар лингвистикалық интеллектіні өзекті ұғымға айналдырды. Сонымен қатар, зерттеу объектісін қарастырудың жаңа бағыттарын айқындап берді. Өз кезегінде ұғымның бүгінгі ғылым парадигмасындағы орнын белгілеу үшін бұл мәселені де міндетті түрде ескеру қажет. Лингвистикалық интеллект тілдік құбылыс болғандықтан оны әлеуметтік қарым-қатынас аясынан шет қарауға болмайды. Кей зерттеушілер қоғам өкілдерімен оңай байланыс орната алу қабілетін интеллектінің маңызды қасиетіне жатқызады (Nikolaev, McGee, 2016). Келесі бір пікірлерде ұғым жеке тұлғаның әлеуметтік ортада әрекет ете алуы және іс жүзіндегі білім индикаторы ретінде тұжырымдалады (Schopolowski, Wilhelm, Schroeders, 2014). Аталған пайымдаулардан біз коммуникациялық аспектіні көреміз. Демек, тілді орынды қолдану әлеуеттік ортамен тиімді әрекеттесімнің негізі болып табылады. Т.Хант жоғары ақыл-ой қабілетінің ерекшелігі «тұлғалармен тиімді әрекеттесім орнату арқылы көрінеді» деген ой білдіреді (Hunt, 1980). Осылайша, лингвистикалық интеллектінің тікелей әлеуметтік коммуникация аясында саралануы қажеттігін аңғарамыз. Бұл тұжырым тілдік зияттың қоғамдық табиғатын көрсетіп, оны қарастырудың дербес бір арнасын қалыптастырады. Белгілі ғалым, этнограф Д.Кішібеков «Тілсіз бірде-бір халық та, жеке адам да жоқ. Тіл арқылы ел бір-бірімен араласады, түсінеді. Барлық түсініспеу тіл жетпегендіктен болады. Тілі байдың ойы бай. Тіл ойдың көрінісі. Тілмен сомдалмаған ой болмайды» деген пікір білдіреді (Кішібеков, 1999:45). Бұл тұжырым жоғарыдағы біздің пікірімізге сай келеді. Сондай-ақ, тілдің тұлға аралық байланыстан тыс, ой мен таным байлығын көрсететінін байқауға болады. Солайша, ақыл ойдың даму деңгейі тек тіл арқылы нақты айқындалады. Бұдан тыс, лингвистикалық интеллектінің мәдени аспектісі де бар деп санаймыз. Мысалға ғалым өз зерттеуінде «тіл арқылы



кез келген халықтың даму дәрежесін, оның тарихын, мәдениетін түсінуге болады» дейді (Кішібеков, 1999:45). Бұдан біз тілдің мәдени факторы бұлжымайтын заңдылық деген түйін шығарамыз. Сәйкесінше, тіл мәдени белгілерді иемдегенге жағдайда, интеллектінің одан тыс қалуы да мүмкін емес. Біздің пікірімізді қуаттайтын дәлелдер Г.Гарднердің жұмысында да кездеседі. Ғалым лингвистикалық интеллектінің мәдени астарына үңіліп, тарихи-тілдік дәлелдерге жүгінеді. Өз еңбегінде лингвистикалық интеллектіні ұлттық-мәдени фактор аясында қарастырылуы қажет деп теория ұсынады. Оған дәлел ретінде бірнеше жағдайды келтіреді. Мысалы: 1.көлемді мәдени-фольклорлық мұраларды есте сақтап, оларды мүдірместен айту; 2.түрлі халықтарда кездесетін тілдік сайыстар; 3.халықтардың мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестерді өз тұрмысына тән өндіре алуы; 4.дәстүрлі риторикалық өнер тәрбиесі (Гарднер, 2007:209). Зерттеушінің өз жұмысында ұсынған деректерімен келісуге болады. Түрлі халықтардың ұлттық мәдениетіне тән элементтер лингвистикалық дағдылардың дұрыс қалыптасуы мен дамуына ықпал етеді. Кейбір жағдайларды тіптен басты қызмет те атқарады. Бұған қазақ халқының этномәдени ерекшеліктерін мысал ете аламыз. Г.Гарднердің өз еңбегінде анықтаған критерийлері қазақ танымы аясында қарастырылып, лингвистикалық интеллектіні дамытудың тетігі ретінде зерделенуі керек. Тіл біздің ұлтымыз үшін ғасырлар бойы коммуникация құралынан бөлек, ұрпақтың таным көкжиегін кеңейтіп, ойлау қабілетін жетілдірудің практикалық тәсілі болып келді. Оған қазақ мәдениетіне тән фольклор мұраларының дидактикалық қызметін, айтысты, дәстүрлі шешендік өнерді жатқызуға болады. Жалпы, бұл нәрсе лингвистикалық интеллектінің этномәдени аспектісі туралы ой тудырады. Екіншіден, тілдік зияттың халықтық тәрбие ұғымы тұрғысында қаралу мүмкіндігін де көрсетеді. Ерте кезеңдерден бері тіл дидактикалық қызмет атқарып, білімнің қайнар көзі болды. Жазу өнері қалыптасқаннан кейін де бұл функция күшейе түсті. Сол себепті лингвистикалық интеллектінің пайда болу мен даму ерекшеліктері жайлы объективті тұжырым қалыптастыруда тілдің мәдени-тарихи факторын тысқары қалтыру қателік деп санаймыз. Түрлі ұстанымдарды ескерін болсақ, қазіргі уақытта лингвистикалық интеллект ұғымын тілдік, әлеуметтік, мәдени, тарихи бағыттарда қарастыру қажеттігі байқалады. Біздің ойымызша, бұл ұғымның аса ауқымды және күрделі құбылысқа айналғанын дәлелдейді. Сонымен қатар, қазіргі уақытта жасанды интеллектінің кеңінен қолданылуы және сандық кеңістік жағдайы тұжырым төңірегінде жаңаша зерттеулер жүргізуге де болатынын көрсетеді.

Қорытынды

Қорыта айтқанда, лингвистикалық интеллект – өзінің дербес жүйесі бар, адамның интеллектуалды деңгейін айқын көрсететін және жеке тұлғаның дамуында маңызы қызмет атқаратын ұғым. Бүгінгі ғылым жағдайында ол әлі күнге дейін толық зерделеніп, тиісті бағасын алған жоқ. Зерттеу нәтижесінде ұғымның формасы, құрамдас бөлшектері, ерекшеліктері мен зерттелу бағыттарының бар екендігіне көз жеткізіп отырмыз. Бұл ұғымды нақты ғылыми нысан ретінде қарастыру керектігін білдіреді. Біздің өз зерттеуімізде айқындаған мәселелер мен деректер лингвистикалық интеллектіні бірнеше аспектіде, жаңа тәсілдерге сүйене отырып зерттеу қажеттілігін айғақтап отыр.



ӘДЕБИЕТ

- [1] Гарнер Г. Структура разума: теория множественного интеллекта. – Москва: Вильямс, 2007. – 801 с.
- [2] Hunt T. «Intelligence as an information-processing concept»// British journal of psychology. – 1980. Iss 71. – P. 449-471.
- [3] Moghadasin M. Dibajnia P. «Verbal and practical intelligence in general anxiety, obsessive compulsive and major depression disorders» // European Review of Applied Psychology. – 2021. – Iss. 71(1).
- [4] Perkell S. «Movement goals and feedback and feedforward control mechanisms in speech production» // Journal of Neurolinguistics. – 2012. – Iss. 25(5). – P. 382-407.
- [5] Sternberg R. Beyond IQ: A triarchic theory of human intelligence. – Cambridge: Cambridge University Press, 1987. – 411 p.
- [6] Bohland J. Bullock D. Guenther F. «Neural Representations and Mechanisms for the Performance of Simple Speech Sequences» // Journal of Cognitive Neuroscience. – 2010. – Iss. 22(7). – P. 1504–1529.
- [7] Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. – Астана: Алашорда, 2022. – 384 б.
- [8] Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 160 б.
- [9] Нұрғалиев Р. Философиялық сөздік - Алматы: Қазақ.энц баспасы, 1996. – 525 б.
- [10] Fernando F. Zablotskaya K. Minker W. «Text categorization methods for automatic estimation of verbal intelligence» // Expert Systems with Applications. – 2012. – Iss. 39(10). – P. 9807-9820.
- [11] Jensen A. How much can we boost IQ and scholastic achievement? – Cambridge: Harvard Educational Review, 1969. – 123 p.
- [12] Matarazzo J. Wechsler's measurement and appraisal of adult intelligence (5th ed.) - Baltimore: Williams & Wilkins, 1972. – 572 p.
- [13] Nikolaev B. McGee J. «Relative verbal intelligence and happiness» // Intelligence. – 2016. – Iss. 59. – P. 1-7.
- [14] Schipolowski S. Wilhelm O. Schroeders U. «On the nature of crystallized intelligence: the relationship between verbal ability and factual knowledge» // Intelligence. – 2014. – Iss. 46. – P. 156-168.
- [15] Кішібеков Д. Қазақ менталитеті: кеше, бүгін, ертең. – Алматы: Ғылым, 1999 – 200 б.

REFERENCES

- [1] Bajtursynuly, A. (2022). Til-kural [Language-tool]. Alashorda. Astana. (In Kazakh)
- [2] Bohland, J. Bullock, D. Guenther F. (2010). «Neural Representations and Mechanisms for the Performance of Simple Speech Sequences». Journal of Cognitive Neuroscience, Iss. 22(7), P. 1504–1529.
- [3] Fernando, F. Zablotskaya, K. Minker, W. (2012). «Text categorization methods for automatic estimation of verbal intelligence». Expert Systems with Applications, Iss. 39(10), P. 9807-9820.
- [4] Garner, G. (2007). Struktura razuma: teoriya mnozhestvennogo intellekta [The structure of the mind: the theory of multiple intelligence]. Vil'jame. Moskva. (In Russian)



- [4] Jensen, A. (1969). «How much can we boost IQ and scholastic achievement?». Harvard Educational Review. P 123.
- [5] Kіshіbekov, D (1999). Qazaq mentalitetі: keşe, бүгін, ертең [Kazakh mentality: yesterday, today, tomorrow.]. Ğylym. Almaty. (In Kazakh)
- [6] Matarazzo, J (1972). Wechsler's measurement and appraisal of adult intelligence (5th ed.) - Williams & Wilkins. Baltimore, P. 572.
- [7] Moghadasin, M. Dibajnia, P. (2021) «Verbal and practical intelligence in general anxiety, obsessive compulsive and major depression disorders». European Review of Applied Psychology, Iss. 71(1).
- [8] Zhumabaev, M. (1992). Pedagogika [Pedagogy]. Ana tili. Almaty. (In Kazakh)
- [9] Hunt T (1980). «Intelligence as an information-processing concept». British journal of psychology . Iss 71, P. 449-471.
- [10] Nūrǵaliev, R. (1996). Filosofıalyq sөzdіk [Philosophical Dictionary]. Qazaq.ens baspasy. Almaty. (In Kazakh)
- [11] Perkell, S. (2012). «Movement goals and feedback and feedforward control mechanisms in speech production». Journal of Neurolinguistics, Iss. 25(5), P. 382-407.
- [12] Sternberg, R. (1987). Beyond IQ: A triarchic theory of human intelligence. Cambridge University Press. Cambridge.
- [13] Nikolaev, B. McGee, J. (2016). «Relative verbal intelligence and happiness». Intelligence, Iss. 59, P. 1-7.
- [14] Schipolowski, S. Wilhelm, O. Schroeders, U. (2014) «On the nature of crystallized intelligence: the relationship between verbal ability and factual knowledge». Intelligence, 2014, Iss. 46, P. 156-168.
- [15] Kіshіbekov D. Qazaq mentaliteti: keşe, бүгін, ертең. – Almatı: Ğılım, 1999 – 200 b. [Kishibekov D. Kazakh mentality: yesterday, today, tomorrow. – Almaty: Nauka, 1999 – 200 p.]

A.A. Altay, A.M. Abyzova, B.Zh. Karimova*

THE CONCEPT OF «LINGUISTIC INTELLIGENCE» IN THE PARADIGM OF MODERN SCIENCE

Annotation. The scientific article examines the main problems of studying the concept of «linguistic intelligence» in the space of modern science. The purpose of the study is to identify the features, the formation of the term «linguistic intelligence» and the structure of this phenomenon. Due to the growing influence of globalization and digitalization, the increase in the linguistic potential of the individual has become an urgent problem. Having fundamentally studied this concept, which is an expression of human mental abilities, the main scientific task is realized – the formation and development of linguistic intelligence, the establishment of forms of implementation, the description of basic linguistic operations based on scientific data. The research methodology includes lexicographic analysis, approaches of conceptual differentiation and structural modeling, which make it possible to clearly define the concept of linguistic intelligence. Based on the concepts and observations given by domestic and foreign scientists about the phenomenon under study, its main features were identified. Also, the results of recent studies show the specific features of linguistic intelligence. The presented models and schemes are formed as a result of differentiation of actual

scientific evidence. The main conclusions proved that linguistic intelligence currently requires careful study. The study shows the objectivity of obtaining new scientific results by revealing the features of the term. The practical significance of the work is determined by the designation of the problem of its formation and development based on the concept of linguistic intelligence.

Keywords: intelligence; linguistic intelligence; verbal intelligence; language operations; communication; rhetoric; metalinguistic aspect.

Алтай А.А., Абызова А.М., Каримова Б.Ж.*
ПОНЯТИЕ «ЛИНГВИСТИЧЕСКИЙ ИНТЕЛЛЕКТ» В ПАРАДИГМЕ
СОВРЕМЕННОЙ НАУКИ

В научной статье рассматриваются основные проблемы изучения понятия «лингвистический интеллект» в пространстве современной науки. Цель исследования – выявить особенности, формирование термина «лингвистический интеллект» и структуру данного явления. В связи с ростом влияния глобализации и цифровизации актуальной проблемой стало повышение лингвистического потенциала личности. Фундаментально изучив данное понятие, которое является выражением умственных способностей человека, реализуется основная научная задача – формирование и развитие лингвистического интеллекта, установление форм реализации, описание основных языковых операций на основе научных данных. Методология исследования включает в себя лексикографический анализ, подходы концептуальной дифференциации и структурного моделирования, позволяющие четко определить понятие лингвистического интеллекта. Опираясь на концепции и наблюдения, данные отечественными и зарубежными учеными об изучаемом явлении, были выявлены его основные черты. Также результаты последних исследований показывают специфические особенности лингвистического интеллекта. Представленные модели и схемы сформированы в результате дифференциации фактических научных доказательств. Основные выводы доказали, что лингвистический интеллект в настоящее время требует тщательного изучения. Исследование показывает, объективность получения новых научных результатов раскрывая особенности термина. Практическая значимость работы определяется обозначением проблемы ее формирования и развития на основе понятия лингвистического интеллекта.

Ключевые слова: интеллект; лингвистический интеллект; вербальный интеллект; языковые операции; коммуникация; риторика; металингвистический аспект.

ӘОЖ 811.111-26

ГТАХР 16.01.45

DOI 10.37238/2960-1371.2960-138X.2025.97(1).11

Асетова А.Л.**Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті,****Павлодар, Қазақстан**

E-mail: Lemonfeels@mail.ru

**ӘДЕБИ КАРТАЛАРДЫ "ӨЗІНДІК ОҚУ" КУРСЫНДА МӘТІНДІ ТЕРЕҢ
ТАЛДАУ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ ПАЙДАЛАҢУ**

Аңдатпа. Әдеби карталар - әдебиет курстарында мәтінді талдауды жақсартудың динамикалық құралы. Мақалада әдеби карталарды оқу іс-әрекетіне интеграциялау бойынша практикалық ұсыныстар келтірілген, бұл олардың әдеби талдауды жақсарту және белсенді оқытуды ынталандыру әлеуетін көрсетеді. Әдеби карталар - үйде оқу курсының бөлігі ретінде мәтінді талдауды жақсартудың қуатты құралы. Көрнекі негізді қамтамасыз ете отырып, олар студенттерге ақпаратты жүйелеуге, байланыстарды анықтауға және әдеби мәтінге тереңірек енуге көмектеседі.

Кілт сөздер: әдеби карталар; мәтінді талдау; үйде оқу; ағылшын әдебиеті; сыни ойлау; белсенді оқыту; педагогикалық құралдар.

Kipicne

"Өзіндік оқу" курсы студенттердің ағылшын әдебиеті саласындағы аналитикалық және интерпретациялық дағдыларын дамытудың негізі болып табылады. Е.В. Челпанова (2016) ағылшын әдебиеті бойынша дәрістерге негізделген Курс студенттерді ағылшын әдебиетіндегі негізгі әдеби шығармалармен, тақырыптармен және бағыттармен таныстырады. Алайда көптеген студенттер, әсіресе ағылшын тілін екінші тіл ретінде үйренушілер, көркем мәтіндердің күрделілігін түсінуде қиындықтарға тап болады.

Әдеби карталар мәтіндерді түсінуге визуалды негіз бола отырып, осы мәселелердің шешімін ұсынады. Бұл құрал ақпаратты ұйымдастыруға, жасырын байланыстарды анықтауға және материалды қабылдауды тереңдетуге мүмкіндік береді. Бұл мақалада мәтінді терең талдауды дамытудағы әдеби карталардың рөлі қарастырылады және оларды "Өзіндік оқу" курсына біріктіру әдістемесі ұсынылады.

Материалдар мен зерттеу әдістері

Ақыл-ой карталары мен графикалық ұйымдастырушылар сияқты визуалды құралдар білім берудегі тиімділігімен бұрыннан белгілі. Зерттеулер көрсеткендей, мұндай құралдар абстрактілі ұғымдарды анағұрлым нақты және қол жетімді ету арқылы түсінуді жақсартады. Әдебиеттану контекстінде әдеби карталар әсіресе құнды. Өйткені олар мәтіндік талдау элементтерін визуалды бейнелеумен



біріктіріп, студенттерге мәтіндермен бірнеше деңгейде өзара әрекеттесуге мүмкіндік береді.

"Ағылшын әдебиетіндегі дәрістер" оқулығы (Челпанова, 2016) әдеби карталарды құрудың тамаша негізі болып табылады. Онда ағылшын әдебиетінің тарихы мен оның негізгі шығармаларына құрылымдық шолу бар. Осы курста оқылған мәтіндердің негізгі элементтерін сәйкестендіру арқылы студенттер тақырыптар, кейіпкерлер және тарихи контекст арасындағы байланысты жақсы түсіне алады.

Зерттеу нәтижелері

Әдеби карта-әдетте мыналарды қамтитын көркем мәтіннің графикалық бейнесі:

Кейіпкерлер: олардың қарым-қатынасы, мінез ерекшеліктері және баяндаудағы рөлі.

Сюжет: негізгі оқиғалар және олардың хронологиялық немесе тақырыптық байланыстары.

Тақырыптар: орталық идеялар және олардың мәтіндегі көріністері.

Қоршаған орта: физикалық және символдық орындар.

Рәміздер мен мотивтер: мәтінге терең мағына беретін қайталанатын элементтер.

Әдеби карталарды курсқа енгізу қадамдары.

1. Мәтінді таңдау

"Өзіндік оқу" курсы үшін ағылшын әдебиеті бойынша дәрістерден мәтіндер таңдалады. Бұл мәтіндер, соның ішінде Шекспир, Диккенс және Остин шығармалары, бай баяндау құрылымы мен тақырыптық тереңдігіне байланысты әдеби дисплей үшін өте қолайлы.

2. Әдеби карталармен танысу

Мұғалім ертегілер немесе танымал әңгімелер сияқты қарапайым мысалдарды қолдана отырып, әдеби карталар тұжырымдамасымен таныстырады.

3. Топтық және жеке тапсырмалар

Студенттер топтарға бөлінеді немесе берілген мәтіндердің карталарын жасау үшін жеке жұмыс істейді. Әр топ картаның белгілі бір аспектісіне арналған:

1-топ: кейіпкерлердің қарым-қатынасы.

2-топ: сюжеттің құрылымы.

3-топ: тақырыптық талдау.

4-топ: символизм және мотивтер.


4. Презентация және талқылау

Карталарды жасағаннан кейін студенттер өз нәтижелерін аудиторияға ұсынады. Бұл кезең ынтымақтастыққа ықпал етеді және мәтінді әр түрлі түсіндіруге мүмкіндік береді.


5. Рефлексия және кері байланыс.

Студенттер бұл процесс туралы ойланып, әдеби картаны құру олардың мәтінді түсінуіне қалай әсер еткенін талқылайды. Оқытушы да кері байланыс береді.


Келесі әдеби карталар "Өзіндік оқу" курсынағы 1-курс студенттері, "Ағылшын тілі әдебиеті және медиадидактика" топтарының жұмыстары. Міо интерактивті тақтасындағы жұмыстарын көре аласыздар. Бұл жерде барлық он лекция, барлық кезеңдер қамтылған. Әр нүктеде қосымша ақпарат берілген (сурет-3).



1-Сурет



2-Сурет



3-Сурет



4-Сурет



"Өзіндік оқу" курсына әдеби карталарды пайдалану бірқатар артықшылықтарды көрсетеді:

1. Мәтінді түсіну жақсарады

Студенттер кейіпкерлер мен оқиғалар арасындағы қарым-қатынас туралы нақты түсінік туралы хабарлады. Мысалы, Шекспирдің "Макбетін" сәйкестендіру студенттерге кейіпкердің моральдық құлдырауын және оның амбиция мен тағдыр сияқты тақырыптармен байланысын бақылауға көмектесті.

2. Тақырыптармен және белгілермен өзара әрекеттесу

Әдеби карталар оқушыларды тақырыптар мен белгілерді тереңірек талдауға итермеледі. Диккенстің "Үлкен үміттерін" зерттей отырып, студенттер әлеуметтік ұтқырлық пен жеке сатып алудың қайталанатын мотивтерін анықтады, олар өз карталарында айқын көрсетті.

3. Сыни ойлауды дамыту

Мәтіндік элементтерді бір құрылымға біріктіру арқылы студенттер ақпаратты талдау және синтездеу қабілетін жақсарттады. Бұл дағды олардың оқытушы ретіндегі болашақ жұмысы үшін ерекше құнды.

4. Ынтымақтастық және өзара оқыту.

Топтық жобалар студенттерге идеялармен бөлісуге және бір-бірінің түсіндірмелеріне қарсы тұруға мүмкіндік берді, бұл бірлескен оқу ортасын құруға ықпал етті.

Әдеби карталардың практикалық қолданылуын көрсету үшін үйде оқу курсының студенттері Джейн Остиннің "Мақтаныш пен алауашылық" картасын жасады. Картаға мыналар кірді:

Кейіпкерлердің қарым-қатынасы: Элизабет Беннетт, Дарси мырза және басқа кейіпкерлер арасындағы байланыстарды визуализациялау.

Негізгі тақырыптар: махаббат, әлеуметтік жағдай және жеке өсу тақырыптарын бөлектеу.

Параметр: Пемберли мен Лонгборн сияқты жерлердің маңыздылығын көрсетеді.

Бұл жаттығу Остиннің өмір сүрген ортасы кейіпкерлердің дамуы мен әлеуметтік нормаларды қалай көрсететінін көрсетті, бұл студенттердің роман туралы түсінігін байытты.

Әдеби карталар-үйде оқу курсының бөлігі ретінде мәтінді талдауды жақсартудың қуатты құралы. Көрнекі негізді қамтамасыз ете отырып, олар студенттерге ақпаратты жүйелеуге, байланыстарды анықтауға және әдеби мәтінге тереңірек енуге көмектеседі. Бұл әдіс әсіресе Е.В. Челпанованың (2016) ағылшын әдебиетіндегі дәрістерінде оқылған шығармалар үшін тиімді, өйткені ол оқулықтың құрылымы мен тақырыптық талдауға баса назар аударуына сәйкес келеді.

Қорытынды

Болашақ зерттеулер әдеби карталарды жасау үшін цифрлық құралдарды пайдалануды, сондай-ақ оларды әртүрлі жанрларда және білім берудің әртүрлі деңгейлерінде қолдануды зерттей алады. Әдеби карталарды оқу бағдарламасына



біріктіру арқылы оқытушылар студенттердің қарқынды және интерактивті білім алуына ықпал ете алады.

ӘДЕБИЕТ

- [1] Челпанова, Е. В. (2016). Лекции по английской литературе. Москва: Издательство гуманитарной литературы. с. 12-34, 56-87
- [2] Brown, J. (2019). Graphic organizers in literature education: Enhancing textual analysis. London: Academic Press. pp. 45-78
- [3] Smith, R. (2015). Literary maps and their role in developing critical thinking skills. New York: Educational Horizons Publishing. pp. 102-146
- [4] Козлов, П. А. (2018). Визуализация информации в образовательных практиках: Теория и методы. Санкт-Петербург: Издательство «Просвещение». с. 98-120
- [5] Johnson, L., & Freeman, T. (2017). Teaching English literature: Tools and strategies for visual learning. Boston: Learning Works. pp. 66-89

REFERENCES

- [1] Chelpanova, Ye. V. (2016). Leksii po angliyskoy literature. Moskva: Izdatel'stvo gumanitarnoy literatury. s. 12-34, 56-87 [Chelpanova, E. V. (2016). *Lectures on English Literature*. Moscow: Publishing House of Humanitarian Literature. pp. 12-34, 56-87].
- [2] Braun, Dzh. (2019). Graficheskiye organayzery v literaturnom obrazovanii: uluchsheniye tekstovogo analiza. London: Academic Press. str. 45-78 [Braun, Dzh. (2019). *Graficheskiye organayzery v literaturnom obrazovanii: uluchsheniye tekstovogo analiza*. London: Academic Press. str. 45-78].
- [3] Smit, R. (2015). Literaturnyye karty i ikh rol' v razvitii navykov kriticheskogo myshleniya. N'yu-York: Educational Horizons Publishing. str. 102-146 [Smit, R. (2015). *Literaturnyye karty i ikh rol' v razvitii navykov kriticheskogo myshleniya*. N'yu-York: Educational Horizons Publishing. str. 102-146].
- [4] Kozlov, P. A. (2018). Vizualizatsiya informatsii v obrazovatel'nykh praktikakh: Teoriya i metody. Sankt-Peterburg: Izdatel'stvo «Prosveshcheniye». s. 98-120 [Kozlov, P. A. (2018). *Information visualization in educational practices: Theory and methods*. St. Petersburg: Prosveshchenie Publishing House. pp. 98-120].
- [5] Johnson, L., & Freeman, T. (2017). Teaching English literature: Tools and strategies for visual learning. Boston: Learning Works. pp. 66-89 [Dzhonson, L. i Frimen, T. (2017). *Prepodavaniye angliyskoy literatury: instrumenty i strategii vizual'nogo obucheniya*. Boston: Learning Works. str. 66-89].

Асегова А.Л.

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ЛИТЕРАТУРНЫХ КАРТ В КАЧЕСТВЕ ИНСТРУМЕНТА ГЛУБОКОГО АНАЛИЗА ТЕКСТА В КУРСЕ "САМОСТОЯТЕЛЬНОЕ ОБУЧЕНИЕ"

Аннотация. Литературные карты - динамический инструмент для улучшения анализа текста в литературных курсах. В статье представлены практические рекомендации по интеграции литературных карт в учебную деятельность, что показывает их потенциал для улучшения литературного анализа



и стимулирования активного обучения. Литературные карты - мощный инструмент для улучшения анализа текста как части курса домашнего обучения. Обеспечивая визуальную основу, они помогают учащимся систематизировать информацию, выявлять связи и глубже погружаться в литературный текст.

Ключевые слова: литературные карты; анализ текста; домашнее чтение; английская литература; критическое мышление; активное обучение; педагогические инструменты.

Asetova Aizhan

THE USE OF LITERARY MAPS AS A TOOL FOR DEEP TEXT ANALYSIS IN THE COURSE "SELF-STUDY"

Annotation. Literary maps are a dynamic tool for improving text analysis in literary courses. The article presents practical recommendations on the integration of literary maps into educational activities, which shows their potential to improve literary analysis and stimulate active learning. Literary maps are a powerful tool for improving text analysis as part of a homeschooling course. By providing a visual framework, they help students organize information, identify connections, and delve deeper into the literary text.

Keywords: literary maps; text analysis; home reading; English literature; critical thinking; active learning; pedagogical tools.

ӘОЖ 82-3

ГТАХР 17.82.94

DOI 10.37238/2960-1371.2960-138X.2025.97(1).12

Сұлтанғалиева Р.Б., Ибатолла А.Т.**М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Орал, Қазақстан**
E-mail: r.sultangalieva@mail.ru, ibatolla18@mail.ru**МЕМУАРЛЫҚ ПРОЗАДАҒЫ ШЫҒАРМАШЫЛ ТҰЛҒАНЫҢ КӨРКЕМ
БЕЙНЕСІ: ОЙ ӘЛЕМІ ЖӘНЕ ПОРТРЕТТЕР ТИПОЛОГИЯСЫ**

Аңдатпа. Зерттеудің мақсаты – қазақ әдебиетіндегі мемуар жанрының ерекшеліктерін айқындау, мемуарлық шығармаларды зерделеу, шығармалардың тілі мен табиғатына тоқталу. Мемуар жанрында жазылған шығармалардың баяндау бірлігін талдау, көркем бірлік тұрғысынан зерделеу.

Бұл мақалада қазақ әдебиетіндегі мемуарлық жанрдың табиғаты туралы сөз қозғалады. Қазақ әдебиетінде мемуарлық жанр ерте дами бастады. Өз алдына бөлек жанр ретінде өзіндік типологиясымен ерекшеленетін бұл жанрдың тарихы өте ертеден, Орхон-Енисей жазбаларынан бастау алған. Мақалада мемуарлық жанрдың формалары мен жазылу түрлеріне қарай талдау жасалады.

Мемуарлық жанрдың түрлеріне естелік, автобиография, естелік мемуар, хат, күнделіктер жатады. Автордың баяндауына қарай мемуарлық жанрдың ерекшеліктерін байқауға болады. Кейбір шығармаларда үзік-үзік естеліктер жазылса, ал кейбіреуінде балалық шағынан бастап автор өзі тоқтаған өмірінің кезеңіне дейін жазады. Өмірінің соңына дейін жазу не жазбауды автор өзі шешеді. Өмірінің белгілі бір кезеңіне дейін жазуды жөн көруі де мүмкін. Мемуарлық шығармалар арқылы біз сол замандағы халық мұраты мен ұлт тағдырын, халық үнін ести аламыз. Тарих жалпылама жазылатын болса, мемуарда біз жеке бір тұлғаның өзіндік ойы мен өзіне аян шындығын білеміз. Мемуар жанры жалаң баяндаудан тұрмайды. Олай болса, оқырманды еліктіре алмас еді. Баяндау шеберлігі, образды жасау тәсілдері, характерді ашатын диалогтар құруы, мінездеме мен портреттерді жазу жолдары ерекше рөл ойнайды.

Мемуарлық шығармалардың ішіндегі М.Мағауин, Ә.Нұршайықов, Қ.Жұмаділов сынды жазушылардың романдарындағы шығармашыл тұлғаның бейнесі талқыланады. Аталған авторлардың өзіндік қолтаңбалары мен жазу стильдері айқындалады. Шығармаларға арқау болған өмір шындығы мен көркемдік ізденістері, автор мен кейіпкер өзара байланысы танылады. Мемуарлық жанр мен тарихи романдардың аражігі айқындалады. Мемуарлық шығармада тарихты берудің, шындықты жеткізудің көркемдік тәсілдері, автордың қалай жүзеге асырғандығы жайлы сөз болады.

Кілт сөздер: проза; мемуар; автобиография; мемуар роман; күнделік; естелік мемуар.

*Kipicne*


Қазақ көркем әдебиетінде мемуарлық шығармалар – жанрлық типологиясымен ерекшеленетін, өзіндік орны бар әдебиеттің бір жанры. Мемуарлық шығарма деп қандай да бір заманда өмір сүрген атақты адамның өмірі туралы жазылған деректі туындыларды айтамыз. Дегенмен мемуарлық шығармалар ішінара автобиографиялық және эпистолярлық мемуарлық шығармалар деп жіктеледі. Қазақ әдебиеті небір автобиографиялық туындыларға, роман, повесть, әңгімелерге бай. Автобиографиялық туындылардың өзіндік ерекшелігі шығарма автордың өмірінен тікелей алынған. Шығарманың кейіпкері автордың өзі болып келеді. Автор өз өмірінен ауытқымайды, әрі шығарма желісі тек бір-екі желіге ғана құралады. Уақыт пен кеңістік туралы ойларын автор өз өмірінен ала отырып, қоғам шындығын баса бейнелейді. Мысалы, Ғ.Мүсіреповтің өз өмірі туралы жазған «Автобиографиялық әңгімесі» соның дәлелі іспеттес.

Мемуарлық шығармалардың тағы бір тармағы мемуар деп аталады. Көркем әдебиетте мемуарлық прозада роман, повесть, әңгімелер жазылған. Мемуарлық проза автордың өмірнамасын бейнелеумен ерекшеленеді. Қазақ әдебиетінде мемуарлық жанрға С.Мұқанов, Ә.Нұршайықов, М.Мағауин, Қ.Жұмаділов, Қ.Мырзалиев шығармаларын жатқызамыз. Автор шығармасында балалық шағынан бастап сипаттайтын болса автобиографиялық-мемуар деп аталғаны жөн. Ал егер, шығарма автордың үлкейген шағынан басталып, шығармада мемуарлық детальдар аз болса, жазушы естелігі арақидік аз айтылса, онда бұл туындыларды естелік мемуарлар деп атаймыз [1, 56]. Мемуарлық шығармалар тек жазушының естелігінен тұруы қажет деген жаңсақ пікір екенін ескереміз. Себебі, мемуарлық жанр тек автордың естелігінен тұрса, жазушының күнделігі іспетті болып кетері анық. Қазақ әдебиетінде мемуарлық жанр қанша кемелдене түссе де, жанрлық жағынан аражігін ажырататын мәселелер әлі де көп екенін байқаймыз [2, 301]. Мемуарлық жанрдың қалыптасуына, дамуына орыс әдебиетінің әсер еткені рас. Дегенмен, қазақ мемуарлық жанрының тарихы сонау түркі кезінен бастау алған. Оның бірден-бір дәлелі – Орхон-Енисей жазба ескерткіштері. Ескерткіштен мемуарлық детальдарды байқауға болады. Ескерткіштер мен автобиографиялық элементтерді көреміз. Алғашқы мемуарлық белгілер тек автордың артынан із қалдыру мақсатынан тумаған секілді. Себебі, Тоныкөктің жазуынан тек өмірде болғанын, тарихты ғана қалдыруды мақсат етпей, Түркі еліне халықтың тәрбиесін, мақсат-мұратын бірге жеткізуді көздегендей. Алғаш өмірбаяндық элементтерді осы ескерткіштерден байқаймыз.

Көркем әдебиетте сан қилы тарихты бейнелеудің бірнеше тәсілі бар. Соның ішінде ең өнімді әрі танымалы мемуарлық шығармалар арқылы шындықты, тарихты жеткізу болып табылады [3,167]. Мемуарлық жанрдың ерекшелігі – тарихи дәлдігінде. Тарих мемуар жанрында да байқалады. Дегенмен, тарихи романдарда мемуардағыдай бір адамның өмірбаяның жіпке тізгендей тізіп отырмайды. Әрі тарихи шығармаларда автор өз көзімен ғана сараламайды, жұрттан естігені, түйгені бәрін кейіпкерлері арқылы жеткізіп отырады. Мемуар жанрында кейіпкері өзі болса, тарихи шығармаларда олай болмайтындығын білеміз. Тарихи шығармаларда басты кейіпкерді толықтыру үшін, оның болмысын ашу мақсатында кейбір оқиғаларды автор өзі қиылыстырып, ойдан шығаруы да

мүмкін. Ал мемуарлық жанрда ойдан шығару емес, асқан дәлдік пен нақтылықты қажет етеді [4].

Мемуарлық жанр – прозалық ізденістен туған әдебиеттің бір түрі. Өз заманының тарихынан сыр шертетін, автор өмір сүріп отырған заманның айнасы іспеттес. Өмірбаян біреу болса да, оның оқырманға берудің, ұсынудың жолы бірнеше. Сол себепті де мемуарлық жанрдың формалары әртүрлі. Кейбір жазушылар тек қана үзік-үзік естелік түрінде жазса, кейбірінде автор басынан аяғына дейін үшінші жақтан баяндау түрінде жазатындығын байқаймыз [5].



Зерттеу материалдары мен әдістері

Қазақ әдебиетіндегі мемуарлық жанрдың көрінісін, табиғатын зерттеу және ерекшелігін анықтау үшін осы уақытқа дейінгі ғылыми тұжырымдамалар мен еңбектерге тоқталып, ондағы мемуар жайындағы теориялар мен материалдарға талдау жұмыстары жүргізілді.

Мақалада мемуар жанрының ерекшеліктерін, жазылу формасын анықтауға тырысамыз. Мемуар жанрында жазылған шығармаларға тоқталып, бір-бірімен салыстыра талдаймыз. Бұл мақалада Қ.Жұмаділов, Ө.Нұршайықов, М.Мағауиннің мемуарлық шығармалары негізге алынды. Тәуелсіздік кезінде жарық көрген мемуарлық шығармалардың ерекшелігі туралы мәселелер кеңінен сөз етілді. Аталған жазушылардың мемуарлық шығармаларын салыстыру, талдау әдістері арқылы мемуарлық прозадағы шығармашыл тұлғаның көркем бейнесі: ой әлемі және портреттер типологиясы анықталады.

Талқылау мен бақылау

Мемуарлық жанр қандай формада берілсе де, оның тууына себеп болатын автордың өмірі, оның қоғамындағы әртүрлі құбылыстар, өзгерістерді бастан кешуі. Мемуарлық шығармалар көбіне үлкен оқиғаны бастан кешіріп, ойларын, көзқарасын саралағаннан кейін барып туатын шығарма. Мемуарлық жанрдың бірнеше формасы болса да, қатып қалған межесі жоқ екенін байқаймыз. Автобиографиялық мемуардың ішінде де естелік, хат т.б. түрлері кездесе береді. Мысалы, С.Мұқановтың «Өмір мектебі» шығармасының ішінде естеліктің бірнеше түрі, хат пен жазбалар, өмірбаян элементтері ұшырасады.

Қазақ әдебиетінде жазылған мемуарлық жанрларды саралай отырып, мемуарлық шығармаларды екі түрге жіктеуге болатынын байқадық:

1. Автордың өз өмірі туралы, өзі өмір сүрген заман мен өмірбаянын баяндайтын мемуарлық шығарма.
2. Автордың өз өміріне қатысы жоқ, деректер мен құжаттарға



сүйене отырып, басқа бір тұлға туралы жазылған мемуарлық шығарма. Мысалы, Ә.Нұршайықовтың «Өткелдер» және «Асулар» деп аталатын екі кітаптан тұратын мемуарлық туындысы Ғ.Мүсіреповтің 90 жылдығына арналған туынды. Жазушы басында неден бастарын білмей, қиналғанын да жасырмады. Алдымен деректер мен естеліктерді, өзіне арнап жазылған хаттарды бір түгендеп шығып, тақырыпшаларды қойып, жазуға кірісіп кеткенін өз естелігінде айтады.

Өзінің қилы тағдырын ұрпағының болашағына арнаған, сол тағдырдың сырын терең ұғындырып, келешекке жақсысынан үйреніп, жаманынан жиренсін деген мақсатта жазылған, өнегелі өмір өрімдері Ә. Нұршайықовтың «Мен және менің замандастарым» мемуарлық баянында өте әдемі үйлесін тапқан. Мемуарлық аталған үш романның жанрлық ерекшелігі, мән-мәнісіне тоқталар болған ғылыми жүйелеудің өзінде бірізділік кездесе бермейді. Біз мұның алдында жазған С. Мұқанов, С. Сейфулин, Ғ. Мұстафин мемуарларының жанры бір болғанын атап өттік және формасы мен мазмұны тұрғысынан келгенде, әр түрлі ерекшеліктер кездеседі [6, 278].

Қазіргі уақытта мемуар авторлары хат жазбаларын, ескерткіштік, күнделік, күн жазбаларын, автобиографиялық бланктерді «Мен» атынан беріп келеді; ал мемуарлық роман, повесть, очерк, әңгімелер мен естеліктердің жазылуында автор кейде баяндаушы, бірде әрі автор-кейіпкер, әрі баяндаушы-жазушы болып, әр түрлі жақ пен шақтық ұғымдарды да білдіреді.

Авторлардың шынайы өз ғұмырларынан жазылған төл туындымаларында бүгінгі қазақ мемуары мынадай түрлерден тұрады: мемуарлық, естелік, автобиографиялық бланк т.б. («өзіндік» және басқалар туралы естеліктер, ғылым әдебиетпен араласа келер естеліктер (күнделіктер) күнделік және күн жазбалары («Өзіндік» және басқа объектілер жайынан да, саяхаттық та), хат, хат жазбалары, ескерткіштер. Бұлар бізде прозамен де, ұсақтау түрлері – поэзиямен де жазылуда.

Еліміз егемендігін алып, тәуелсіз мемлекет ретінде бостандыққа қол жеткеннен кейінгі жылдары жазылған ғұмырнамаларға Әзілхан Нұршайықовтың «Мен және менің замандастарым», Мұхтар Мағауиннің «Мен» мемуарлық хамсасы мен Қабдеш Жұмаділовтің «Таңғажайып дүние» романдары жаңа сапасымен ерекшеленеді. Мазмұны ұлттық қазақ ұлттық мемуаристикасы туып өсті. Мемуарлық шығармалардың суреттер объектісі өзгеріске келуімен байланысты, мемуарлық түрде де жаңару пайда болды [7, 14].

Ә.Нұршайықовтың мемуарлық туындысы ХХ ғасырдың екінші жартысын қамтыса, М.Мағауиннің «Мен» мемуарлық туындысы екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі халық тұрмыс-тіршілігінен хабар береді. Ал, Қ.Жұмаділовтің «Таңғажайып дүние» мемуарлық туындысы Қытай шекарасынан келген қазақтардың өмірінен дерек береді. Үш шығарманың да кейіпкері де, авторы да қаламгердің өзі.

«Мен және менің замандастарым» атты мемуарлық туынды – тек қана бір адамның жеке өмірбаяны емес, қоғамдық, саяси, әлеуметтік тақырыптарды жалпы қамтитын, бірнеше ірі тұлғалар туралы дерек беретін көлемді мемуар естелік. Туынды формасына үңілсең бөлек жазылған очерк іспеттес, публицистикалық шығармаға ұқсайды. Социалистік реализммен жазылған, тартысты, оқиға қоюлығы басым шығармалардың бірі. Ал М.Мағауин «Мен» туындысы мен



Қ.Жұмаділовтың «Таңғажайып дүние» мемуарлық романдарының ерекшелігі бірінші жақтан, «мен» атынан жазып жеткізуі. Автор өз шығармасының құдайы болғанымен, мемуарлық шығармада автор мен автор-кейіпкердің өзара айырмашылығы болады, яғни бірдей емес. Мысалы, кейіпкер Мұхтар мен Қабдеш және жазушы Мұхтар мен Қабдештің айырмасы бар. Автор кейіпкерін, өзін сан түрлі оқиғалар желісі арқылы дамытып, сын көзбен қарай отырып кейіпкер өзінің болмысын аша түседі. Бұл оқырманды өзінің шынайылығымен баурай түседі. Асқан жасандылық немесе асыра сілтеу бой көрсеткен шығарма шынайылығын жоғалтады.

Мемуарлық шығармалардағы тақырыптарға қарап автордың өмірінің даму, өсу кезеңдерін байқауға болады. Қабдеш пен Мұхтар мемуарлық туындыларындағы диалогтар арқылы адам бейнелерін танытуда портрет пен мінездеулерден автор немесе кейіпкерлер образын аштық. Қабдеш Жұмаділовтің «Таңғажайып дүние» мемуарлық романындағы «Ұшқан ұя» мен «Қырау қия», «Алматы аспанында» және «Жайылған тор», «Қанат толды», «Түлеу», «Самғау», «Таят» тақырыптарынан байқаймыз. Ал Мұхтар Мағауиннің «Мен» мемуарлық романындағы «Шытырман» және «Қия жолдар» деген тарауларында өмірнамасындағы арнайы өмірлік жайттарды негізге ала отырып қойған. Бұндай жағдайлар әдеби негізсіз емес екенін білеміз. Бұлай тақырыптар беру Аксаковтың «Семейная хроника» атты еңбегінде де бой көрсеткенін еске түсіреді.

Қ.Жұмаділовтің мемуарлық шығармасынан автордың бәрін көз алдына елестету арқылы жазғанын байқаймыз. «Менің шығарма жазар алдында ел аралап, желмаямен жер кезетін себебім, көңілде жүретін идеяны орнықтыратын қолайлы қоныс іздеймін. Өйткені қазақ даласының ұшы-қиыры жоқ. Оның табиғаты, ер бедері, ауа райы бір-біріне ұқсамайды. Тұрғындарының бастан кешкен тарихы, мінез-құлқы, демографиялық ахуалы да әр басқа. Ал көркем шығарма үшін мұның бәрі мәнді нәрселер. Сол жердің топырағы, елінің кәсібі, өсетін шөбіне дейін маңызды роль атқарады. Бұл шығармаға деректілік сипат беріп, шынайылығын арттырады» [8, 201] осы үзінді жазушы бейнесінің тың қыры ашылғанына нақты мысал бола алады. Оқиғаларды бірінші жақтан рет-ретімен көзге елестете отырып баяндайды. Оқиғаны осылай қызықты бейнелеуінен оқырманды өзіне тәнті етеді. Бұл әдіс Мұхтар Мағауиннің шығармасынан да байқалады. Жазушының хандық дәуір әдебиетін түгендеп отырған сәті көз алдында болып жатқандай әсем суреттеледі. Жазушы өз болмысын, ойларын, көзқарасын, өзіндік философиясын осылай береді. М.Мағауин өзінің мемуарлық шығармасын небәрі жиырма жастан енді асқан кезінде жазғаны таңқаларлық. Жазушының шығармасынан өзіндік «менін» жалаң баяндаудан гөрі көрген түйгенін, түсінгенін, қорытқан ойларын, жазушылық өнердің қыр-сырынан хабар беретін дәріс іспетті құнды дүние шыққан. Жазушылық өнердің небір қиын, сан қилы, бұрылыс-қиылысын Мұхтар мемуарлық шығармасында ерекше айқындай түседі. Мұхтар ғана емес, Қ.Жұмаділовтің де мемуарлық шығармасынан екі шығармаға ортақ ойларды кездестіреміз. Ол – жазушылық туралы ойлары. Қабдеш жазушының алдындағы сия түспеген ақ парағы қандай ақ болса, ары да сондай ақ болу керектігін жазады. Жазушының адамдығын танытатын оның жазған дүниелері де адамдықтан аттамауы тиістігін баса айтады. Кеңестің сойылын соғып, тәуелсіздік алған соң



басқаша жырлап, кейіннен тарихқа қалам сермеп жүрген жазушыларды атамаса да сынап өтеді. Жазушының өзіндік стилі, қолтаңбасы дегендер жазушының тақырып игеруінен шығатынын жазады. Жазушы өміріндегі екі түрлі жағдай қолына қалам алдыртқанына тоқталады. Бірі жазушының өзі тарих қойнауын тынбай зерттеген, үздіксіз ізденіс нәтижесінде болса, енді бірі көзімен көрген, басынан кешірген жайттары жазушыны еріксіз қолына ақ парақ пен сияны дос қылғызған [8, 102].

Жазушының мемуарлық шығармасы алғаш 1998-1999 жылдары «Жұлдыз» журналында жарық көрген. Балалық шағынан бастап, есейген, үлкейген шағына дейін өрбітіп жазған. «... Тегінде, сенің жарық дүниеге келуің, өзің үшін қандай ұлы оқиға болса, сол айнала қоршаған әлемді жадында сақтап, қабылдай бастауың - ол да бір елеулі нәрсе. Қазақ мұны “ес кіру” дейді. Оның елеулі болатыны, сен үшін тіршіліктің қызығы мен шыжығы енді басталмақ. Ал менің әлемге алғаш рет таңдана қарап, санама сәуле түсуі, яғни сыртқы дүниені қабылдауым мына бір сәттен басталады. Шамасы, желтоқсан айының орта шені болар. Күн шайдай ашық, бірақ ауада бет қарыған қызыл шұнақ аяз бар еді. Сол жылдары Тарбағатайдың күнгей бетіне қар қалың түскен-ді. Айнала аппақ, тап-таза. Тал теректердің бұтағына дейін мысық құйрыктанып, қолың тиіп кетсе сау ете түскелі майысып зорға тұр. Жер-дүниені басып жатқан қалың, қар күн нұрына шағылып, бейне күміс тозаңын сеуіп тастағандай жалт-жұлт етеді. Біздің, қыстауды айнала қоршаған жота-жон, бел-белестер де жұп-жұмыр. Соғымға сойған құнан қойдың құйрығындай томырылып, теңкиіп, шалынады.

...Сіз енді осы тұста манадан бері есіктің кіре беріс басқышында бір кішкентай қара баланың осы көріністерді қалт етпей бағып тұрғанын да еске алып қойыңыз... жылда қайталанатын көп көріністердің бірі ретінде, бұл суреттің де бала жадында сақталмауы мүмкін емес. Бірақ дәл осы сәтте күтпеген жағдай болды. Кенет ышқына бұлқынған боз бие үстіндегі адамдарды тарыдай шашып, жартылай бауыздалған күйі орнынан атып тұрды. Жігіттер жаңа қарбаласып жүріп, аяғын буған арқанды тым бос байласа керек. Өлі жұлыны қиылмаған ақбоз тұсаулы қалпында көкке шапшып, қорқырап тулап жүр. Ақ қардың беті лезде қызыл шұбар қан болды» - деп автор ішкі «менінің» өсу, кемелдену мезеті болып табылады [8, 225]. Көзі көрген тарихи, саяси жағдайлардың бәрін көркем суреттеген.Бодан елдің жазушысы аркалаған жүк-басқа жұрттың, жазушыларынан әлде қайда ауыр деген сөз. Ұлт азаттығы үшін, оның тілі мен ділі үшін күресетін де, қуғын-сүргін, репрессия бола қалса, алдымен құрбандыққа шалынып, басын беретін де - сол жазушылар. Ал, адамдар соны біле тұра, осы бір қатерлі жолды неге таңдайды? Біздіңше, онын әр түрлі себебі бар. Біріншісі - бойға біткен талант ырық бермей, осы жолға итермелейді. Екінші себеп - өз халқына деген шексіз сүйіспеншілік. Ұлтын шын сүйген адам ғана осындай құрбандыққа бара алады [8, 611]. Бұл мемуардың өзіндік ерекшелігі – екі түрлі дүниені, Шығыс Түркістан мен Қазақстанның қоғамдық жағдайын салыстыра отырып жазуында. Жазушы алпысқа тақаған шағында мемуарлық шығармасын «Таңғажайып дүние» деп атауында мән жатыр. «Түбінде ғұмырнамалық шығарма жазу жоспарда бар болатын... Жасым алпысқа толғанда жазбаған мемуарды енді қашан жазбақпын! Өмір дегенің мынау – шекараның екі жағасында қақ бөлініп



жатқаны: бастауы онда, жағасы мұнда. Тағдырдың айдауымен осы сызықтың ары-бері сан рет кесіп өтіпін. Кейде кім зерттейді, сол шашылып жатқан ғұмырды? Мен басқан жолдармен кім жүріп өтеді? Мен бастан кешкен, мен ғана сезген жайларды менен басқа кім айтып бере алады? Әрине, өзімнен басқа әжешкім айтып бере алмайды... ол кітаптың аты ғұмырнамалық роман». Шығарма соңында жазушының түйгені бұл өмірді не жақсы деп мақтауға, жаман деп даттауға болмайтындығын айтады. Өмір құбылмалы, сыры толық ашылмаған ғажайып. Басы мен аяғын болжап білмейтін, шексіз әлем, ащысы мен тұщысы қатар жүретін, уысына сыймайтын, қолда ұстап тұрмайтын дүние. Ырқыңа көне қоймайтын талас пен тартыс. Жазушылық өнер де өмір секілді ғажайып. Сондықтан өмірді жазушы «Таңғажайып дүние» деп атаған екен.

Қабдеш Жұмаділовтің «Таңғажайып дүние» романы әлеуметтік-айшықты мемуарлық шығармасында автордың өмірінен алынған күйініші мен сүйініші, балалық шағы еліне қайтып оралуы, жаңа қоғамды көзбен көргендегі ішкі сезімі, кейіпкердің психологиялық иірімдері ерекше әсем суреттеледі. «-Менің ғұмырым арқылы бір кезең көрініс тапты, мұны ұмыттыруға бола ма?» Шығарманың өн бойында автордың ішкі сөздері мен монологтары арқылы жазушының жан тебіренісін сезінесіз. Осы монолог арқылы автор бейнесінің өзіндік бір көрінісін, ой-толғанысын көреміз: «Арғы жан сарайымда әлдебір таңның сарғайып келе жатқаны білінеді. Ол - азаттық таңы! Азаттық болғанда, қоғамның, ұлттың азаттығы емес, бұғаудан босаған ақыл-ойдың, сананың азаттығы. Ешкімнің әуеніне ермейтін, ешкімге құл болып табынбайтын, осы бір ішкі бостандықтан артық не бар дүниеде? Сені қапаса қамап қоюға болар, жүріс-тұрысыңды, тіпті сөйлер сөзінді де шектеуге болар, бірақ ой-сананды, ішкі пікіріңді ешкім ұстап тұра алмас. Мен білсем, әлемдегі ең қымбат, ең баянды нәрсе - адамның осы ішкі бостандығы. Мен сол күні іштей арпалысқан ұзақ күрестен кейін азамат ретінде, өз жеке басыма тәуелсіздік жарияладым» [8, 109]. Жетімдікке кез болуы, өмірінің сан қилы сәттері, жазушының адамдық болмысы барлығы оқырманды тебіретпей қоймасы сөзсіз, сонымен қатар өзге кейіпкерлерді жанама мінездеуін мына үзінді арқылы байқаймыз: «Жалпы қай қоғамдағы жазушыны алсаңыз да, оның арқалайтын жүгі жеңіл емес. Ал қазақ сияқты бодан елдің жазушысы болуды құдай енді басқа бермесін. Мұнда не ұлтыңды, не еліңді, не жеріңді сатып күнің үшін империяның сойылын соғу керек. Не болмаса, «қиын болса дулығалы бас кетер» деп, Мағжан, Жүсіпбек, Міржақыптар секілді әділет жолында қасқайып тұрып қалуың қажет. Екеуі де оңай емес, былай тартсаң бас кетеді, былай тартсаң ар-ұятың аяққа басылады. Қазақ жазушысы осының екеуін де бастан кешірді. Ерлер мен ездердің енші бөліскен жері де - осы тұс» [8, 93]

Ә.Нұршайықовтың мемуарлық шығармасын жазуы оңай болмағанын сеземіз. Себебі адам баласы кейде өз болмысын да нақты түсінбей жатады. Ал жазушының болмысын түсініп, табиғатын танып, жеке тұлға туралы мемуарлық шығарма жазу деген оңай жұмыс емес. Жазушының өмірбаянын қанша оқысақ та оның ішкі жан дүниесін, кейбір іс-әрекеттерінің себебін, тіпті махаббатын да түсіну қиын. Алайда, Ә.Нұршайықов мемуарын жоғарғы деңгейде көркем жазып шыға білді. «Мен және менің замандастарым» атты өмірбаяндық романының бірінші кітабы «Өткелдер» деп аталады [9, 6]. Бұл кітаптың алғашқы тарауы



«Сәбит, Ғабит, Ғабиден және мен» деп атап, аты аталған тұлғалардың мінездеріне тоқталады. Бұл тұста жазуға үлкен септігін тигізген Ә.Нұршайықовтың күнделігі екенін жазады. Алайда шығарма өзі туралы болмағасын оған тәптіштеп тоқталып жатпайды. Күнделік жазу бірқатар жазушылардың ең пайдалы әдеті. Өзіндік ойлары күнделік арықылы жазылып, кейіннен мемуарлық шығармаға айналуы әбден мүмкін. Мемуарлық туындының екінші кітабы «Асулар» деп аталады. Бұл кітап толығымен Ғабит Мүсіреповке арналды. Күнделігі, арада алысқан, жазысқан хаттары арқылы Ғабит туралы енді шындап баяндағанын байқаймыз.

М.Мағауиннің «Мен» атты мемуарлық романы, хамсасы 1998 жылы жарық көрді. Атының өзі алғашында қауымды таңғалдырғаны рас. «Мен» деп қойылуының өзінде бірнеше мән бар. «Мен» сөзі жеке бір тұлғаны, индивидтік көзқарасты, барды, болмысты, қайталанбас дүниені білдіреді. «Мен» сөзі философияда адамның жеке болмысы, даралығы, дербестігі, рухани ортасы, танымы, түсінігі деп жалпы қарастырылады. Ал, Мұхтардың «Менінде» «мен» ол тұтас өмір, ол жастық, ол қарттық, ол кезең, ол сенімнің көрінісі, ол үлкен пәлсапа, ұлы түсінік. М.Мағауиннің менінің арқасында қоғам шындығы көркем суреттеледі. Мұхтардың мемуарлық шығармасы ол жүректің жазуы, таңбалы ғұмыры. Автор: «Мен дегенім – Өзім, Мұхтар Мағауин, осылай деп сендім. Қазақ деген – мына Мен дедім. Сол сенімнің күшімен бар шырғалаңнан өтіп, бүгінгі күнге жеттім. Қазір бұл сөзді бұрынғыдан кеңірек мағынада ұғамын. Мен – ұлттық мұрат. Мен – Алаштың жолы.» [10, 165]. Мұхтардың бір ерекшелігі адамның ішкі сезімдерін бір жақты бейнелеу жоқ. Мың құбылтып жеткізеді, шіркін. Адамның философиялық ойларын, ішкі тебіренісін қалай әсем жеткізетініне еріксіз таңқаласың. Оның мемуары еншілі өмірі, шытырманы, басынан өткен ғұмырдың көңілдегі бейнесі. «Мен кімін?» деп сұрайды жазушы өзінен. Ешкім білмейді. Шын мәнісінде бәрімізден сұраса, өзімізді толық тани алмай жататындығымыз рас қой. Білетіндігіміз Мұхтар айтпақшы «тегім – кісі, дінім – ислам, нәсілім – түркі, ұлтым – қазақ, ұраным – алаш, есімім – Мұхтар»... [10, 28].

«Ауыл иен қалған, итке дейін тышқан аулап, қаңғып кеткен, бір үйде қарындары қампиған, аштықтан бұратылған үш бала жатыр; ауыл іргесінде ескі қырманда үсті жалба-жұлба, бет-аузы түтіккен, көзі адырайып, ұясынан шыққан, әйтеуір адам кейіпті біреу төрт тағандай еңбектеп жүр: ұзын етек әйел екен, шіріген ескі сабан, үйілген қауызды ақтарып, анда-санда бір дән тауып алады; бірі домбыққан, бірі бөрткен, енді бірі қурап, кетілген бидай дәндері, әрбір дәнді тапқан сайын әйелдің беті тобарсып, қалтырау қуанатыны тәмпіштеп суретелетін еді» [10, 33-34] осы сынды жиі кездесетін үзінділерден автор кейіпкердің бейнелерін тура әрі нақты көркем түрде жеткізуге портретті беру арқылы мінездік тұлғаларға ұластырып отырған. Оған дәлел: «Мен қазақ едім. Және тумысымнан ұлтшыл қақ едім. Шын ұлтшылдың ең үлкен қасиеті – адамгершілік санадан, өзін өзі және адам атаулыны сыйлаудан басталса керек. Яғни, мен қазақ ұлтшыл бола тұра, ең алдымен адам едім. Ауылда өстік, өз үйінде болмаса да, жалпы жұрттың басындағы тұрмыс таршылығын көрдік. Киім жадау, азық түлік тапшы. Кемшілік, кедейлік - совет адамының, оның ішінде қазақтың сыбағалы еншісі тәрізді. Яғни, көзіміз үйренген, етіміз өлген. Бірақ үлкен қалаға алғаш келген кезде қол жайып



отырған қайыршыны көру - менің жан дүнием үшін өте ауыр соққы болды.» [10, 55] тура мінездеуден автор образын байқаймыз.

«Кенет өзгеше бір пендеге көзім түсті: үстіне әр жерінен кірлі мақтасы шыққан, ескі, май-сауыс күпәйке киген, басына қызыл екені, қоңыр екені белгісіз, алабажақ, кір орамал тартқан, сүйек бітісі ірі, бет-аузы домбыққан, көзінің аласынан қызылы көп, мұрыны үлкен, еріні қалың, әлде реңі солай, әлде бетін жумаған мәтүшке; таң -нәсілінде емес, киімінде емес, бой-тұлғасында - екі аяғы қара саннан кесілген, кішкентай төрт кегершікті шағын тақтайша үстінде отыр екен. Орыс мапржасына менен басқа назар аударған ешкім жоқ, менің өзім қарамауға тырысып, шеттей бердім. Сол кезде... әлгі бейшара мүгедек әйел ыржиып күлді: қара-күрең, жап-жалаңаш, аузында бір тісі жоқ екен. Бет аузы шалбарланып, тағы да жымыды: ренішті емес, кінәлі сияқты, кешіріңдер, қағып кеткендерің үшін мені айып етпендер деп тұрғандай.» автордың өз қатысуымен ашылып отырған, өз көз алдында өтіп жатырған осы кейіпкердің іс-қимылын, құлқын өз қабылдауы тұрғысынан бағаланған портретті кездестіреміз. Бұл үзіндіде кейіпкерді танытуда тура мінездеуді қолданады «Директор - өмір бойы номенклатурада болған, сол кездің тілімен айтқанда, партия-совет қызметінде жүрген, біздің ауылға көрші Абралы ауданынан төмендеп келген, шегір көз, саз бет, сәлемнің өзін әрең алатын, иттің обалы түгілі, кісінің обалына қарап көрмеген марғау адам еді, көп ұзамай жаман ауруға шалдықты, тамағынан ас өтпей, аштан өлді; ұлы есер, қызы бұзық болып, түгел пәле-жалаға ұшырады, қазақша айтқанда, оты өшті, тұқым-тұяғымен құрып кетті. Ешкім жоқтаған жоқ, артында қалған белгі - менің осы атаусыз екі-үш ауыз сөзім ғана болар». [10, 105]

Адам баласы әрқашан нақтылыққа көз жеткізгісі келетіні хақ. Алайда, көңіл де құбылмалы, адам табиғаты да, мені де дәл сондай. Өзгереді, өседі, дамиды, мың құбылады. Мұхтар Мағауин мемуарлық хамсасында өзінің ішкі «менін» көркем суреттей білді деп ойлаймыз.

Зерттеу нәтижелері

Тәуелсіздік жылдарында жазылған мемуарлық шығармалардан суреткер дүниетанымының тереңдігі, сыни көзқарасының кеңдігін және қандай ой жазса да, дәлелді жазатынын байқадық. Сонымен қатар оқиғалар мен адамдарды Қабдеш Жұмаділов автор әрі кейіпкер «мен» атынан сөйлетіп суреттеген. Автор бұл шығармасында публицист, философ, тарихшы әрі әдебиетші ретінде танылады. «Автор бейнесінің» толық қалыптасқанының көрінуіне шығармалардағы суреттеулер, әңгімелеу және диалогтар, монологтардың ерекше әсер еткенін мысалдар арқылы көрсетсек, ал жазушылардың шығармаларындағы кейіпкерлердің образдарын танытуда мінездеу мен портрет тәсілінің қолданылғанын да нақты мысалдармен жеткіздік. «Автор – кейіпкердің өсу жайы оның қоғамдық санасының жылдар аясында өсу бет бейнесінен көрінеді. Осы бағытында автор мен автор-кейіпкер өте жақын болғанымен, ғұмырнамалық романдағы кейіпкерлер Қабдеш Жұмаділов немесе Мұхтар Мағауиндер мен жазушы Қабдеш Жұмаділов, яғни Мұхтар Мағауиндер бір емес. Қанша еркін көрінсе де кейіпкер – автор, автор – жазушыға бағынуы әбден мүмкін. Романдағы өзге кейіпкерлерге қарым-қатынасын автор – баяндай отыра басқа бейнелер мен автор – қаһарман жөніндегі жазушы ойын да шығармадағы авторлық «мен» -



оқырманға жүзбе-жүз әңгімелегендей көрінеді». Мақала жазу барысында қарастырған ғұмырнамалық шығармаларда өмірлік шындықтардың көркем шешімдерін беруде Ә.Нұршайықов, Қ.Жұмаділов, М.Мағауиндер психологиялық талдаулардың бірнеше әдіс-тәсілдерін пайдаланулары кездеседі. «Қаламгерлердің кейіпкерлерге шартты ұғым ретінде емес, белгілі бір кезеңнің қоғамдық-әлеуметтік, рухани жүгін көтеріп тұрған заманның, дәуірдің тұлғасы ретінде қарайды» [11, 69].

Қорытынды

Мемуарлық шығарма автор өмір сүріп отырған қоғамда іргелі өзгеріс, тіпті саяси төңкеріс болып өткен соң, ой қорытып барып туындайтынын байқаймыз. Ә. Нұршайықовтың «Мен және менің замандастарым», Мұхтар Мағауиннің «Мен», Қ. Жұмаділовтың «Таңғажайып дүние» аталатын мемуарлық романдарының тууына 1986 жылғы жағдай, қазақ халқының егемендігін алуы мен жаңа қоғамның «өтпелі кезеңнен» сараланып өтуі ықпал еткен деп ойлаймыз. Әрбір жазушы бір қоғамдық формациядан екінші қоғамдық формацияға елімен бірге өткенде екі дүниені өзара салыстырып ойланады, толғанады, көргендері мен көңілге түйгендерін елеп-екшеп, көркемдік жинақтауға түсіріп шығармада бейнелеуді ойлайды. Өзге көркем туындылар секілді мемуар да солай өмірге келеді. Автор-кейіпкерлері өз аузынан баяндалатын оқиғалар тізбесінен, өз өмірі мен өзі өмір сүрген қоғам шындығын өзара сабақтастырып, өзара байланыстырып суреттейді. Дегенмен, прозада суреттелген өмірлік материалдарының бастау арналары мен даму, өрістеу және шарықтау, түйюлуі әр түрлі болып келеді. Мәселен, Ә. Нұршайықовтың «Мен және менің замандастарым» шығармасын өзінің баянсыз балалық шағынан басталмайды, көзі көрген ұлы жазушылармен болған қарым-қатынасы туралы жазады. Мұхтар Мағауиннің бұл тұрғыдағы ұстанымы тіптен басқаша. Жазушы өз өмірінен гөрі, қоғам ғылым, шығармашылық мәселелерінің тек жеке басына қатысты тұстарын атап, өмірдің өзінен алып бейнелейді. Суреткер Қ. Жұмаділовтің өміріндегі алып екі империяның тұсындағы аламан өмірдің шындығын көркемдікпен игеруге дәйекті, деректі бұрын-соңды әдебиетте аз көрінген сюжетті қызықты баяндаумен ерекшеленетінін байқаймыз.

ӘДЕБИЕТ

- [1] Данелян К.А. Дневники и мемуары. – М.: Гослитиздат, 1959. – 450 с.
- [2] Толстой Л.Н. Пол. соб. соч. Ясной поляны. – СПб: Гослитиздат, 1949. – Вып. 8. – 544 с.
- [3] Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы: Қазақпарат, 2005. – 8 т. – 993 б.
- [4] Yakovenko S. An analysis of the memoir as a literary genre, with reference to the work of D.Nytczenko. – Macquarie University, 2001.
- [5] Berman, J. (2019), "Prelims", Mad Muse: The Mental Illness Memoir in a Writer's Life and Work, Emerald Publishing Limited, Leeds, pp. i-x. <https://doi.org/10.1108/978-1-78973-807-020191012>
- [6] Бабырнама. – Алматы: Жалын, 1990. – 320 б.
- [7] Десять не забываемых дней. Декада Казахского искусства и литературы в Москве. – Алматы: КГИХЛ, 1961. – 175 с.



- [8] Жұмаділов Қ. «Таңғажайып дүние» мемуарлық роман. – Алматы: Тамыр, 1999. – 624 б.
- [9] Нұршайықов Ә. Мен және менің замандастарым. – Алматы: Таңдамалы шығармалар жинағы 10 томдық. – Алматы: Қазығұрт, 2005. – 8 т. – 472 б.
- [10] Мағауин М. «Мен» ғұмырбаяндық хамса. – Алматы: Гаухар, 1998. – 590 б.
- [11] Нұрқатов А. Жалғасқан дәстүр. – Алматы: Жазушы, 1980. – 312 б.

REFERENCES

- [1] Danelyan K. A. Dnevnik i memuary. [Diaries and memoirs.] - M.: Goslitizdat, 1959. - 450 P. [in Russian]
- [2] Tolstoy L. N. Pol. sob. soch. Yasnoy polyany. [Complete Works. Clear glade.] - SPB: Goslitizdat, 1949. - Issue 8. – 544 P. [in Russian]
- [3] Qazaq әdebietiniñ tarihi [History of Kazakh literature.] - Almaty: Kazinform, 2005. – 8 Vol. - 993 p. [in Kazakh]
- [4] Yakovenko S. An analysis of the memoir as a literary genre, with reference to the work of D.Nytchenko. – Macquarie University, 2001. [in English]
- [5] Berman, J. (2019), "Prelims", Mad Muse: The Mental Illness Memoir in a Writer's Life and Work, Emerald Publishing Limited, Leeds, pp. i-x. <https://doi.org/10.1108/978-1-78973-807-020191012> [in English]
- [6] Baburnama [Baburnama.] - Almaty: Zhalyn, 1990. - 320 P. [in Kazakh]
- [7] Desyat' ne zabyvayemykh dney. Dekada Kazakhskogo iskusstva i literatury v Moskve. [Ten unforgettable days. Decade of Kazakh art and literature in Moscow.] - Almaty: KGIKHL, 1961. - 175 P. [in Russian]
- [8] Zhumadilov K. «Таңғажайып дүние» memuarlyq roman. ["Wonderful World" is a memoir novel.] - Almaty: Tamyr, 1999. - 624 P. [in Kazakh]
- [9] Nurshayikov A. Men және meniñ zamandastarım. Таңдамалы шығармалар жинағы 10 томдық. [Me and my contemporaries.- The collection of selected works consists of 10 volumes.] - Almaty: Kazygurt, 2005. – 8 Vol. - 472 P. [in Kazakh]
- [10] Mahauin M. «Men» ғұmırbaýandıq xamsa. ["I" is an autobiographical hamsa.] - Almaty: Gaukhar – 1998. - 590 P. [in Kazakh]
- [11] Nurkatov A. Jalğasqan дәstür. [A continuing tradition.] - Almaty: Writer, 1980. - 312 P. [in Kazakh]

Султангалиева Р. Б., Ибатолла А. Т.

ХУДОЖЕСТВЕННЫЙ ОБРАЗ ТВОРЧЕСКОЙ ЛИЧНОСТИ В МЕМУАРНОЙ ПРОЗЕ: МИР МЫСЛЕЙ И ТИПОЛОГИЯ ПОРТРЕТОВ

Аннотация. Исследовательская цель - определить особенности мемуарного жанра в казахской литературе, изучить мемуарные произведения, остановиться на языке и природе этих произведений. Анализируется единица повествования в мемуарных жанрах, а также рассматриваются эти произведения с точки зрения художественного единства.

В статье обсуждается природа мемуарного жанра в казахской литературе. Мемуарный жанр начал развиваться в казахской литературе довольно рано. Это жанр, который является самостоятельным и отличается собственной типологией,



его история уходит корнями в далекое прошлое, начиная с орхон-енисейских писем. В статье проводится анализ форм мемуарного жанра и способов их написания.

К видам мемуарного жанра относятся воспоминания, автобиография, воспоминания-эссе, письма и дневники. В зависимости от повествования автора можно выявить особенности мемуарного жанра. В некоторых произведениях приводятся фрагментарные воспоминания, в других — автор пишет от детства до определенного периода своей жизни. Решение о том, писать ли до конца жизни или остановиться на каком-то определенном этапе, остается за автором. Возможен и вариант, когда автор решает закончить на каком-то одном этапе своей жизни. Через мемуарные произведения мы можем узнать о народной мечте и судьбе нации, услышать голос народа. Если история обычно представляется в обобщенном виде, то в мемуаре мы узнаем личное мнение и субъективную правду одного человека. Мемуарный жанр не сводится к простому пересказу событий. Иначе он не смог бы заинтересовать читателя. Искусство повествования, способы создания образов, построение диалогов, написание характеристик и портретов играют важную роль.

В статье рассматривается образ творческой личности в произведениях таких писателей, как М.Магауин, А.Нуршайыков и К.Жумадилов. Определяются их индивидуальные почерки и стили письма. Рассматриваются жизненные реалии, ставшие основой произведений, художественные поиски, взаимодействие автора и персонажа. Также проводится различие между мемуарным жанром и историческими романами. В статье рассматриваются художественные приемы передачи истории и правды в мемуарных произведениях, а также то, как автор реализует их в своих произведениях.

Ключевые слова: проза; мемуар; автобиография; мемуарный роман; дневник; воспоминания-эссе.

Sultangaliyeva R. B., Ibatolla A.T.

THE ARTISTIC IMAGE OF A CREATIVE PERSONALITY IN MEMOIR PROSE: THE WORLD OF THOUGHTS AND TYPOLOGY OF PORTRAITS

Annotation. The aim of this study is to define the peculiarities of the memoir genre in Kazakh literature, to examine memoir works, and to focus on their language and nature. The analysis of the narrative unity of works written in the memoir genre is carried out, with an emphasis on artistic unity.

This article discusses the nature of the memoir genre in Kazakh literature. The memoir genre began to develop early in Kazakh literature. As a separate genre with its own typology, its history dates back to ancient times, starting with the Orkhon-Yenisei inscriptions. The article provides an analysis of the forms and types of writing within the memoir genre.

The types of memoir genre include reminiscences, autobiographies, memoir essays, letters, and diaries. The peculiarities of the memoir genre can be seen through the author's narrative style. Some works consist of fragmented memories, while others trace the author's life from childhood to the stage where they stopped writing. Whether or not



the author chooses to write until the end of their life is a personal decision. It is also possible that the author may choose to write only up to a certain period of their life. Through memoir works, we can hear the voice of the people and understand the national aspirations and fate of that time. While history is usually written in a generalized manner, in memoirs, we learn about the personal thoughts and subjective truths of an individual. The memoir genre is not merely a simple narration; otherwise, it would fail to captivate the reader. The skill of narration, the techniques of creating images, the construction of dialogues that reveal character traits, and the writing of descriptions and portraits all play a crucial role.

The article discusses the portrayal of creative personalities in the novels of authors such as M. Magaev, A. Nurshaikhov, and Q. Jumadylov. It highlights the unique signatures and writing styles of these authors. The connection between the life realities that underpin their works and their artistic explorations, as well as the relationship between the author and the character, is explored. The distinction between the memoir genre and historical novels is clarified. The article also addresses the artistic techniques for conveying history and truth in memoir works, and how the authors have implemented these techniques.

Keywords: prose; memoir; autobiography; memoir novel; diary; memoir essay.

UDC 81'42

IRSTI 16.01.11

DOI 10.37238/2960-1371.2960-138X.2025.97(1).13

Tolstova Olga, Kaliyeva Albina

**Samara State Agrarian University, Samara, Russia
M.Utemisov West Kazakhstan University, Uralsk, Kazakhstan**

E-mail: stommm3@mail.ru, albina.kaliyeva@mail.ru

SYNTACTIC FEATURES OF GENDER EXPRESSION IN ADVERTISING DISCOURSE

Annotation. This study examines the syntactic features of gender expression in advertising discourse, focusing on how linguistic structures reinforce traditional notions of masculinity and femininity. Through the analysis of various advertisements, the research highlights the use of imperative sentences, elliptical constructions, repetition, gradation, and declarative authority in male-oriented marketing, emphasizing power, efficiency, and exclusivity. In contrast, advertisements targeting women frequently employ softer imperatives, poetic repetition, parallel structures, and gradation, reinforcing beauty, sophistication, and emotional appeal. The findings demonstrate that advertising syntax not only serves a persuasive function but also contributes to the construction and reinforcement of gender roles in consumer culture.

Key words: advertising discourse; syntactic features; gender expression; masculinity; femininity; imperative sentences; elliptical constructions; repetition; gradation; declarative authority; consumer perception; linguistic strategies; marketing language; rhetorical devices.

Introduction

Advertising discourse has its own syntactic features, which are determined by various extralinguistic factors related to the psychology of advertising impact. Syntax distributes huge possibilities for expressing subtle meanings and emotional shades of expression.

As a rule, simple sentences are preserved in advertising discourses, providing easier enhancement of advertising coverage and increased expressivity. Phrases of a larger syntactic syllable usually alternate with simple sentences (of 3-4 words). A short text is best reproduced by the reader:

- the whole five-word text is memorized;
- out of 10 words, for example, four or five are remembered;
- four to eight words out of 25 are memorized [1].

Short, simple sentences are typical for advertising discourse using non-verbal means of influence along with the text itself. For example, an advertisement for nail polish often does not need a detailed explanation of all the advantages of the product offered, if a beautiful model is depicted next to the text of the advertisement, whose nails show us this product in action.

Advertising discourse not only relies on brevity and expressiveness but also strategically employs syntactic structures to shape perception, particularly in the representation of gender. The linguistic choices in advertisements are influenced by cultural stereotypes, societal expectations, and the intended target audience. These choices manifest in the use of specific syntactic constructions, such as imperative sentences, ellipses, parallel structures, and rhetorical questions, which enhance the emotional appeal and persuasive impact of the message.

One of the key aspects of advertising language is its ability to construct and reinforce gender identities through syntactic means. For instance, advertisements targeting female audiences often employ softer, more descriptive phrases, emphasizing emotions, beauty, and care. In contrast, advertisements directed at male consumers tend to use assertive, direct structures that highlight power, efficiency, and action. Such syntactic differentiation plays a crucial role in shaping consumer perception and reinforcing traditional gender roles.

By examining the syntactic features of advertising discourse, this study explores how language structures contribute to gender representation in advertisements. The analysis focuses on the syntactic patterns used in different types of advertisements and how they reflect and reinforce gendered language norms. Understanding these patterns provides insight into the ways advertising influences social attitudes toward gender and identity.

Materials and methods of research

This study employs a qualitative linguistic analysis of advertising texts to examine the syntactic features of gender expression in advertising discourse. The research is based on a comparative approach, analyzing advertisements targeted at male and female consumers to identify recurring syntactic structures, rhetorical devices, and linguistic strategies.

The materials for this study include a selection of print and digital advertisements from well-known brands in the fashion, beauty, automotive, and luxury goods industries. The primary focus is on advertisements for watches, skincare, deodorants, and food products, as these categories frequently employ distinct gendered language. The advertisements were collected from fashion magazines (GQ, Glamour, Vogue), official brand websites, and online marketing platforms.

The methodology involves:

- Identifying and categorizing syntactic structures (imperative sentences, elliptical constructions, repetition, parallelism, rhetorical questions, and gradation).
- Analyzing gendered language strategies to determine how syntax reinforces traditional masculinity and femininity.
- Comparing male and female-oriented advertisements to highlight syntactic differences in marketing communication.
- Contextualizing findings within advertising psychology to assess how linguistic choices shape consumer perception and gender identity.

This research adopts a discourse analysis framework, considering the cultural, psychological, and sociolinguistic factors that influence advertising language. The study



aims to provide insights into how syntactic structures in advertising discourse perpetuate or challenge gender norms in consumer culture.

Research results

The analysis of the collected advertisements reveals distinct syntactic patterns that reinforce traditional gender roles in marketing:

- Men's advertisements focus on action, power, and exclusivity, using imperative structures, concise elliptical sentences, and declarative authority.
- Women's advertisements emphasize beauty, self-care, and emotional appeal, utilizing gradation, repetition, and poetic descriptions.

Advertising syntax actively constructs and reinforces gender identities, influencing consumer perception and brand engagement.

These findings confirm that syntactic choices in advertising discourse are not arbitrary but strategically designed to align with culturally ingrained gender norms, reinforcing traditional masculine and feminine ideals in consumer marketing.

Sometimes persuasion requires a large advertising text consisting of both simple and complex sentences. Complex sentences are characterized by the presence of an independent clause and one or more dependent clauses. This structure allows for the expression of intricate ideas and relationships between concepts. Let's analyse the advertising text of Dove whole body deodorant:

"72-hour odor control and skin care, everywhere. Our whole-body deodorant sprays, sticks and creams keep you feeling fresh from your pits and thighs to your toes."

[2]

The advertising text is structured with short, direct sentences that enhance clarity and efficiency. However, the syntax also plays a role in reinforcing gender-related aspects of the product's appeal. *"Our whole-body deodorant sprays, sticks, and creams keep you feeling fresh from your pits and thighs to your toes."* This is a complex sentence with a main clause (*"Our whole-body deodorant... keep you feeling fresh"*) and an adverbial phrase (*"from your pits and thighs to your toes"*) specifying the extent of its effectiveness. Focus on *"whole-body"* care aligns with marketing strategies that emphasize comprehensive beauty and hygiene for women. The mention of specific body areas (thighs, toes) acknowledges women's hygiene needs beyond underarms, reinforcing the idea that women require more extensive care than men. The reassuring, nurturing tone (*"keep you feeling fresh"*) aligns with traditional beauty and self-care marketing aimed at female audiences who prioritize long-lasting freshness and comfort.

Let's consider the options for using other syntactic constructions in the same advertising discourse. The phrase *"sprays, sticks, and creams"* employs parallel structure, which enhances readability and reinforces product variety. The enumeration of body parts (*"pits and thighs to your toes"*) subtly reflects gender-specific concerns. While male deodorants typically focus on *"underarms,"* this ad expands the coverage to areas commonly associated with female hygiene and self-care.

The NIVEA MEN Fresh Active Deo Roll On advertisement uses complex syntactic structures to appeal to male consumers while reinforcing traditional masculine ideals. The advertisement primarily consists of complex and compound-complex sentences, which contribute to a more authoritative and informative tone, suitable for a male-targeted product.



“The NIVEA MEN Fresh Active Deo Roll On stems from our deep understanding of the modern man’s lifestyle, where confidence and long-lasting freshness play pivotal roles.” [3]

This is a complex sentence with a main clause (“The NIVEA MEN ... deep understanding”) and a relative clause (“where confidence ... roles”). The subordinate clause defines and elaborates on the “modern man’s lifestyle,” reinforcing the idea that men value confidence and freshness in their daily routines. The phrase “deep understanding” suggests expertise and trust, subtly influencing male consumers to believe that the product is scientifically formulated for their needs.

“This product is not just about offering effective sweat and odour protection; it’s about empowering men to seize every moment with a reliable companion in NIVEA MEN Fresh Active Deo Roll On.” [3]

A compound-complex sentence consisting of two independent clauses joined by a semicolon and a subordinate clause (“to seize every moment ... Deo Roll On”) has the parallel structure (“not just about offering... it’s about empowering”) highlights two key product benefits: protection and empowerment. The phrase “seize every moment” aligns with masculine ideals of ambition, action, and control, reinforcing traditional gender expectations.

The text frequently uses abstract nouns and nominalizations, which create a sense of authority and professionalism: “Confidence”, “freshness”, “protection”, and “empowerment” are abstract nouns that appeal to men’s desire for strength and self-assurance. The word “companion” personifies the product, making it sound like a trusted ally rather than just a deodorant.

The NIVEA MEN Fresh Active Deo Roll On advertisement strategically employs complex sentences, nominalization, and direct gender-specific phrasing to reinforce male-oriented themes of confidence, action, and reliability. The syntactic structure reflects an authoritative and persuasive tone, making the product not just about hygiene but about personal empowerment and success.

Advertisements often employ a combination of short, fragmented phrases, complex sentences, and passive constructions to create a sense of luxury, elegance, and effortless transformation. Let us now examine the following advertising discourse:

DEEPLY REPLENISHED BEAUTIFUL FLUIDITY

Introducing the Humectress Caviar

ENCAPSULATE™ Sérum

Replenish nutrients in just one use with this powerful protein-rich serum. Enriched with concentrated 100% pure Elastin Protein and a precious Caviar Complex, this breakthrough formula fortifies hair from within, progressively repairing with continued use. Hair is left smooth, so that it moves with beautiful fluidity. For hair that lives to move. [4]

“DEEPLY REPLENISHED BEAUTIFUL FLUIDITY” – this phrase is not a full sentence but rather a sequence of adjectives and a noun, resembling a slogan. The omission of a verb creates a bold, declarative statement, reinforcing luxury and transformation without unnecessary details. Words like “deeply replenished” and “fluidity” evoke softness, smoothness, and movement, which align with traditionally feminine ideals of beauty and elegance. “Introducing the Humectress Caviar



ENCAPSULATE™ Sérum” – this simple sentence serves as a transition into the advertisement, introducing the product with a direct and formal tone. The proper noun phrase (“Humectress Caviar ENCAPSULATE™ Sérum”) is intentionally elongated to emphasize exclusivity and sophistication.

“Enriched with concentrated ... repairing with continued use.”. This complex sentence begins with a past participle phrase (“Enriched with...”), which gives the product a scientific, premium feel. The main clause (“this breakthrough formula fortifies hair from within”) follows a cause-effect structure, reinforcing the idea that the product penetrates deep for lasting repair. The adverbial phrase (“progressively repairing with continued use”) promotes long-term transformation, reinforcing commitment to beauty routines, a concept often associated with female consumers.

“Hair is left smooth, so that it moves with beautiful fluidity.” The choice of passive voice (...is left...) in this complex sentence with a purpose clause (...so that..) subtly shifts focus away from the consumer’s effort and places emphasis on the product’s effect, reinforcing a luxurious and effortless transformation. The phrase “beautiful fluidity” personifies hair, attributing grace, movement, and elegance, which align with feminine beauty ideals.

Advertisements frequently use antithesis, and complex sentence structures to evoke a sense of refinement, subtlety, and sophistication. Let us now examine the following advertising discourse:

The PINK MAHOGANY - Kiasi advertisement masterfully employs antithesis to highlight the duality of sophistication and subtlety. Through a blend of complex sentence structures, poetic rhythm, and carefully chosen contrasts, the text reinforces the fragrance’s unique identity as both bold and delicate, present yet elusive. This syntactic and rhetorical strategy enhances its appeal to a refined, elegance-seeking audience, making the product feel exclusive, luxurious, and deeply personal. [5]

Antithesis is a rhetorical device that contrasts opposing ideas to create emphasis and intrigue. In this text, it manifests through contrasting concepts of elegance vs. modesty, allure vs. subtlety, warmth vs. elusiveness. The phrase “Discover Kiasi: where elegance meets modesty” is a clear case of antithesis, contrasting “elegance” (luxury, grandeur) with “modesty” (restraint, simplicity). By juxtaposing these ideas, the advertisement redefines sophistication, suggesting that true elegance is subtle, not ostentatious. In the phrase “A fragrance that whispers sophistication” the verb “whispers” contrasts with the noun “sophistication”, as sophistication is typically associated with something bold, grand, and striking, whereas whispering is soft, subdued, and delicate. This antithesis reinforces the paradox of power in subtlety, positioning the fragrance as both refined and understated. “Let its gentle warmth linger, leaving a trace as captivating as it is elusive” – the contrast between “captivating” (engaging, strong presence) and “elusive” (difficult to grasp, fading away) exemplifies how the fragrance is both striking and ephemeral.

Rhetorical questions in advertising are a strategic way to engage consumers, provoke thought, and subtly guide them toward making a purchase. Ads targeting women often use rhetorical questions to encourage exploration, emphasize choice, and foster emotional connection.



SHADES OF SUMMER

One of the best parts of summer is wearing your favourite pair of sunnies to complete your look. Not sure which pair to buy?

These are the styles making waves. [6]

The sentence “Not sure which pair to buy?” is a rhetorical question that directly engages the reader. This conversational style mimics interpersonal communication, which is often associated with advertising targeted at women. Studies on gendered language suggest that women tend to respond more to interactive and engaging discourse rather than directive statements. [7] The implicit assumption is that the reader (likely a woman) is indecisive or enjoys exploring options, which aligns with gendered marketing strategies that emphasize personal choice and variety in fashion-related products.

Advertisements often employ syntactic features such as imperative sentences, repetition, and gradation to shape gender-specific appeals, reinforcing traditional notions of masculinity and femininity. Let us now analyze the following advertising texts to explore how syntactic structures influence gendered marketing strategies.

Seiko. Since 1881. Keep going forward. [8]

This advertisement promotes the Seiko Prospex dive watch, emphasizing its durability, precision, and adventurous spirit through the slogan “Keep Going Forward” and imagery of rugged ocean waves. “Keep going forward.” is a directive, encouraging perseverance and progress. This aligns with traditional masculinity, which often emphasizes determination, action, and self-improvement. The sentence fragments (“Seiko. Since 1881.”) are short, direct, and authoritative, reinforcing a sense of history, reliability, and power – qualities often emphasized in male-targeted marketing. The message appeals to ambition and persistence, resonating with traditional male identity, where success and progress are core values.

The advertisement promoting Wonderful Pistachios as a high-protein, energy-boosting snack, reinforces traditional male values – strength, energy, and physical endurance – by using an active, direct, and factual syntactic structure. Imperative sentence “Get crackin’ with protein power” commands action, reinforcing the idea of energy, strength, and decisiveness – traits commonly associated with masculinity:

Get crackin’ with protein power.

With all nine essential amino acids and six grams of protein in every 1 oz. serving,

Wonderful Pistachios is the go-to snack that packs a protein punch. [8]

The advertisement of **Brickell’s trial-sized men’s skincare kit**, emphasizes ease of discovery, quality, and widespread customer trust to encourage men to try the products for free:

Try Us. Free.

8 PRODUCTS

Get our trial sized starter kit. Discover what works for you. [9]

“Try Us.”, “Get our trial-sized starter kit.”, and “Discover what works for you.” all use directive language, prompting immediate action and decision-making. The short phrases and minimal detail create a no-nonsense, efficient tone, which is often preferred in advertising for men.



While advertisements for men focus on action, strength, and decisiveness through imperative sentences and concise messaging, advertisements for women employ gradation, repetition, and softer imperatives to evoke self-expression and emotional connection, highlighting a distinct contrast in gendered marketing approaches. Let us now analyze the following advertising text of Fashion Fair's "Finishings" lipstick collection:

Appreciate the beauty in you.

The beauty of you.

Finishings.

Complete Color.

Complete Luxury.

Complete You. [10]

Белгілі ғалымдар Пірманов Ә., Қапаева А. Қазақ интеллигенциясы (Ұлттық интеллигенцияның қалыптасу тарихынан) атты монографиясында XX ғасыр басында ерен ерліктің үлгісін көрсеткен зиялылардың кешкен өмірлері және шығармаларына тоқталған Р.Сыздықова, С.Негимов, Қ.Мұхаметханов, Ә.Қайдаров қаламдарынан көптеген туындылар жарыққа шықты. Соның ішінде қазақтың белгілі өкілі, алаштың азаматы Жақып Ақбаевтың қоғамдық-саяси өмір-тынысын зерттеген Мұхтар Құл-Мұхаммедтің еңбегі, Әлихан Бөкейханмен бірге азаттық үшін күрескен Міржақып Дулатов өмірі және шығармашылығы туралы Гулнар Дулатова, З.Ахметов, ал педагогика саласында ірі көлемді еңбегімен белгілі Жүсіпбек Аймауытов туралы кеңінен насихаттап жазған Серік Қирабаев ғалымдарымыздың еңбектері орасан зор. Олардың еңбеткерінен XX ғасыр басында өмір сүрген зиялыларымыз және олардың еңбектері туралы ғылыми тұрғыда терең ақпаратты ала аламыз [26, 126.]. Жоғарыда аталған ғалымдар еңбектерінен Алаш қайраткерлері туралы құнды мәліметтерді біле аламыз.

Белгілі ғалымдар Гүлмира Назарбаева және Ханкелді Әбжанов «Қазақстан: тарих пен тағдыр» атты ғылыми еңбектеріндегі «С.Д. Асфендиярова о культуре, науке и интеллигенции» атты мақала-зерттеулерінде интеллигенция қатарына жататын алдыңғы екі қатар өкілдері, яғни зиялылар мен мамандық иелері – буржуазия және байлар қатарына енсе, ал үшінші мұғалімдер, басқа салаларда қызмет атқарып жүргендер халыққа етене, яғни бір қадам болса да жақын деп атап өтті. Сонымен қатар, төңкеріске дейінгі Қазақ елінде ешқандай да жоғарғы оқу орындары болмады-мыс. Осылайша, инженер және өзге де техникалық мамандықтарды игеру қиынға соқты. Бірақ, қиын-қыстау кезеңде техникалық мамандықтарды игеруде басқа класстарға қарағанда, әрине жоғары сатыда тұрады деп көрсетті. Сонымен қатар, Санжар Асфендияров өз зерттеулерінде зиялылардың үшінші сатысы демократиялық интеллигенция қатарын атап өтті. Осыған орай, 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысы және 1917 жылғы ақпан төңкерістерінен кейін бұл қатардың өкілдерінің қанат жайған кезеңдері болды. Осылайша, халық мүдделерін жоғары қою арқылы өз талап-тілектерін жоғарғы үкімет басшылығына көрсетіп нұсқады [23, 112-113бб.].

Белгілі профессор Ханкелді Әбжанов «Қазақстан: Тарих. Тіл. Ұлт» атты ғылыми еңбегінде «Номенклатура және азаттық элитасы» атты бөлімінде XX ғасырдың басында ақпан төңкерісінен кейін алаштың белгілі өкілдері ұлттық идеяны алға тарты, тәуелсіздік үшін күресте көптеген зиялылар, атап айтатын болсақ, Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Мағжан Жұмабаев, Міржақып Дулатов, Жаһанша және Халел Досмұхамедовтер, Бақытжан Қаратаев Смағұл Сәдуақасұлы, Қошкел Кемеңгерұлы және т.б. ұлт қайраткерлері өмірден озды деп атап өтті. Сонымен қатар, XX ғасырдың орта кезеңінде Қазақ КСР Ғылым академиясының Тұңғыш Президенті Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың Жезқазған өңірінде қазба байлықтарының, яғни кен орнының ашуы, біртума ақын және жазушы, Алаштың белгілі қайраткері Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің үш томдық «Абай жолы» атты еңбегі арқылы қазақ халқының санасын көтеруде және сауаттылық деңгейін жоғарылатуда үлкен үлес қосты. Ханкелді Әбжанов жоғарыда аталған еңбегінде «тұлға» ұғымын «элита» сөзімен байланыстырып, сан алуан егемендігі үшін күресте ерліктің үлгісін көрсеткен тұлғаларды жатқызды.



«Элита» ұғымы адамзат баласының терең ойшылдығымен, өз халқының нығаюына, дамуына өз септігін тигізген, өзінің еңбекқорлығымен елді тәнті еткен адамдар санаты жатады. Мысалы, Ұлы Отан соғысы жылдарында күріштен және тары өнімдерінен рекордтық көрсеткіштерге қол жеткізген Ыбырай Жақаев және Шығанақ Берсиев, қазақстандық күріш жинаудан рекордты жүзеге асырған Ким Ман Сам және т.б. Осыдан кейін профессор Ханкелді Әбжанов өзінің аталмыш еңбегінде өздерінің еңбекқорлығымен халықты алға сүйреген тұлғалар – «ең үздік, жақсы адамдар» деп өз бағасын берді [6, 53-55бб.]. Осылайша, әр кезеңнің біртуар тұлғалары өз еңбекқорлықтарымен келешек ұрпаққа үлгі-өнегені көрсетті. Яғни, олар жау қолынан елді азат етуде және қорғауда аянбай күресіп, ата-бабалар аңсаған мұратқа жетіп, біз, осы керемет жағдайлардың куәгері болып отырмыз. Шынтуайтында, әлі Отан тарихымызда ерен ерлікті көрсеткен, әлі де белгісіз тұлғалар жетерлік. Олардың есімдерін тарих бетіне шығарып, насихаттар бүгінгі жастардың алдында тұрған үлкен абырой міндеттердің бірі болып табылады.

Профессор Дүкенбаева З.О. «Әл-Фараби және Әл-Машани рухани дүниетанымы» атты ғылыми еңбегінде белгілі профессор Ханкелді Махмұтұлы Әбжановтың «тұлға» туралы ғылыми тұжырымдамасын келтіре келе, өзіне бағынышты емес, адамзат баласы өмір сүріп отырған әлемдегі іс-тәжірибелік және шешу әдісін, яғни жолын дұрыс тапқан субъект деп анықтама берді. Осыған орай, көптеген Отан тарихымызда әлі де белгісіз есімдер бар және олардың шығармашылығы, өмірлік ұстанымдары әлі зерттелмеді-міс деп атап өтті [24, 10.]. Тарихи тұлғалар өмірлерін және олардың шығармашылығын келешек жас ұрпаққа оқытып санасына енгізу арқылы рухани дүниетанымызды одан әрі байыта аламыз деген сенімдемін.

Белгілі ғалымдар Гүлмира Назарбаева және Ханкелді Әбжанов «Қазақстан: тарих пен тағдыр» атты ғылыми туындысындағы «Ғабит Мүсірепов шығармаларының тарихи мәні» атты ғылыми еңбегінде қазақ халқының біруар жазушысы Ғабит Мүсірепов тұлғасына және оның шығармашылығына баға бере келе, өз шығармаларында қазақ халқының әйел бейнесін көркемдік, ғылыми тұрғыда сипаттай білген тұлға. Аталмыш бейнені Ғабит Мүсірепов секілді ғылыми негізде сипаттайтын ақын-жазушыларымыз жоқ десек қателеспейміз деп атап өтті. Ғабит Мүсірепов ой әдемілігін кітапқа сөз өнерімен өрнектей білген кеменгер жазушы. XX ғасыр басында өмір сүріп, өмір таукіметін көп тартқан, тар жол тайғақ кешкен тұлғаларымыздың бірі десек жаңылыспаймыз деп атап көрсетті [23, 54-55бб.]. Әрине, XX ғасыр басында өмір сүрген көптеген ақын-жазушыларымыз бар және олар өз шығармаларымен халықтың санасын оятуда сүбелі үлестерін қосты.

Ханафия Асқарұлы «Алаш зиялылары» атты ғылыми еңбегінде «Абай туралы» атты мақала-зерттеуінде Абай Құнанбаев тұлғасына ғылыми тұрғыда сипаттама берді. Ең алдымен, Абай тұлғасына және оның шығармашылығына баға берген тұлғалардың бірі де бірегейі – белгілі лингвист Ахмет Байтұрсынұлы. Ханафия Асқарұлы қазақ зиялысы Ахмет Байтұрсынұлының «қазақтың бас ақыны» деп өз анықтамасын бергендігін атап көрсетті. Белгілі ғалым Ханафия Асқарұлы Абай тұлғасына баға бере келе, білімді де, жігерлі және ақыл, қайрат,



жректі бірдей ұстаған бірегей тұлға деп атап көрсетті. Сонымен қатар, кеңестік кезеңде Абай Құнанбаев, Шоқан Уәлиханов тұлғаларына жеткілікті түрде тиіс баға бермегендігін атап өтті. Сондай-ақ, Әлихан Бөкейхан бастаған бір топ қайраткерлер, Мұхтар Әуезов, Есмағанбет Сайылов секілді тұлғаларымыз тек қана қазақ халқын арасында сауаттандыру үдерісін жүргізген ағартушылар ғана емес, ғалымдар және күрескерлер деп атады [27, 39-40 бб.].

Филология ғылымдарының докторы Тұрсынбек Кәкішев «Қазақ зиялылары» деп аталған еңбегінде XX ғасыр басында өмір сүрген зиялыларымыздың ерен ерліктерін және еңбектерін атай келе, Шәкәрім Құдайбердіұлы Абай Құнанбаев мектебінің озат та дарынды бітірушілердің бірі және әлеуметтік салада қазақ халқының мүддесін қорғауда орасан зор еңбектің үлгісін көрсеткен, жоғар дейгейде шығармаларымен белгілі тұлға деп атап өтті. Сонымен қатар, қазақ әдебиетіндегі алдыңғы қатарлы өкілі ретінде келешекте тағы да жазылатын Отан тарихымызда өшпестей із қалдырған бірегей даналарымызды бірі деп өз бағасын берді. Сондай-ақ, Шәкәрім Құдайбердіұлы тек қана Қазақ елінде ғана емес, бүкіл түркі жұртына белгілі қайраткерлердің бірі және бұл ғұлама шетел тарихында өз орнын алды [28, 66 б.]. Мысалға айтатын болсақ, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті ректоры тарих ғылымдарының докторы Сыдықов Ерлан Бәтташұлының «Шәкәрім» атты ғылыми еңбегі Ұлыбритания еліндегі Кембридж университетінде тұсаукесері болып бүкіл ағылшын жұртшылығына таныстырылды. Осылайша, XX ғасырдың басында өмір сүрген зиялыларымыздың есімдері тек қана өз Отанымызда ғана емес, Еуропа халқына таныстырылып, тарихымызды кеңінен жаюдамыз.

Тәуелсіздік жылдарындағы ғалымдардың еңбектеріне әрі қарай тоқтала кететін болсақ, Мәлікайдар Асылбеков пен Зирабүбі Төленова «Академик М.Қ. Қозыбаев: ғұлама ғалым, ірі қоғам қайраткері» атты ғылыми еңбектерінде «тұлғатану» саласына тоқтала келе, «персоналистика» - бұл Отандық тарихы ғылымының бір бөлімі, яғни жанры деп атады. Бұл ұғымға ғылыми негізде қарастырып зерттей келе, қандай бір адамзат баласының өмірін және қызметін көрсету арқылы тарихымыздың жаңа бір зерттеу бағыты деп атап өтті. Еңбек авторларының көрсетуінше, белгілі бір тұлғаның өмірі мен шығармашылығын жай ғана зерттеп қана қоймай, терең тұрғыда естеліктерге, сол туралы жазған адамдардың мемуарлық хаттарына және архивтік құжаттарға сүйене отырып, зерттеу болып табылады деп атап анықтады. Осы жаңа жанр әдістемесін негізге ала отырып, жаңа бір туынды қалыптасатыны айдан анық деп көрсетті [29, 106.]. Осылайша, белгілі бір тұлғаларды берілген жаңа жанр арқылы зерттеп, Отан тарихымызда әлі де белгісіз есімдерді жарыққа шығару біздің негізгі міндеттеріміздің бірі болып табылады.

Келесі бірегей ғалымдардың бірі Кеңес Нұрпейістің шығармаларын баспаға шығарып, елге таныстырған С.О. Смағұлова, Г.Ж. Өскембаева зерттеушілердің рөлі ерекше. Әсіресе, Кеңес Нұрпейістің шығармаларындағы тұлғатану саласын жоғары деңгейде зерттеген ғалымдардың бірі. XX ғасырдың басында өмір сүрген, әсіресе Тұрар Рысқұлов секілді көптеген Алаш қайраткерлерінің қоғамдық-саяси қызметтерін атап, қуғынға ұшыраған зиялыларды, соның ішінде Кенесары Қасымұлы тұлғасын зерттеген Ермұқан



Бекмахановтың қайраткерлігі туралы қалам тартты. Сонымен қатар еліміздің біртуар қайраткерлері қазақтың тұңғыш геологы Қаныш Имантайұлы Сәтбаев, еліміздің әлеуметтік-экономикалық жағынан нығайтқан Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев және Салық Зиманов секілді тұлғаларымыздың асыл да қайратты тұлғалық қасиеттерін ашып көрсетті. Әсіресе, Кеңес Нұрпейіс «Қайраткер Халел Досмұхамедов» атты ғылыми зерттеу-мақаласында алаштың белгілі өкілі Халел Досмұхамедов – мемлекет және қоғам қайраткері, талантты да білгір ғалым деп атап көрсетті. Оның қоғамдық-саяси қызметі Әлихан Бөкейханмен бірге Алаш қозғалысы мен Алашорда үкіметін құруға ат салысқандардың бірі де бірегейі болып табылады. Біз білетіндей, 1917 жылы Ресей империясы қазақ жерінің 45 миллион десятина жерді алып, көпиеген аграрлық мәселелерді өз қолдарына алды. Шынтуайтында, осындай көптеген келеңсіз жағдайларға наразы болған Халел Досмұхамедұлы өз күрестерін басқаша жолмен, яғни көптеген газеттерге қазақ халқының өмір-тынысын көрсететін әлеуметтік-саяси мазмұндағы мақалаларды жарыққа шығарды. Әсіресе, XX ғасырдың бас кезеңінде өзімен бірге оқитын замандастарымен бірге елдің жағдайын сипаттайтын түсіндіру жұмыстарын жүргізумен қатар, «Фикр», «Уралський листок» газеттеріне өз мақалаларын жариялады [30, 123-126б.]. Әсіресе, 1917 жылы сәуір-мамыр айының көктемгі шуақтарында көптеген облыстық съездерге, 1917 жылғы 21-26 шілденің жаз мезгілдерінде бірінші жалпықазақ съездерде қазақ халқының мүддесін қорғап, сол кезеңдегі әлеуметтік мәселелерді барынша жоғарғы үкіметке жеткізуге тырысып бақты [30, 128-129бб.]. Осылайша, Халел Досмұхамедұлы өзінің біріккен зиялыларымен үгіт-насихат жұмыстарын жүргізіп, халықты қараңғылықтан шығаруда көп аянбай еңбек сіңірді.

Белгілі ғалым Зұлқарнай Алдамжар «Тарих: пайым мен тағылым» атты ғылыми туындысының «Ұлтымыздың рухани көсемі Ахмет Байтұрсынұлы туралы» атты зерттеу бөлімінде Ахмет Байтұрсынұлы 1913-1918 жылдары «Қазақ» газетін ұйымдастырушысы, лингвист, реформатор, түрколог, Алаш паартиясы мен Алашорда үкіметі ұйымдастырушылардың бірі деп өз бағасын берді. Әсіресе, ұзақ жылдары кезеңінде Ахмет Байтұрсынұлының есімін ұмыттыруға барынша әрекеттер жасалғанымен де, бірақ, қазіргі таңда әлемдік деңгейдегі біртуар тұлғалардың бірі болды. Ол «Қазақ», «Айқап» басылымдарына қазақ халқының өмір салтын сипаттайтын «Оқу жайынан», «Қырық мысал», «Маса», «Жастардың оқу-тәрбие жұмысы түзелмей, жұрт ісі түзелмейді», «Жұрт ісінің бірі - оқу» атты туындылары арқылы қазақ халқы арасында сауаттандырып, рухани жағынан байытуда сүбелі үлес қосқандардың бірі деп атап көрсетті [31, 205-206 бб.].

Манаш Қабашұлы Қозыбаев 1918-1920 жылдары орын алған Азамат соғысы мен 1939-1945 жылдары орын алған екінші дүниежүзілік соғыс кезеңіндегі Қазақстан әлеуметтік-экономикалық жағынан зерттеп құнды мәліметтерді қалдырды. Соның ішінде 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалым туралы Отан тарихындағы келелі мәселерді атай келе, белгілі қоғам қайраткері Әліби Жангелдин туралы «Алибий Джангильдин – первый военный комиссар Степного края» атты ғылыми еңбегі жарық көрді. Атамыш еңбекте Әліби Жангельдин кішкентайынан орыс-қазақ мектебінде, кейін училищеде оқып, әрі қарай өз



мамандығы бойынша білімін тереңдете түседі. Әліби Жангельдин өз білімімен Қазан және Мәскеу секілді ең озық жоғарғы оқу орындарында білім алып, бірақ Алаш зиялылары құрған жасырын ұйымдарға мүше болып, саяси мәселелерге араласқаны үшін аталмыш ордаларынан шығарылды. Ол өз елінің үшін жасап жатқан істерін әрі қарай жалғастырып, Орталық Қазақстан өңірі Жезқазған мен Қазақстанның оңтүстік бөлігіндегі Байқоңыр жұмыс кен орындарында халықты қараңғылықтан шығарып, ата-балалар өсиеті мұрат еткен қазақ халықтары арасында насихат жұмыстарын жүргізді. Нәтижесінде, Ресей жоғарғы өкіметі тарапынан қудалауға ұшырап, әрі қарай өзінің күресін Торғайда жалғастырды. Сонымен қатар, Әліби Жангелдин өзінің қайраткерлік тұлғасымен Амангелді Имановтың қоғамдық-саяси көзқарасының қалыптасуына әсер еткен бірден-бір тұлғалардың бірі деп атап көрсетті [29, 125-126 б.]. Сонымен қатар, осы Торғайдағы ұлт-азаттық қозғалыс басып-жанышталса да, бірақ халық есінде мәңгі қалды. Және осы тұлғалар елі үшін, кешелек ұрпақ үшін бейбітшілік өмірді сыйлаған қайраткерлер болып табылады.

Келесі Манаш Қозыбаев тұлғалар туралы мақала-зерттеулер жинағы І.Қозыбаев басшылығымен «Тұлғалар тұғыры» атты ғылыми еңбек жарыққа шығып, сан алуан құнды еңбектерін халыққа терең тұрғыда ұсынылды. Соның ішінде, 1989 жылы Манаш Қабашұлы Қозыбаев алаштың белгілі өкілі Санжар Аспандияров Жаппарұлы туралы келелі мәселелерді ғылымға енгізді. Осыған орай, XX ғасырдың 20-30-жылдарында алаштың қайраткерлері Ахмет Байтұрсынов, Мағжан Жұмабаев, Міржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытов және Тұрар Рысқұлов тұлғалар секілді өмірден ерте озды. Көптеген зиялылар қарабайыр халық арасынан шыққан, өз білімдерімен халыққа кеңінен танылған басшылық еткен тұлғалар болып табылады. Профессор Манаш Қозыбаев өз еңбегінде қазақ халқының нақыл сөзі «әкеңнің ұлы болма, халықтың ұлы бол» деп Санжар Аспандияровты ұзақ елінің баласы деп өз бағасын берді. Осыған орай да, Санжар Аспандияровтың келелі қоғамдық-саяси және әлеуметті қызметі қалың қазақ арасынан қолдау тауып, бүгінгі күні әлем және Отандық тарихта өшпестей із қалдырған біртуар азамат болып табылады деп өз ғылыми сипаттамасын ашып көрсетті [5, 427б.].

Сондай-ақ, белгілі ғалым Манаш Қозыбаевтың «Халел Арғынбаев» атты мақала-зерттеуінде «адам» мәселесін жетік білген тұлға деп анықтады. Соның ішінде, Манаш Қозыбаев аталмыш еңбегінде Халел Арғынбаевтың тұлғалық қасиеттерін, яғни еңбексүйгіштік, қарапайымдылық, ізгілікті дәйектеп сипаттады. Сондай-ақ, әр адам дүниеге келеді және белгілі бір қасиеттерді меңгеру арқылы адам болып өсу үлкен сын-қатерлердің алдыңғы қатарлардың бірі болып табылады. Осы өмірде адамзат баласын тек қана қиындықпен сынамайды, сонымен қатар яғни қуанышпен де, қайғымен де, сан алуан қиындықтармен сынау үдерістері кездеседі. Осыған орай, професор Манаш Қабашұлы Халел Арғынбаевтың ғылым докторы, ғылым саласының ең биік нүктесіне жеттім деп көкірегіні көтермей, керісінше қарапайымдылық қасиетін жоғары аша алды [5, 428б.]. Осылайша, автор І.Қозыбаев профессор Манаш Қабашұлының шығармаларын жинақтау арқылы Отан тарихымызда белгілі зиялыларды, интеллигенциялардың өмірлік ұстанымдарын, олардың халыққа жасаған



қоғамдық-саяси қызметтерін халыққа ұсынуы арқылы келешек ұрпақ санасында мәңгі қалады деген оймен еңбек жасалынып зерттеліп отыр. Әр алаш зиялысының жасаған іс-әрекеттер, әсіресе Ресей империясы Мемлекеттік Думасына сайланып, келелі және терең мағынадағы қазақ халқының қоғамдық өмірінің кейбір шындықмәселелерін атап көрсетіп отырды. Осылайша, бұл, бүгінгі ұрпаққа үлгі өнеге болып отыр.

Ал, Бөкейханов С.Р. «Өткен күнде белгі бар» деп аталатын еңбектегі «Балалық шақ» деп аталатын зерттуінде Әлихан Бөкейханның кішкентай кезінен бастап өте алғыр және тапқырлығымен ерекшеленді. Соның ішінде, қазақ халқының ұлттық ойындардың бірі – асық ойнағанды ұнатқан тұлға болды. Әсіресе, Әлихан Бөкейхан адамгершілік қасиетке бай қайраткер. Яғни, ойын кезінде ұтып алса, барлық затты иесіне қайтарып беретін және өркөкірек ретінде ұстанған достарын, керісінше жат қылық екенін түсіндірумен болды. Әлихан Бөкейхан балалық шағынаен жан-жақты болуға тырысты. Соның ішінде Әлихан Бөкейхан білім саласында, әсіресе математика секілді есептерді шығарғанды жақсы көретін және Ресейдің ірі де беделді жоғарғы оқу орындарында өз білімдерін жалғасып, қазақ халқы үшін күрес үдерісін бастады [32, 23-24бб.].

Тәуелсіздік жылдарында көлемді еңбектер қалдырған әдебиетші-профессор Қуаныш Сұлтановтың «Серпінді кезең» атты ғылыми еңбегі белгілі. Осы аталмыш ғылыми еңбекте, Отан тарихындағы халқы және елі үшін жасаған еңбектерін халыққа ұсына үлгі ретінде көрсетті. Соның ішінде, профессор Қуаныш Сұлтановтың «Мағжан дәуірі» атты ғылыми зерттеу-мақаласында алаштың белгілі қайраткерлері Ахмет Байтұрсынов, Мағжан Жұмабаев, Міржақып Дулатұлы, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Жүсіпбек Аймауытұлы секілді т.б. өзге де тұлғаларды дұрыс білмейінше, қазақ мәдениетін дұрыс біле алудың екі талай екендігін атап өтті. Яғни, автордың айтуынша, осы аталмыш тұлғалар және олардың шығармашылығымен таныс болмаса, қазақ мәдениетін, яғни салт-дәстүрін мен әдет-ғұрпын, жалпы қазақ халқының қоғамдық өмірімен таныса алады деп атап өтті. Сонымен қатар, профессор, әдебиет саласының білгірі Қуаныш Сұлтанов өз ғылыми тұжырымын келтіре келе, орта ғасыр дәуірінде Италия елінде қайта өрлеу дәуірі, яғни «ренессанс» болса, қазақ халқындағы аталмыш дәуір – Мағжан дәуірі деп атап көрсетті. Осылайша, осы ғылыми тұжырымға байланысын алға дәйектерді алға тарта келе, Мағжан Жұмабаев өз заманының терең де ұлы ойшылы, суреткер һәм шығармаларында өзі өмір сүрген кезеңді толыққанды сипаттай білген алаштың біртуар азамат деп бағасын берді. Алаш зиялысы Мағжан Жұмабаевтың шығармаларының негізгі тақырыбы – отаншылдық, патриотизм болып табылды. Осыған орай, өз шығармаларында қазақ елінің тәуелсіздікке жету жолындағы күресінде өз ғылыми еңбектерінде арқау етті [33, 17-18бб.].

Белгілі профессор және саясаткер Қуаныш Сұлтанов көптеген ғылыми еңбектерімен белгілі. Өз шығармаларында қазақ халқының мүддесін қорғаған қайраткерлерді насихаттаудағы маңыздылығы өте зор. Соның ішінде Қуаныш Сұлтанов елге аянбай қызмет көрсеткен тұлғалар туралы сөз ете келе, профессор, академик, этнограф Әлкей Марғұланның 100 жылдығына арналған ғылыми-тәжірибелік конференциясының сөйлеген сөзін келтіре отыра, оның қайраткерлік



тұлғасына һәм ғылыми ізденістеріне бағасын берді. Осыған орай, белгілі ғалым Әлкей Хақанұлы Марғұланға және т.б. тұлғаларға арнап ауқымды конференцияның өткізілуі ой-санамыздың әрі қарай дамып, рухани дамуымызға, яғни жетілуімізге әсерін тигізетіндігі және көптеген қайраткерлерді еске алу біздің негізгі парыздарымыздың қатарына жатады деп атап өтті. Сонымен қатар Қуаныш Сұлтанов Әлкей Хақанұлы Марғұланды қазақ халқының дара тұлғасы және жарық жұлдызы деп атап өтті. XX ғасырдың қиын-қыстау кезеңде, аласарпыран дүниеде өмірге келген, өз заманында озық ойлы тұлғалардың қатарына жататын, ауыр жүкті арқасына алып, қазақ ғылымын дамытуда сүбелі үлес қосушылардың қатарына жатады.

Әлкей Хақанұлы Марғұлан ғылыми зертеулер нәтижесінде көптеген еңбектері жарық көрді. Ол XX ғасырдың 30-жылдарында Ресейдің ірі жоғарғы оқу орын шығыстану институтына оқуға түсіп, көп оқып білімін одан әрі тереңдетті. Әсіресе Әлкей Марғұлан Алаштың белгілі өкілдері Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Мағжан Жұмабаев, Міржақып Дулатұлы және т.б. секілді ғұлама қайраткерлермен байланысқа түсіп, қоғамдық-саяси көзқарасы қалыптаса бастады.

Әлкей Хақанұлы Марғұлан Ресейдің ірі жоғарғы оқу орындарында тәлім алып, шыңдап өзінің еңбекқорлығымен, білімше деген құштарлығымен ерекшеленген тұлға болып табылады [33, 89-90бб.]. Сонымен қатар, археология ғылымының дамуына өзінің сүбелі үлесін қосқан, археологиялық қазба жұмыстары нәтижесінде көптеген артефактілер табылды. Осыған орай, Әлкей Хақанұлы Марғұлан қазақ халқы тарихының дамуына өзінің мол үлесін қосқан тұлға болып табылады.

Белгілі профессор Қуаныш Сұлтановтың келесі бір тұлғалар туралы сериясы «Заман және замандастар» деп аталатын ғылыми еңбегіндегі «Кекілбаев кеңістігі» атты зерттеу-мақаласында Әбіш Кекілбаев тұлғасына және оның шығармашылығына ерекше тоқтамға келіп бағасын берді. Соның ішінде Әбіш Кекілбаевтың жеке бір өз алдына әлем екендігі, өз заманында келелі ғылыми еңбектерімен және публицистикалық шығармаларымен белгілі жазушылық шеберлігімен таңқалдыратын жеке бір тұлға деп бағасын берді. Жалпы, автордың есептеуінше, Әбіш Кекілбаевтың қоғамдағы және елінің арасында орасан зор беделге ие тұлға болып табылады. Оған дәлел ретінде көптеген қайраткерлер, зиялылары Әбіш Кекілбаев тұлғасына баға берді. Соның ішінде Қуаныш Сұлтанов белгілі қайраткер Асқар Сүлейменовтің бағасын келтіре отыра, «Әбіш Кекілбаев өз заманының білгірі және дарын иесі» деп қайраткерлік тұлғасын атап өтті. Осылайша, қазақ әдебиетінің майталманы Әбіш Кекілбаевтың қандай тұлға екендігін көруімізге болады [34, 5-6бб.].

Енді Әбіш Кекілбаевтің шығармашылығына тоқталатын болсақ, белгілі профессор Қуаныш Сұлтанов XX ғасырдың 70-жылдар кезеңін қазақ әдебиетінің шарықтап шегіне жеткен кезеңі деп атап өтті. Бұл кезеңде қазақ әдебиетінің майталмандары және қаламгерлер Әбіш Кекілбаев, Ғабиден Мұстафин, Ғабит Мүсірепов, Сәбит Мұқанов, Жұбан Молдағалиев, Әбдіжәміл Нұрпейісов, Ілияс Есенберлин секілді тұлғалар өз шығармаларымен белгілі болды. Олар өз шығармаларында қазақ даласы һәм өткен тарих турады келелі мәселелерді



көтерді. Әсіресе, Әбіш Кекілбаевтың «Елең-алаң», «Үркер», «Аңыздың ақыры» және т.б. еңбектері ұлт мүддесімен ұштастыра отырып, қазақ халқының қиын-қыстау замандарын, көрінісін сипаттап, тәрбиелілік маңызы бар еңбектердің қатарына жатады. Қайраткер Әбіш Кекілбаев ақындығы және жазушылығы жоғары деңгейде болып табылады. Кез-келген әдеби шығармасын оқып қарайтын болсақ, қазақ даласының бір бейнесін елестетуге болады. Себебі, қазақ, орыс, шетел әдебиеттерін терең оқығандықтан оның қаламынан небір ғажап туындылар дүниеге келді. Әбіш Кекілбаев тек ақын және жазушы ғана емес, тарихшы, саясаттанушы, қайраткер, шежіретанушы, аудармашы һәм философ деп атап өтті [29, 5-66б.]. XX ғасырдың озық ойлы азаматтарымен байланыс жасап, қазақ елінің ғылымын дамытуда сүбелі үлестерін қосып қана қоймай, қазақ халқын білімге шақырып, санасын оятуда үлкен үлес қосқан зиялылардың бірі болып табылады.

Қуаныш Сұлтанов өзінің «Заман және замандастар» деп аталатын еңбегіндегі «Қайраткер» атты бөлімінде XX ғасырдың аяғы мен XXI ғасырдың басындағы қазақ халқының майталмандары туралы келелі мәселелерді көтерді. Әсіресе, көне түрік жазбаларын зерттеген, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің ректоры, профессор, мемлекеттік қайраткер Мырзатай Жолдасбеков тұлғасына тоқталды. Қуаныш Сұлтанов Мырзатай Жолдасбековтың ауыз әдебиетіне қосқан үлесін анықтап, ұлттық сананың дамуына өз әсерін тигізген бірден-бір тұлға деп сипаттаманы берді. Соның ішінде VI-X Ғасырларда өмір сүрген Түрік қағанаты, Батыс Түрік қағанаты, Түркеш қағанаты және Қарлұқ қағанаты батырлары мен ел басшыларының саясаттары анықтап, қазақ мәдениетіне және тарихына жаңа тың дерекмен толықтырды. Әсіресе, Күлтегін, Тоныкөк, Естемі қаған және батырларының ерліктерін көне жазбалардан оқып, қазақ тарихының дамуына өз сүбелі үлесін қосқан тұлғалардың бірі деп атап көрсетті.

Біз білетіндей, VI ғасырда Алтайдан Еділге дейін ұлан-байтақ Еуразия, соның ішінде қазақ жерінде өзге елдермен терезесі тең елге айналған мемлекеттер өмір сүрді. Сонымен атамлыш империялар көптеген Қытай, Византия секілді империяларымен дипломатиялық қарым-қатынас жасағандығы жөнінде археологиялық қазба жұмыстары дәйектей түседі.

Мемлекеттік қайраткер Мырзатай Жолдасбековтің қазақ ауыз әдебиетінің алыптары «Ленинградтың өренім» атты өлеңінің авторы Жамбыл Жабаев пен Кенен Әзірбаев тұлғаларының қазақ тарихындағы алатын орны ерекше. Осылайша, Мырзатай Жолдасбеков Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті ректоры болған кезеңнің өзінде Орхон ескерткіші секілді қазақ халқының рухани мұрасын байыта түсті. Соның ішінде аталмыш тұлғалардың шығармашылығындағы қазақ тарихы және оның көрінісі, қазақ тарихындағы зұлматты жылдар кезеңдері мәселелерді кездестіруге болады [34, 41-42бб.].

Қорытынды

Тұлға дегеніміз өз ойын нақты және толыққанды, жүйелі жеткізе алатын, озық терең ойымен, білімділігімен ерекшеленетін адамдар тобы болып табылады. Әр дәуірдің тұлғаға берген анықтама бойынша ерекшеліктер бар. Яғни, сол кезеңдегі қиын-қыстау жағдайларымен байланыстыра аламыз. Өз заманында өмір сүрген ғұламалардың еңбектері бізге үлкен мұра болып қалды. Аталмыш



еңбектерден білім нәрін сусындап, қазақтың ойшылдары насихат қылған тұлғалық қасиеттерді бойымызға сіңіруіміз абзал.

ӘДЕБИЕТ

- [1] Әбжанов Х. Тарихшы. Шығармалар жинағы. 5-кітап. – Алматы, «Алгоритм» баспасы, 2023, 488 б.
- [2] Қамзабекұлы Д. Руханият: (Мақалалар мен зерттеулер). – Алматы: «Білім», 1997, 272б.
- [3] Ожегов, С. И. Словарь русского языка около. – Изд. 25-е. – Москва : 2001. – 763б.
- [4] Ә. Нысанбаев. Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. 7-том. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1999, 525б.
- [5] І. Қозыбаев Тұлғалар тұғыры. - Алматы: «ҚазАқпарат», 2009, 540 б.
- [6] Әбжанов Х. Қазақстан: тарих, тіл, ұлт: тарих. – Астана, 2007, 270 б.
- [7] Әл-Машани А. Көп томдық шығармалар жинағы [16 томдық]. құраст. Ш. Абдраман. — Алматы: Болашақ, 2011. — Т. 14: Тұран қақпасы. 392 б.
- [8] Қозыбаев М. Тарих зердесі (Арыстар тұғыры). 2-кітап.-Алматы: Ғылым, 1998. - 280 б.
- [9] Плутарх. Сравнительные жизнеописания: в 3 т. / сост. С.П. Маркиш, С.И. Соболевский. – М., 1963. – Т. 2., 548 с.
- [10] Плутарх. Сравнительные жизнеописания: в 3 т. / сост. С.П. Маркиш. – М., 1964. – Т. 3., 546 с.
- [11] Иманғалиев А.Т., Дүкенбаева З.О. Ибн Халликан және Ақжан әл-Машани еңбектеріндегі әл-Фараби // Отан тарихы ғылыми журналы. – 2021. – №2(94). – Б. 100-108.
- [12] Ибн Халликан. «Вафиат ал-а'йан ва анба' абна' аз-заман» («Белгілі тұлғалардың некрологтары мен олардың замандастары туралы хабарлар») еңбегі / Қолжазбалар және сирек кітаптар ұлттық орталығы РММ. – Астана, 1892. – Т. 1., 488 б.
- [13] Ибн Халликан. «Вафиат ал-а'йан ва анба' абна' аз-заман» («Белгілі тұлғалардың некрологтары мен олардың замандастары туралы хабарлар»): еңбегі / Қолжазбалар және сирек кітаптар ұлттық орталығы РММ. – Астана, 1892. – Т. 2, 427 б.
- [14] Әбжанов Х., Исабек Б. Академик Рамазан Сүлейменов. – Алматы: Дайк Пресс баспасы, 2007, 252 б.
- [15] Библиография изданий Академии наук Казахской ССР, 1974 / Академия Наук Казахской ССР, Центральная научная библиотека – Алма-Ата: ЦНБ АН КазССР, 1977, 249 с.
- [16] Әбжанов Ханкелді Махмұтұлы: Биобиблиографиялық көрсеткіш / Құраст.: З.М. Төленова, А.А. Оралова. Бас ред. С.О. Смағұлова. Жауапты ред: З.М. Төленова, Р.О. Кәрібжанова, «Ғылым Ордасы» РМК бас директоры. Ред.: Ғ.И. Белгібаева, Т.В. Вдовухина, А.Ж. Саканова. – Алматы: «Ғылым Ордасы» РМК Ғылыми кітапхана, 2013, 190 б.
- [17] Библиография изданий Академии наук Казахской ССР. 1988. Қазақ ССР Ғылым академиясы шығарған кітаптардың көрсеткіші. 1988 / сост.: М.М. Кудряшова, К.С. Хасенова; [отв. ред. К. К. Абуғалиева] – Алма-Ата: 1992, 303 с.



- [18] Библиография изданий Академии наук Казахской ССР. 1990. Қазақ ССР Ғылым академиясы шығарған кітаптардың көрсеткіші. 1990 / сост. Т.В. Вдовухина; [библиогр. ред. Л. А. Тумановой; отв. ред. К. К. Абугалиева] – Алма-Ата: 1991, 243 с.
- [19] Әбжанов Х.М. Түркі әлеміндегі Қазақстан: іргелі тарих және методология. – Петропавл: АО «Полиграфия», 2011, 364 б.
- [20] Әбжанов Х. Тұлға. Шығармалар жинағы. 3-кітап. – Алматы, «Алгоритм» баспасы, 2023, 511 б.
- [21] Х.Әбжанов. Қазақстан: ұлттық тарих, идея, методология. – Алматы: «Елтаным баспасы», 2014, 324 б.
- [22] Дүкенбаева З.О. Қазақтың шығармашылық интеллигенциясының тарихы (1917-1941). – Алматы: Эверо. 2015, 228 б.
- [23] Назарбаева Г., Әбжанов Х. Қазақстан: тарих пен тағдыр. Мақалалар. – Алматы: «Кітап баспасы» ЖШС. – 2003, 296 б.
- [24] Дүкенбаева З.О.Әл-Фараби және әл-Машани рухани дүниетанымы: Ғылыми басылым. З.О. Дүкенбаеваның ред. - Алматы: ССК, 2017. – 404 б. – Алматы: Эверо, 2015, 228 б.
- [25] С.Жолдасбай, Е.Ерланұлы. Алаш айқан асыл сөз.Бірінші басылым/- Алматы, «Ел-шежіре» қоғамдық қоры. 2016. – 296 б.
- [26] Пірманов Ә., Қапаева А.Қазақ интеллигенциясы. (Ұлттық интеллигенцияның қалыптасу тарихынан).Монография.- Алматы: «Атамұра», 1997, 160 б.
- [27] Асқарұлы. С.Алаш зиялылары: Алматы: Шартарап, 1998, - 168 б.
- [28] Кәкішев Т. Қазақ зиялылары. – Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2011, 416 б.
- [29] Асылбеков М., Төленова З. Академик М.Қ. Қозыбаев: ғұлама ғалым, ірі қоғам қайраткері. – Алматы: «Елтаным баспасы», 2014, 280 б.
- [30] Кеңес Нұрпейіс. Шығармалар жинағы./ Құраст.: С.О. Смағұлова, Г.Ж. Өскембаева. – Алматы: «Елтаным» баспасы, 2015. – 344 б.
- [31] Алдамжар З. Тарих: пайым мен тағылым. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2002, 288 б.
- [32] Бөкейханов С.Р. Өткен күнде белгі бар. – Алматы, 2004, 180 б.
- [33] Сұлтанов Қ. Серпінді кезең.- Астана: Елорда, 2005, 608 б.
- [34] Сұлтанов Қ.Заман және замандастар. – Астана: «Елорда», 2009, 344 б.

REFERENCES

- [1] Äbjanov X. Tarixşı. Şığarmalar jınağı. 5-kitap. – Almatı, «Algorıfm» baspası, 2023, 488 b [Abzhanov Kh. Historian. Collection of works. Book 5. – Almaty, “Algorithm” publishing house, 2023, 488 p.].
- [2] Qamzabekulı D. Rwxanıyat: (Maqalalar men zertewler). – Almatı: «Bilim», 1997, 272b [Kamzabekuly D. Spirituality: (Articles and research). – Almaty: “Bilim”, 1997, 272 p.].
- [3] Ojegov, S. İ. Slovar rwsskogo yazıka okolo. – İzd. 25-e. – Moskva : 2001. – 763b [Ozhegov, S. I. Dictionary of the Russian language around. – Ed. 25th. – Moscow: 2001. – 763 p.].



- [4] Ä. Nisanbaev. Qazaqstan. Ulttıq énciklopediya. 7-tom. – Almatı: Qazaq énciklopediyası, 1999, 525b [A. Nysanbayev. *Kazakhstan. National encyclopedia. Volume 7.* – Almaty: *Kazakh encyclopedia*, 1999, 525 p.].
- [5] I. Qozıbaev Tulğalar tuğırı. – Almatı: «QazAqparat», 2009, 540 b [I. *Kozybayev Personalities.* – Almaty: “*KazAkparat*”, 2009, 540 p.].
- [6] Äbjanov X. Qazaqstan: tarıx, til, ult: tarıx. – Astana, 2007, 270 b [Abzhanov Kh. *Kazakhstan: history, language, nation: history.* – Astana, 2007, p. 270.].
- [7] Äl-Maşanı A. Köp tomdıq şıǵarmalar jınaǵı [16 tomdıq]. qurast. Ş. Abdraman. — Almatı: Bolaşaq, 2011. — T. 14: Turan qaqpası. 392 b [Al-Mashani A. *Collection of multi-volume works [16 volumes]. made up Sh. Abdraman.* — Almaty: *Bolashak*, 2011. — Vol. 14: *Turan Gate*. 392 p.].
- [8] Qozıbaev M. Tarıx zerdesi (Arıstar tuğırı). 2-kitap. - Almatı: Ǵılım, 1998. - 280 b [Kozybaev M. *The study of history (Lions stand).* Book 2. - Almaty: *Science*, 1998. - 280 p.].
- [9] Plwtarx. Sıavnitelnie jızneopısaniya: v 3 t. / sost. S.P. Markış, S.İ. Sobolevskiy. – M., 1963. – T. 2., 548 s [Plutarch. *Comparative biographies: in 3 volumes.* / sost. S.P. Markish, S.I. Sobolevsky. - M., 1963. - Vol. 2., 548 s.].
- [10] Plwtarx. Sıavnitelnie jızneopısaniya: v 3 t. / sost. S.P. Markış. – M., 1964. – T. 3., 546 s [Plutarch. *Comparative biographies: in 3 volumes.* / sost. S.P. Markish. - M., 1964. - Vol. 3., 546 s.].
- [11] İmangalıev A.T., Dükenbaeva Z.O. İbn Xallikan jäne Aqjan äl-Maşanı eñbekterindegi äl-Farabı // Otan tarıxı ǵılımı jwrnalı. – 2021. – №2(94). – B. 100-108 [Imangaliyev A.T., *Dukenbayeva Z.O. Al-Farabi in the works of Ibn Khallikan and Akzhan al-Mashani // Scientific journal of the history of the Fatherland.* – 2021. – No. 2(94). – P. 100-108.].
- [12] İbn Xallikan. «Vafiat al-a‘yan va anba’ abna’ az-zaman» («Belgili tulğalardıñ nekrologtarı men olardıñ zamandastarı twralı xabarlar») eñbegi / Qoljazbalar jäne sırek kitaptar ulttıq ortalıǵı RMM. – Astana, 1892. – T. 1., 488 b [Ibn Khallikan. “*Vafiat al-a‘yan va anba’ abna’ az-zaman*” (“*Reports on the obituaries of famous people and their contemporaries*”) / *National Center for Manuscripts and Rare Books RMM.* – Astana, 1892. – T. 1., 488 p.].
- [13] İbn Xallikan. «Vafiat al-a‘yan va anba’ abna’ az-zaman» («Belgili tulğalardıñ nekrologtarı men olardıñ zamandastarı twralı xabarlar»): eñbegi / Qoljazbalar jäne sırek kitaptar ulttıq ortalıǵı RMM. – Astana, 1892. – T. 2, 427 b [Ibn Khallikan. “*Vafiat al-a‘yan va anba’ abna’ az-zaman*” (“*Reports on the obituaries of famous people and their contemporaries*”): *work* / *National Center for Manuscripts and Rare Books RMM.* – Astana, 1892. – T. 2, 427 p.].
- [14] Äbjanov X., İsabek B. Akademik Ramazan Süleymenov. – Almatı: Dayk Press baspası, 2007, 252 b [Abzhanov H., *Isabek B. Academician Ramazan Suleymenov.* - Almaty: *Dyke Press*, 2007, p. 252.].
- [15] Bibliografiya izdanıy Akademii nauk Kazaxskoy SSR, 1974 / Akademiya Nauk Kazaxskoy SSR, Centralnaya nauçnaya biblioteka – Alma-Ata: CNB AN KazSSR, 1977, 249 s [Bibliography of the Academy of Sciences of the Kazakh SSR, 1974 / *Academy of Sciences of the Kazakh SSR, Central Scientific*



Library - Alma-Ata: Central National Academy of Sciences of the Kazakh SSR, 1977, 249 p.].

[16] Äbjanov Xankeldi Maxmutulı: Biöbıblıografıyalıq körsetkiş / Qurast.: Z.M. Tölenova, A.A. Oralova. Bas red. S.O. Smağulova. Jawaptı red: Z.M. Tölenova, R.O. Kärıbjanova, «Ğılım Ordası» RMK bas direktorı. Red.: Ğ.İ. Belgibaeva, T.V. Vdovwxına, A.J. Sakanova. – Almatı: «Ğılım Ordası» RMK Ğılımı kitapxana, 2013, 190 b [Abzhanov Khankeldi Makhmutuly: Biobibliographic index / Compilation: Z.M. Tolenova, A.A. Oralova. Chief ed. S.O. Smagulova. Responsible editor: Z.M. Tolenova, R.O. Karibzhanova, general director of RMC "Yilm Ordasy". Ed.: G.I. Belgibaeva, T.V. Vdovukhina, A.J. Sakanova. - Almaty: Scientific library of RMC "Gylym Ordasy", 2013, p. 190.].

[17] Bıblıografıya izdanıy Akademii nawk Kazaxskoy SSR. 1988. Qazaq SSR Ğılım akademıyası şıǵarǵan kitaptardıń körsetkişi. 1988 / sost.: M.M. Kwdryaşova, K.S. Xasenova; [otv. red. K. K. Abwgalieva] – Alma-Ata: 1992, 303 c [Bibliography edition of the Academy of Sciences of the Kazakh SSR. 1988. Index of books published by the Academy of Sciences of the Kazakh SSR. 1988 / Sost.: M.M. Kudryashova, K.S. Hasenova; [opt. ed. K. K. Abugaliyeva] – Alma-Ata: 1992, 303 c.].

[18] Bıblıografıya izdanıy Akademii nawk Kazaxskoy SSR. 1990. Qazaq SSR Ğılım akademıyası şıǵarǵan kitaptardıń körsetkişi. 1990 / sost. T.V. Vdovwxına; [bıblıogr. red. L. A. Twmanovoy; otv. red. K. K. Abwgalieva] – Alma-Ata: 1991, 243 s [Bibliography edition of the Academy of Sciences of the Kazakh SSR. 1990. Index of books published by the Academy of Sciences of the Kazakh SSR. 1990 / sost. T.V. Widovukhina; [bibliogr. ed. L. A. Tumanovoi; Otv. ed. K. K. Abugaliyeva] – Alma-Ata: 1991, 243 p.].

[19] Äbjanov X.M. Türki älemindegi Qazaqstan: ırgeli tarıx jäne metodologiya. – Petropavl: AO «Polıǵrafiya», 2011, 364 b [Abzhanov H.M. Kazakhstan in the Turkic world: fundamental history and methodology. – Petropavlovsk: JSC “Poligrafiya”, 2011, 364 p.].

[20] Äbjanov X. Tulǵa. Şıǵarmalar jınaǵı. 3-kitap. – Almatı, «Algorıfm» baspası, 2023, 511 b [Abzhanov Kh. Tulga. Collection of works. Book 3. – Almaty, “Algorifm” publishing house, 2023, 511 p.].

[21] X.Äbjanov. Qazaqstan: ulttıq tarıx, ideya, metodologiya. – Almatı: «Eltanıw baspası», 2014, 324 b [Kh. Abzhanov. Kazakhstan: national history, idea, methodology. – Almaty: “Eltanym publishing house”, 2014, 324 p.].

[22] Dükenbaeva Z.O. Qazaqtıń şıǵarmaşılıq intellıgenciyasınıń tarıxı (1917-1941). – Almatı: Évero. 2015, 228 b [Dukembayeva Z.O. History of the Kazakh creative intelligentsia (1917-1941). – Almaty: Evero. 2015, 228 p.].

[23] Nazarbaeva G., Äbjanov X. Qazaqstan: tarıx pen taǵdır. Maqalalar. – Almatı: «Kitap baspası» JŞS. – 2003, 296 b [Nazarbayeva G., Abzhanov Kh. Kazakhstan: history and destiny. Articles. – Almaty: “Kitap publishing house” LLP. – 2003, 296 p.].

[24] Dükenbaeva Z.O.Äl-Farabı jäne äl-Maşanı rxanı dünüetanımı: Ğılımı basılım. Z.O. Dükenbaevanıń red. - Almatı: CCK, 2017. – 404 b. – Almatı: Évero, 2015, 228 b [Dukembayeva Z.O. Al-Farabi and al-Mashani's spiritual worldview:



Scientific edition. Edited by Z.O. Dukenbayeva. - Almaty: CCK, 2017. - 404 p. - Almaty: Evero, 2015, 228 p.].

[25] S.Joldasbay, E.Erlanuly. Alaş ayqan asıl söz.Birinşi basılım/- Almatı, «El-şejire» qoğamdıq qorı. 2016. – 296 b [S. Zholdasbay, E. Erlanuly. *Alash aykan asyl soz. First edition / - Almaty, "El-shezhire" public foundation. 2016. - 296 p.].*

[26] Pirmanov Ä., Qapaeva A.Qazaq ĭntelligenciyası. (Ultıq ĭntelligenciyanıñ qalıptasw tarıxınan).Monografiya.- Almatı: «Atamura», 1997, 160 b [Pirmanov A., Kapaeva A. *Kazakh intelligentsia. (From the history of the formation of the national intelligentsia). Monograph. - Almaty: "Atamura", 1997, 160 p.].*

[27] Asqaruly. S.Alaş zıyalıları: Almatı: Şartarap, 1998, - 168 b [Askaruly. S. *Alash intellectuals: Almaty: Chartarap, 1998, - 168 p.].*

[28] Käkişev T. Qazaq zıyalıları. – Almatı: «Qazığurt» baspası, 2011, 416 b [Kakishev T. *Kazakh intellectuals. – Almaty: "Kazygurt" publishing house, 2011, 416 p.].*

[29] Asılbekov M., Tölenova Z. Akademik M.Q. Qozıbaev: ğulama ğalım, iri qoğam qayratkeri. – Almatı: «Eltanıñ baspası», 2014, 280 b [Asylbekov M., Tulenova Z. *Academician M.K. Kozybayev: a learned scientist, a major public figure. – Almaty: "Eltanym publishing house", 2014, 280 p.].*

[30] Keñes Nurpeyis. Şıǵarmalar jınaǵı./ Qurast.: S.O. Smaǵulova, G.J. Öskembaeva. – Almatı: «Eltanıñ» baspası, 2015. – 344 b [Kenes Nurpeis. *Collection of works./ Compiled by: S.O. Smagulova, G.Zh. Oskembayeva. – Almaty: "Eltanym" publishing house, 2015. – 344 p.].*

[31] Aldamjar Z. Tarıx: payım men taǵılıñ. – Almatı: «Arıs» baspası, 2002, 288 b [Aldamzhar Z. *History: insight and lessons. – Almaty: "Arys" publishing house, 2002, 288 p.].*

[32] Bökeyxanov S.R. Ötken künde belgi bar. – Almatı, 2004, 180 b [Bokeikhanov S.R. *There is a sign in the past. – Almaty, 2004, 180 p.].*

[33] Sultanov Q. Serpindi kezeñ.- Astana: Elorda, 2005, 608 b [Sultanov K. *Breakthrough period. - Astana: Yelorda, 2005, p. 608.].*

[34] Sultanov Q.Zaman jäne zamandastar. – Astana: «Elorda», 2009, 344 b [Sultanov K. *Time and contemporaries. - Astana: Yelorda, 2009, p. 344].*

Тойбаев А.Ж., Сейтжан Д., Әбубәкір М. ТЕОРЕТИКО-МЕТОДОЛОГИЧЕСКИЕ ВОПРОСЫ ИСТОРИЧЕСКОЙ ПЕРСОНАЛИСТИКИ

Аннотация. XXI век - период совершенства науки на мировом уровне. Ведь в ходе стремительного развития новых технологий появляются новые технологии, профессии, которые служат человечеству. Кроме того, взаимосвязаны многогранные отрасли науки, родились новые исследования. В связи с этим в процессе разработки теоретико-методологических методологий и воспроизводятся новые данные через взаимодействие с другими областями исторической науки. В этом направлении родились новые научные труды по персонификации, являющейся отраслью исторической науки. По этому поводу авторы подчеркнули историческое значение индивидуализации в истории Отечества. Это потому, что каждый момент и каждое событие жизни происходит



с участием людей, и в результате эти этапы становятся историей. В статье были проведены теорико-методологические анализы по изучению личности

В статье исторически отмечаются труды отечественных ученых, писавших об идентичности, являющейся отраслью исторической науки. В этой связи, статья была проанализирована по принципам систематичности, объективности и историчности.

Личность представляет собой людей, способных четко и полно, системно выражать свои мысли, отличающихся передовым глубоким мышлением, образованностью. По этому поводу в статье были даны научно-методические рекомендации по личности в трудах известных ученых истории Отечества.

Ключевые слова: историческая наука; историческая персоналистика; личность; интеллигенция; отечественная история.

Askhat Toibayev, Seitzhan Didar, Abubakir Marlene
THEORETICAL AND METHODOLOGICAL ISSUES IN HISTORICAL
PERSONALISTICS

Annotation. The 21st century is a period of perfection of science at the world level. Indeed, in the course of the rapid development of new technologies, new technologies appear, professions that serve humanity. In addition, multifaceted branches of science are interconnected, new new research has been born. In this regard, in the process of developing theoretical and methodological methodologies, new data are reproduced through interaction with other areas of historical science. In this direction, new scientific works were born on personification, which is a branch of historical science. On this occasion, the authors emphasized the historical significance of individualization in the history of the nationality. That's because every moment and every event of life happens with the participation of people, and as a result, these stages become history. In the article, theoico-methodological analyzes were carried out to study personality

The article historically notes the works of domestic scientists who wrote about identity, which is a branch of historical science. In this regard, the article was analyzed according to the principles of systematicity, objectivity and historicity.

Personality represents people who are able to clearly and fully, systematically express their thoughts, distinguished by advanced deep thinking, education. On this occasion, the article gave scientific and methodological recommendations on personality in the works of famous scientists of the history of the national.

Key words: the science of history; historical personality; national history; personality; intelligence; national history.



УДК 912.4

МРНТИ 03.20.00

DOI 10.37238/2960-1371.2960-138X.2025.97(1).16

Ксенжик Г.Н.

Казахский национальный аграрный исследовательский университет,
Алматы, Казахстан

E-mail: mig_kz@ya.ru

«ФРОНТИР» СРЕДСТВО ДЛЯ ИСТОРИЧЕСКОЙ РЕКОНСТРУКЦИИ ГРАНИЦЫ КАЗАХСТАНА XVIII – НАЧАЛО XX ВВ.

Аннотация. В статье представлены результаты исследования 2024 г. по изучению и анализу пространственного явления в истории Казахстана XVIII – начало XX вв. Обнаруженные источники наглядно представляют в исторической перспективе различные конструкции крепостей, маршруты военных отрядов Российской империи, укрепительные линии, подвижность границы, пограничные заставы, вооружение армии Российской империи и административно-территориальные изменения Казахстана в исследуемый период.

В результате проведенного анализа выявленных визуальных и письменных источников установлено, что пространственное явление в истории Казахстана на территории Казахстана XVIII – начало XX вв. имело длительный и многоаспектный характер (военный, социокультурный). Основной характеристикой военного фронта являлась размещение фортификационных сооружений, милитаризация, регулярные воинские части, военизированные формы администрации. Фронтирное продвижение шло с двух сторон: запада и северо - востока. Формирование определенной границы, достигалось путем достижения рек и горных хребтов. Это оправдывало колониальные устремления Российской империи.

Ключевые слова: реконструкция; фронтир; граница; визуальные источники XVIII – начало XX вв.; междисциплинарное.

Введение

Данная статья стремится восполнить пробел по изучению становления границы Казахстана XVIII – начало XX вв. с помощью фронтирного процесса и междисциплинарного подхода к анализу визуальных и письменных источников.

Цель статьи - представление исторической реконструкции границы Казахстана XVIII – начало XX вв. на основе визуальных и письменных источников.

Исследование проводилось по следующим направлениям: изучения первых шагов продвижения Российской империи в казахские степи; строительство пограничных укрепленных линий; продвижение «фронта» в течение XIX в. в



глубь казахских степей; реформирование, направленное на вхождение территории Казахстана в Российскую империю и оформление границ.

Исследование выдвигает гипотезу, что центральным содержанием комплексного пространственного явления выступила колонизация Казахстана, которая сопровождалась созданием укрепленных линий. Затем на протяжении определенного периода времени наблюдался процесс образования пограничной зоны с постоянным динамичным перемещением фронта (подвижной границы).

Исследование поставленной нами проблематики помогло нам ответить на возникшие вопросы в ходе исследования: С каких сторон развивалось продвижение фронта? Какие основные этапы можно выделить в продвижении фронта? В чем выражается многоаспектность пространственного явления фронт?

Исследование основано на анализе источников, выявленных в ходе исследования 2024г. в архивах, музеях и библиотеках Казахстана, которые представлены в хронологической и логической последовательности. Значительная часть визуальных и письменных источников была создана в целях колонизации Центральной Азии Российской империей, в связи с этим требуют критического осмысления. Письменные источники дополняют описание и убедительность расшифровки визуальных источников. К сожалению, выявленные визуальные источники имеют плохую сохранность (неотчетливое изображение) в связи с этим не представлены в статье.

Публикация статьи представляется своевременной в решении проблем по формированию политики национальной памяти по вопросам становления границы и пограничного пространства Казахстана.

Материалы и методы исследования

Статья подготовлена на основе выявленных визуальных и письменных источников по исследованию пространственного явления: в Государственном архиве Восточно-Казахстанской области, г. Усть-Каменогорск; Историко-краеведческом музее Атырауской области, г. Атырау; Северо - Казахстанском областном историко-краеведческом музее, г. Петропавловск; Национальной академической библиотеке, Астана; Национальная библиотека Республики Казахстан, Алматы; Центральной универсальной научной библиотеки им. Ж. Молдагалиева, г. Уральск.

Исследование проводилось на основе междисциплинарного подхода с использованием общенаучных методов (исторического, логического и системного) и специальных исследовательских методов, которые направлены на выявление письменных и визуальных источников. Специальный картографический метод направлен на анализ, оценку, расшифровку и интерпретацию картографических источников, и выявление визуальных изменений положения. Общегеографический метод способствует объективному анализу и оценки физико-географических данных подвижности фронта, становлению границ (естественных, искусственных) и позволяет локализовать определенные исторические события. Компаративный метод помогает выполнить сравнительный анализ визуальных и письменных источников, выделить критерии сравнения. Функциональный метод обеспечивает установлению причинно-



следственных связей процесса продвижения фронта, как многомерного, военного и социокультурного явления. Все перечисленные методы применялись в сочетании при изучении пространственного явления в истории Казахстана XVIII – начало XX вв.

Обсуждение

Схожие по содержанию проблемы по изучению пространственного явления нашли свое отражение в ряде зарубежных, российских и отечественных исследований. Зарубежные исследователи изучают историю, методологию, особенности и историческую эволюцию концепта или, а также расшифровку и использование визуальных материалов. Общеизвестно, что данный термин, был введен в научный оборот американским исследователем Ф.Д. Тернером, который отводил процессам освоения, колонизации свободных земель значимую роль в истории американской цивилизации [1]. Американский историк и политолог по Центральной Азии М. Олкотт, рассматривает подвижную границу вокруг казахских степей, строительство укрепленных линий, как способ включения территории Казахстана в состав Российской империи, а также особенности положения казахов в составе Российской империи [2]. Австрийский историк А. Каппелер, комментирует содержание концепта, рассматривает, как он влиял на наступательный характер Российской империи, даёт характеристику степной границы на юго-востоке Казахстана. Проводит методологические исследования по концепту, приходит к выводу, что пространственное явление описывает переходную зону [3, р. 599-613]. Марк Ходарковский с помощью пространственного явления прослеживает превращение степной границы в имперскую пограничную территорию. При этом опирается на различные источники [4].

Новый этап исторической эволюции концепта начинается в советский период. Применение явления получает негативную оценку, это связано с критикой концепции географического детерминизма.

В современной российской науке пространственные концепты широко обсуждаются и востребованы у исследователей. Ученый А.Д. Агеев, считает, что природные особенности определяют концепт [5, с. 30-31]. Авторы Д.Я. Резун, М. В Шиловский считают, что Сибирь подверглась не завоеванию, хотя элементы силового принуждения присутствовали, а хозяйственной и этнокультурной ассимиляции [6]. Историки Алтайского университета Ю.А. Лысенко, Е.В. Демчик, В. И. Анисимова, И.Б. Бочкарева представляют анализ этносоциальных процессов в период восстания народов Степного края и Туркестана 1916 г. Авторы считают, что данный концепт, применяемой при изучении тенденции расширения границ России на протяжении нескольких столетий, оказывал значительное влияние на территорию Центральной Азии [7, с. 955-964]. Переселенческими проблемами концепта занимается российский исследователь И.В. Побережников [8, с. 246-274]. При исследовании приграничных территорий российские авторы: О. В. Цветкова [9, с. 5-13]; С. В. Гринев-Гриневич, Э.А. Сорокина, Л.А. Чернышова [10, с. 8-18]; С.Р. Муратова, Р.Г. Буканова [11, с.1-21]; В.Е. Шувалов [12, с. 37- 43] - используют родственные понятия



пространственного явления.
биоматериалдар синтезі үшін шикізат ретінде қолдану мүмкіндігін келтірген. Қолданылған тағамдық май қалдықтарының болжамдық жаһандық көлемі, бүгінгі таңдағы олеохимиялық өнеркәсіптермен шикізат ретінде тұтынылатын таза өсімдік майын толығымен алмастыра алатыны хабарланған, бірақ май қалдықтарының бір бөлігі биодизель шикізаты ретінде қолданылуда. Қолданылған тағамдық май қалдықтарын химиялық шикізат ретінде қажетке жарату тағамдық май өндірісінің де, олеохимиялық саланың да экологиялық және әлеуметтік кері әсерін төмендетуге себепші бола алады [20]. Нақтылап айтатын болсақ, қолданылған тағамдық май қалдықтарын қажетке жарату түзілетін қалдықтар көлемін азайтуға, қоршаған орта компоненттеріне келетін экологиялық ауыртпалықтарды төмендетуге, сонымен қатар жаһандық жылынумен күресуге мүмкіндік береді, себебі көптеген дәтүрлі шикізат материалдары қазба ресурстарына тәуелді [22].

Сондай-ақ, қолданылған тағамдық май қалдықтарының олеохимиялық әлеуетін толығымен қамтитын зерттеу жұмыстары әлі де жеткіліксіз, себебі қазіргі таңға дейін көптеген зерттеулер тағамдық май қалдықтарын энергия әлеуетінде, физика-химиялық үрдістерде немесе микробиотикалық үрдістерде қолдануға бағытталған [5,13,23]. Осылайша, ұсынылған шолу жұмысы майлаушы, биомайлаушы, полиуретан, мал азығының құрамдас бөліктері, пластификаторлар және беттік белсенді заттар секілді жоғары құнды өнімдер алынатын физика-химиялық және микробтық үрдістерде қолданылған тағамдық май қалдықтарын кеңінен қолдануға бағытталған.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Зерттеу нысаны ретінде қала тұрғындарымен, қоғамдық тамақтану орындарымен қолданылған тағамдық күнбағыс майының қалдықтары таңдалды. Май қалдықтарының түсі сарғыштан күңгірт қара-кою түске дейін таңдалды. Дәмі және иісі қатты күйген сипатты, консистенциясы қоймалжың. Тығыздығы 1075 кг/м³. 20°C кезіндегі сыну көрсеткіші 1,893. 20°C кезіндегі тұтқырлығы 0,1891 Па·с. Қышқылдық саны 0,74 мг КОН/г. Асқын тотық саны 5,72 ммоль О/кг.

Санитарлық гигиеналық сабынның майлылығын және қатуын қамтамасыз ететін жануар майы ретінде ірі қара майы қабылданды. Түсі сарғыш. Табиғи тоң май сипаттамалы иісті. Тығыздығы 938 кг/м³. Қату температурасы 30-40°C. Еру температурасы 40-51°C. 20°C кезіндегі тұтқырлығы 0,0150 Па·с. Йодтық саны 32-47%.

Күйдіргіш натр сулы-сілтілі ерітіндісін түзуге қолданылды. Жапырақшалы формада. Тығыздығы 2130 кг/м³. 20°C температурадағы суда ерігіштігі 52,2%. Суда еру кезінде үлкен мөлшердегі жылудың бөлінуімен жүреді. Сулы-сілтілі реакциясы 65°C температурада тығыздығы 1829 кг/м³ дейін төмендее орын алады.

Натрийлі сұйық шыны іс жүзінде ылғал өткізбейтін тұтастырғыш зат ретінде қолданылды. Қою ақшыл-сары сұйықтық. Тығыздығы 1460 кг/м³. Тұтастыру уақыты 45 мин. Силикаттық модуль 2,7.


Зерттеу нәтижелері

Жоғары қаныққан және қанықпаған май қышқылдарының C₁₀-C₂₀ натрий тұздарының қоспасы болып табылатын сабындар қазіргі уақытта негізінен үш түрлі шикізаттан алынады: бейтарап майлар мен өсімдік майлары, май



қышқылдарының қоспалары және май қышқылдарының метил эфирлері. Шикізаттың түріне байланысты май қышқылы тұздарының түзілуі келесі химиялық реакциялар арқылы жүреді.

Сабындану реакциясы - бейтарап майлар, өсімдік майлары және күйдіргіш сода арасындағы химиялық реакция. Химиялық тұрғыдан сабындану – бұл сабын мен глицерин түзе отырып майлардың сілтілі гидролиздену үрдісі. Себебі сабын жасау үшін қолданылатын майлар мен өсімдік майларының көпшілігі май қышқылдарының триглицеридтері болып табылады. Сабындану реакциясында триглицеридтердің сатылы ыдырауы орын алады. Алдымен қышқылдың бір молекуласы, содан кейін екіншісі және ең соңында үшіншісі бөлінеді, ал глицериннің бір молекуласы босап шығады. Май қышқылдарының молекулалары ыдырайтындықтан, олар сілтімен әрекеттесіп, натрий тұзын, яғни сабынды түзеді. Бұл реакция нәтижесінде май қышқылының молекулалары бейтараптандырылып, олар гидролиз реакциясынан шығады және тепе-теңдікті одан әрі гидролизге қарай жылжытады. Бейтарап майлар мен натрий гидроксиді ерітінділерімен сабындаудың соңғы жалпы реакциялары келесі теңдеулермен сипатталады:




мұндағы:


$R_1, R_2, R_3 - C_{10} - C_{20}$ дейінгі көмірсутек тізбектері;

Q – реакция жылуы. Осылайша, триглицеридтің бір молекуласын сабындандыру үшін күйдіргіш сілтінің үш молекуласы жұмсалады. Бұл жағдайда сабынның үш молекуласы түзіліп, глицериннің бір молекуласы бөлінеді.

Сабындану бұл экзотермиялық реакция. Триглицеридтегі үш күрделі эфирлік байланыстың гидролизі кезінде бөлінетін жылу 18 ккал/кмоль майды құрайды. Қышқыл молекуласын сілтімен бейтараптандырғанда тағы 14 ккал/кмоль май қышқылы бөлінеді. Нәтижесінде майларды сабындау кезінде бөлінетін жалпы жылу мөлшері $18 + (14 \cdot 3) = 60$ ккал/кмоль құрайды.

Бейтараптандыру реакциясы - бұл май қышқылы мен натрий гидроксиді, сондай-ақ натрий карбонаты (қақталған сода) арасындағы химиялық реакция. Жалпы бейтараптандыру реакциялары келесі теңдеулермен сипатталады:






мұндағы:

R – C₁₀ - C₂₀ дейінгі көмірсутекті тізбектер.

(2) теңдеуден май қышқылының бір молекуласын бейтараптандыру үшін бір молекула сілтінің жұмсалатыны, сонымен қатар бір молекула сабын түзіліп, бір молекула судың бөлінетіні айқын көрініп тұр. Май қышқылдарын көмірқышқыл газының тұздарымен бейтараптандыру кезінде (реакция (3)) натрий карбонатының бір молекуласы қышқылдың екі молекуласын бейтараптандырып, екі молекула сабын және көмірқышқыл газы мен судың әрқайсысынан бір молекула түзіледі. Май қышқылдарын натрий карбонатымен бейтараптандыру реакциясы (3) сілтілермен бейтараптандырумен салыстырғанда күрделі механизмге ие екенін атап көрсетуге болады. Атап айтқанда, қақталған соданы Na₂CO₃ қолданғанда, соңғысы гидролиз нәтижесінде натрий карбонаты мен сілтіге ыдырайды. Сілті қышқылмен әрекеттесіп, сабын түзеді, ал натрий гидрокарбонаты сода мен көмірқышқыл газына ыдырайды. Барлық реакциялар қайтымды және қақталған соданы пайдаланған жағдайда май қышқылдары толығымен таусылғанша бейтараптандыру реакциясын жүргізу айтарлықтай қиындықтар туғызады.

Сондықтан қақталған соданы әдетте реакцияның бастапқы кезеңінде (алдын ала бейтараптандыру), ал күйдіргіш сода бейтараптандырудың соңғы сатысында қолданылады.

Сілтілермен бейтараптандыру реакциялары (2) және (3) теңдеулеріне сәйкес қалыпты жүреді, егер реакция массасында бос сілтінің біршама артық мөлшері болса (кемінде 0,1%). Егер сілті жетіспесе, май қышқылының екі молекуласы сілтінің бір молекуласымен әрекеттесіп, «қышқыл сабын» деп аталатын затты түзе алады:



Қышқыл сабынның түзілуі сабынның гидролизі кезінде де болуы мүмкін, бұл реакцияға сәйкес гидролиз нәтижесінде пайда болған май қышқылының молекуласы гидролизденбеген сабын молекуласымен әрекеттескенде:




Қышқыл сабындардың ерекшелігі - олардың суда іс жүзінде ерімейтіндігі. Қышқыл сабындарды кәдімгі сабынға айналдыру тәсілдерінің бірі қышқыл сабын массасын күйдіргіш сілтінің артық мөлшерінде ұзақ қайнату болып табылады.

Метил эфирінің сабыннану реакциясы бұл май қышқылының метил эфирі мен натрий гидроксиді арасындағы химиялық реакция. Химиялық тұрғыдан

метил эфирлерінің сабындануы май қышқылының (сабын) және метанолдың натрий тұзының түзілуімен күрделі эфирлердің сілтілі гидролизі болып табылады:



Май қышқылы метил эфирін катализатордың қатысуымен метанолда майларды трансэфирлеу арқылы алады. Трансэтерификация кезінде триглицеридтердің күрделі эфирлік байланыстары үзіліп, май қышқылдарының радикалдары (RCOO ацил топтары) CH_3 радикалымен алмасуы жүреді:




мұндағы:

NaOCH_3 – катализатор (натрий метилоксиді).

(7) теңдеуден майлардың трансэтерификация реакциясы тек олардың триглицеридтік құрамын өзгертетіні, май қышқылдарының құрамын тұрақты етіп қалдыратыны және әдетте түзетілу арқылы күрделі эфирлерден бөлінетін глицерин бөлетіні анық.

Триглицеридтердің трансэтерификация реакциялары қайтымды болып табылады. Сонымен қатар, май қышқылдарының құрылымына және олардың триглицеридтер молекулаларындағы орналасуына қарамастан, триглицеридтердің ықтимал құрылымдары арасындағы энергияның айырмашылығы шамалы. Осының нәтижесінде күрделі эфир топтары арасындағы жеке алмасу реакцияларының тепе-теңдік константалары бірлікке жақын және трансэтерификация процесінің бірден-бір қозғаушы күші энтропияның жоғарылауы болып табылады. Бұл триглицеридтегі секілді метил эфиріндегі үш эфирлік байланыстың гидролизі кезінде бөлінетін жылуды 18 ккал/кмоль эфирге тең қабылдауға мүмкіндік береді. Май қышқылдарының үш молекуласын бейтараптандыру реакциясының жылуын ескере отырып, май қышқылдарының метил эфирлерінің сабындануы кезінде бөлінетін жалпы жылу мөлшері $Q = 18 + (14 \cdot 3) = 60$ ккал/кмоль тең.

Стандартты сабындану тәртібіне сәйкес келетін күйдіргіш содамен майлардың сабындану реакциясының кинетикалық қисығы 1 суретте көрсетілген. Қисықтың S-тәрізді пішіні сабындану реакциясының автокаталитикалық сипатын көрсетеді, бұл кезде оның өнімдерінің бірі (тұз) химиялық реакцияны тездетеді.



Сурет 1 – Майларды күйдіргіш содамен сабындау реакциясының кинетикалық қисығы:

I – индукциялық кезең; II – тұрақты жылдамдық кезеңі;
III – жылдамдықтың төмендеу кезеңі.

Әдетте, фазалар шекарасында болатын жаңа фазаның түзілу үрдістері автокаталитикалық сипатта болады, ал оның ұлғайғайуымен фазааралық беттің ауданы ұлғаяды.

Айта кететін жағдай, автокаталитикалық реакциялардың каталитикалық реакциялардан айырмашылығы, біріншісі үшін үдеу реакция өнімінің жиналуынан туындаса, екіншісі үшін жеделдету оттегі заттары мен катализатордың белсенді аралық кешендерінің түзілуіне байланысты болады және олардың реакция өнімдері мен катализаторға ыдырауы орын алады.

Автокаталитикалық сабындану реакциясы (1) оның пайда болуының үш кезеңімен сипатталады: индукциялық кезең (I), тұрақты жылдамдық кезеңі немесе жылдам автокатализ кезеңі (II) және жылдамдықтың төмендеу кезеңі (III).

Индукция кезеңі сабынданудың (20% дейін) бастапқы кезеңіне сәйкес келеді, бұл кезде реакция жылдамдығы реагенттердің фаза аралық бетінің меншікті ауданына ғана байланысты және оның шекарасында май мен сілті молекулаларының әрекеттесуі орын алады. Жоғарыда көрсетілгендей майлар және күйдіргіш соданың сулы ерітінділері бір-бірімен нашар ериді және физикалық жағынан біртекті емес гетерогенді жүйелерді көрсетеді. Сабындандырудың бастапқы кезеңінде мұндай жүйенің аралық беті кішкентай және майдың (жоғарғы) және сілті ерітіндісінің (төменгі) араласпайтын фазаларының қабаттары арасындағы «айна» ауданына тең. Фазааралық бетінің ауданын ұлғайту үшін «майлы-сілті ерітіндісі» жүйесі жұқа эмульсия күйіне ауыстырылады. Жүйенің эмульгациясы, бір жағынан, реагенттерді мұқият араластыру арқылы, екіншіден, эмульгатор және катализатор қызметін атқаратын,

сабындану реакциясын жеделдете отырып, алынған сабынның сулы ерітіндісінде майдың ерігіштігін арттыру арқылы жүзеге асырылады.

Сабынның кинетикалық әсері, ең алдымен, сабынның сулы ерітіндісіндегі майлардың ерігіштігінің жоғарылауында және сәйкесінше, фаза аралық бетінің ұлғаюында көрінеді. 20% сабын шоғырына жеткен кезде, онда еріген майдың мөлшері кинетикалық аймақта сабындану реакциясын қамтамасыз ету үшін жеткілікті. Реакция жылдамдығын реакция қоспасының температурасын арттыру арқылы да жоғарылатуға болады. Бірақ температураның жоғарылауы эмульсияның бұзылуына әкеледі. Сондықтан эмульсияның тұрақтылығын сақтау үшін индукция кезеңінде сабындауды салыстырмалы түрде 70-85°C температуралар аралығында жүргізеді. Индукция кезеңін қысқарту және тұрақты эмульсия алу үшін реакциялық қоспаға эмульгаторларды қосады. Қарастырылып отырған реакцияда сабын эмульгатор ретінде қолданылады, ол реакциялық қоспаға аз мөлшерде (-0,1%) арнайы енгізіледі; сонымен бірге бұл сабындану реакцияның басталуы үшін агент ретінде қызмет етеді.

Тұрақты жылдамдық кезеңі майлардың сабындану реакциясының жылдам автокатализ кезеңіне сәйкес келеді (80-85% дейін), оның барысында (24 мин) алынған сабын шоғыры ерігіштігін қамтамасыз ету үшін майларды және аралық бетті кинетикалық аймақта реакцияның жүруіне қажетті деңгейде ұстап тұру жеткілікті. Реакция температурасы 100-120°C.

Тұрақты сабындану жылдамдығы кезеңінде алынған сабын-сілтілі эмульсия «майлар - сілті ерітіндісі» реакциялық қоспасының бастапқы құрамынан түбегейлі ерекшеленетінін және жоғары дисперсті құрылымы бар коллоидты жүйе екенін атап өткен жөн.

Жылдамдықтың төмендеу кезеңі сабындану реакциясының соңғы кезеңіне сәйкес келеді (III бөлім). Бұл кезеңде майлар мен сілтілердің сарқылу дәрежесі 90% асады және олардың сабын ерітіндісіндегі шоғыры күрт төмендейді. Нәтижесінде реакция жылдамдығы айтарлықтай төмендейді және 95% жоғары сабындану дәрежесінде кинетикалық қисық асимптотикалық түрде 100% майдың сарқылуына жақындайды. Май қалдықтарының реакцияға түсуінің соңғы сатысындағы кинетикалық қисық сызығының асимптотикалық сипаты айтарлықтай тұру уақытын немесе реакция уақытын (0,75 сағат) және реакциялық қоспаны аппаратта (қазандық, реакторда) толық араластыру тәртібін алдын ала анықтайды.

Массалық әсер ету заңына сәйкес сабындану реакциясының жылдамдығы әрекеттесуші заттардың шоғырларының туындыларының көбейтіндісіне пропорционал, оның көрсеткіштері әрекеттесуші заттар бойынша реакцияның нақты ретіне сәйкес келеді, ал көрсеткіштердің қосындысы реакцияның жалпы тәртібіне сәйкес келеді. Осы заңға сәйкес сабындану реакциялары үшін (1) жылдамдық теңдеуін былай жазуға болады:

$$W = -\frac{dC_1}{d\tau} = kC_1^{n_1}C_2^{n_2} \quad (8)$$

мұндағы:



W – реакция жылдамдығы;
 k – реакция жылдамдығының константасы;
 n_1, n_2 - реакция реттері;
 C_1, C_2 - триглицерид пен сілтінің шоғыры;
 τ - уақыт.

Майдың сабындану реакциясының әртүрлі кезеңдеріндегі реакциялық қоспадағы реагенттерді тасымалдау механизміндегі айырмашылықтар оның жылдамдығын (8) кинетикалық теңдеумен сипаттауға мүмкіндік бермейді. Практикалық тұрғыдан алғанда кинетикалық көрсеткіштерді (жылдамдық константалары, белсендіру энергиялары және т.б.) бағалау үшін тұрақты және төмендейтін жылдамдықтар сатыларындағы сабындану реакциясының жылдамдығын білу жеткілікті (II және III кезең). Сонымен қатар нақты жағдайларға барынша жақындау және сабындану жылдамдығы туралы толық ақпарат алу үшін екі жүйеде тәжірибелік зерттеулер жүргізу қажет. Алдымен сабындауды майларды да, күйдіргіш натрийді де жақсы ерітетін органикалық еріткіште, яғни біртекті жүйеде, содан кейін сабынның аз мөлшерін немесе алдыңғы тәжірибеден алынған реакциялық массаны қосу арқылы сулы ортада сабындану реакциясының тұрақты кезеңдерінде және төмендеу жылдамдығында «майлар – күйдіргіш сода» қоспасын эмульсиялау үшін жүргізеді. Органикалық еріткіштегі сабындану кинетикасы туралы деректер оның пайда болу кинетикалық аралығында «майлар – күйдіргіш сода» фазалық шекарасында диффузиялық тежелудің әсерінен және бұрмалануынсыз реакцияның белсендіру энергиясын анықтауға мүмкіндік береді.

Тағамдық қалдық майларды натрий гидроксидімен сабындану кинетикасының тәжірибелік мәліметтері 1 кестеде келтірілген. Реакция май мен сілтінің эквимольарлы қатынасында жүргізілді. Реакция кезіндегі реагенттердің ағымдағы концентрациялары фенолфталеиннің қатысуымен децинормальді тұз қышқылымен титрлеу арқылы әрекеттеспеген сілтінің мөлшерімен анықталды. Осы деректерден құрастырылған «сабындану дәрежесі – реакция уақыты» кинетикалық қисықтары 2 суретте берілген. Бұл қисықтарда индукция кезеңі жоқ және басында реакция тұрақты дерлік жылдамдықпен жүреді, содан кейін шамамен 50% сабындану дәрежесінде төмендеу жылдамдығымен сабынданудың соңғы сатысына өтеді.

(8) теңдеуге сәйкес 1 және 2 кинетикалық қисықтардың түрін ескере отырып (сурет 2) сабындану реакциясы (1) екінші ретті жылдамдық теңдеуімен сипатталады:


$$\frac{dx}{d\tau} = k \cdot C_{\text{жсо}} \cdot (1 - x)^2 \quad (9)$$

мұндағы:

$x = (C_{\text{жсо}} - C_{\text{ж}}) / C_{\text{жсо}}$ - сабындану дәрежесі, мольдік үлесі;
 $C_{\text{жсо}}; C_{\text{ж}}$ - майлардың бастапқы және ағымдағы шоғырлары, кмоль/м³;
 k – реакция жылдамдығының константасы;
 τ – реакция уақыты, мин.

1-Кесте— Реагенттердің эквимольарлы қатынасындағы тағамдық майды күйдіргіш содамен сабындандыру реакциясы бойынша тәжірибелік деректер

Уақыт τ , мин	Күйдіргіш сода шоғыры $C_{ш}$, кмоль/м ³	Сабындану дәрежесі x , моль.үлес	Жылдамдық константасы, м ³ /(кмоль/мин)		Қателік ε , ± %
			$k_{тәж}$	$k_{есеп}$	
Реакция температурасы 50°C					
0	0,170	0	-	-	-
15	0,130	0,324	0,229	0,228	+0,001
30	0,105	0,382	0,221	0,228	-0,007
60	0,085	0,545	0,241	0,228	+0,013
120	0,065	0,673	0,226	0,228	-0,002
240	0,040	0,819	0,223	0,228	-0,005
			$k_{опт}=0,228$		
Реакция температурасы 75°C					
0	0,124	0	-	-	-
5	0,113	0,153	0,431	0,417	+0,014
10	0,091	0,379	0,382	0,417	-0,035
15	0,067	0,465	0,409	0,417	-0,008
30	0,053	0,597	0,438	0,417	+0,021
60	0,037	0,683	0,376	0,417	-0,041
90	0,023	0,832	0,467	0,417	+0,050
			$k_{опт}=0,417$		



2 - Сурет – Сабындану дәрежесінің реакция уақытына тәуелділігінің кинетикалық қисықтары: 1, 2 – этил спиртіңде алынған тәжірибелік мәндер (1 – 50°C, $C_{жо} = 0,16$ кмоль/м³; 2 – 75°C, $C_{жо} = 0,13$ кмоль/м³); 3,4,5 су ортасы үшін алынған есептелген мәндер (3 – 100°C, $C_{жо} = 1,6$ кмоль/м³; 4 – 110°C, $C_{жо} = 1,6$ кмоль/м³; 5 – 120°C, $C_{жо} = 1,6$ кмоль/м³)

Кинетикалық реакция жылдамдығының константаларын табу және кинетикалық теңдеудің қабылданған моделінің сәйкестігін тексеру үшін (9) теңдеуді шешу арқылы алынған интегралдық тәуелділікті қолданамыз:

$$\frac{1}{C_{\text{жсо}}(1-x)} - \frac{1}{C_{\text{жсо}}} = \frac{x}{C_{\text{жсо}}(1-x)} = k\tau \quad (10)$$

(10) теңдеуіне шоғырдың, сабындану дәрежесінің және реакция уақытының тәжірибелік мәндерін қойып, $k_{\text{эксп}}$ реакциясының жылдамдық константаларының мәндерін және олардың орташа мәндерін табамыз, нәтижелері 1 кестеде көрсетілген.

Реакция жылдамдығы константасының температураға тәуелділігі ретінде Аррениус теңдеуін қабылдаймыз:

$$k = k_0 \cdot e^{-E/RT} \quad (11)$$

мұндағы:

k_0 - реакция жүйесінің физика-химиялық қасиеттеріне тәуелді экспоненциалды факторға дейінгі көбейткіш;

E – белсендіру энергиясы, кал/моль;

T – реакция температурасы, К;

R - әмбебап газ тұрақтысы ($R = 8,314 \text{ Дж}/(\text{моль} \cdot \text{К}) = 1,986 \text{ кал}/(\text{моль} \cdot \text{К})$)

Аррениус теңдеуінің логарифмдік түрін қолдана отырып:

$$\lg k = -\frac{E}{2,3RT} + \lg k_0 = -\frac{E}{4,575T} + \lg k_0 \quad (12)$$

T_1 және T_2 температураларындағы k_1 және k_2 реакция жылдамдығының константаларының мәндері байқалған белсендіру энергиясын анықтаймыз:

$$E = \frac{4,575T_1T_2}{T_2-T_1} \lg \frac{k_2}{k_1} = \frac{4,575 \cdot 307 \cdot 328}{328-307} \lg \frac{0,417}{0,228} \text{ кал/моль} \quad (13)$$

мұндағы:

$t = 50^\circ\text{C}$ кезінде $k_1 = k_{\text{ср}}$;

$t = 75^\circ\text{C}$ кезінде $k_2 = k_{\text{ср}}$.

$C_{\text{жсо}} = 0,19 \text{ кмоль/м}$ шоғырында сулы ортада тағамдық майдың сабындану кинетикасының ұқсас тәжірибелік зерттеулері константалардың келесі тәжірибелік мәндерін берді: 50°C кезінде $k_{\text{ср}} = 0,01$ және 75°C кезінде $k_{\text{ср}} = 0,02$. Бұл константалардың мәндерін этил спиртіндегі сабындану реакциясының жылдамдық константаларымен салыстыра отырып, олардың мәндері орта есеппен 65 есе аз екенін көреміз. Сабынның сулы ерітіндісіндегі реакция жылдамдығының этил спиртіндегі ерітіндімен салыстырғанда бұл төмендеуі реакция жүйесінің гомогенизация жағдайларымен ғана емес, сонымен қатар әртүрлі сабын ерітінділерінің физика-химиялық қасиеттері мен құрылымының

айырмашылығымен де байланысты. Майлардың натрий гидроксидімен сабындану реакциясының белсендіру энергиясын органикалық еріткіште (этил спирті) де, сулы ортада да бірдей деп алып, (12) теңдеуден алдыңғы экмпоненциалды логарифмнің $\lg k_0$ мәнін табамыз. 50°C кезінде $\lg k_0 = 5,066$; 75°C кезінде $\lg k_0 = 6,071$; оның орташа мәні $\lg k_0 = 5,568$ және $k_0 = 1,103 \cdot 10^7$.

Осылайша, майларды каустикалық содамен сабындандыру реакция жылдамдығы константаларының мәндерін мына теңдеулерді пайдалана отырып анықтауға болады:

$$k = 0,103 \cdot 10^7 \cdot \exp [-12353 / (1,986 T)] \quad (14)$$


немесе

$$\lg k = -\frac{12353}{4,575 \cdot T} + 5,568 \quad (15)$$

(14) теңдеуімен есептелген реакция жылдамдығы константаларының мәндері тәжірибелік мәндермен айтарлықтай сәйкес келеді; қате орта есеппен $\pm 10\%$ аз. Бұл кинетикалық теңдеуінің (9) қабылданған моделінің сәйкестігін және оны күйдіргіш содамен майлардың сабындану реакциясының жылдамдығын есептеудің жобалау тәжірибесінде қолданудың негізділігін растайды. Атап айтқанда, 2 суретте сабындану дәрежесінің реакция уақытына тәуелділігінің 3, 4 және 5 кинетикалық қисықтары көрсетілген, индукциялық кезеңнен шыққаннан кейін $100-120^\circ\text{C}$ дейінгі температурада сабынды дайындаудың нақты жағдайлары үшін (10) және (14) теңдеулері арқылы есептелген. Сабындану дәрежесі $80-90\%$ жеткенде пісіру уақыты 40 минут, бұл стандартты уақытқа сәйкес келеді. Температура 10°C жоғарылағанда сабындану жылдамдығы 1,5 есе артады.

Жоғары май қышқылдары мен сілтілер қоспалары арасындағы реакция бейтарап майлардың сабындану реакциясы сияқты автокаталитикалық болып табылады. Бірақ сабындану реакциясынан айырмашылығы, бейтараптандыру реакциясындағы индукция кезеңі шамамен 3 есе қысқа.

3 суретте $\text{C}_{10}-\text{C}_{18}$ май қышқылдары қоспасын натрий гидроксидінің сулы ерітіндісімен реагенттердің эквимоларлық қатынасында бейтараптандыру дәрежесінің тәжірибелік кинетикалық қисықтары көрсетілген. Қышқылдар қоспасы $85:15$ қатынасында «жануар майы - өсімдік майы» қоспаларын термиялық бөлу арқылы алынды.



3 - Сурет – Натрий гидроксидінің сулы ерітіндісімен май қышқылдары қоспасының реагенттердің эквимольлық қатынасында бейтараптандыру дәрежесінің тәжірибелік кинетикалық қисықтары: 1 – 100°C, $C_{ko} = 2$ кмоль/м³; 2 – 90°C, $C_{ko} = 2$ кмоль/м³; I – индукциялық кезең; II – тұрақты жылдамдық кезеңі; III жылдамдықтың төмендеу кезеңі.

3 суреттен көрініп тұрғандай, бейтараптандыру реакциясының кинетикалық қисықтарындағы индукция кезеңі 10 мин. Бұл май қышқылдарының сілтілердегі ерігіштігінің триглицеридтерге қарағанда біршама жоғары болуына және реакция қоспасының жеткілікті жақсы эмульсиялануына байланысты, реакцияның басында фаза аралық бетінің ауданы оның пайда болуын, яғни тұрақты жылдамдықтағы кинетикалық аймақ (I секция, 3 сурет) жылдамдықтың төмендеу кезеңіне (III бөлім) өтуін қамтамасыз ететін мәнге жетеді.

II және III аймақтардағы бейтараптандыру реакциясының жылдамдығы екінші ретті теңдеумен (2) сипатталады:

$$dx/d\tau = kC_{ko}(1-x)^2 \quad (16)$$

мұндағы:

$x = (C_{ko} - C_k) / C_{ko}$ - май қышқылдарының бейтараптану дәрежесі, мольдік үлесі;

C_{ko} және C_k - май қышқылдарының бастапқы және ағымдағы шоғыры, кмоль/м³;

k – реакция жылдамдығының тұрақтысы;

τ – реакция уақыты.

(16) теңдеудің интегралдық түрі келесідей жазылады:

$$\frac{1}{C_{ko}(1-x)} - \frac{1}{C_{ko}} = \frac{x}{C_{ko}(1-x)} = k\tau \quad (17)$$



(17) теңдеу арқылы 90 және 100°C реакция жылдамдығы константаларының тәжірибелік мәндерін табамыз; олардың орташа мәндері сәйкесінше $k_{90} = 0,0758$ және $k_{100} = 0,120$ м/(кмоль·мин) тең. Майлардың сабындану және май қышқылдарын бейтараптандыру реакцияларының белсендіру энергиясын бірдей және $E = 12353$ кал/моль тең деп алып, (12) теңдеуін пайдалана отырып, экспоненциалды фактордың мәнін $k_0 = 0,21 \cdot 10^7$ есептеп анықтаймыз.

Нәтижесінде май қышқылдарын натрий гидроксидімен бейтараптандыру реакциясының жылдамдық константасы үшін келесі теңдеуді аламыз:

$$k = 0,21 \cdot 10^7 \cdot \exp [-12353 / (1,986 T)] \quad (18)$$

немесе

$$\lg k = -\frac{12353}{4,575 \cdot T} + 6,322 \quad (19)$$

Жалпы алғанда (16) және (18) теңдеулер май қышқылдарын бейтараптандыру реакциясының кинетикасын толығымен сипаттайды және реакция жылдамдығын да, қышқылдардың конвертациялану дәрежесін де, реакция уақытын реагенттер шоғырына және температура тәуелді бағалауға мүмкіндік береді.

Май қышқылдарының метил эфирлерін натрий гидроксидімен сабындану реакциясының кинетикасы майлардың сабындану реакциясына да, май қышқылдарының бейтараптандыру реакциясына да ұқсас және оны (9) және (9) түріндегі екінші реттік жылдамдық теңдеуімен сипаттауға болады. 2 кестеде олеин қышқылының метил эфирін этил спиртіндегі натрий гидроксидімен сабындану реакциясының кинетикасы бойынша тәжірибелік мәліметтер келтірілген. Метил эфирінің сабындану реакциясының белсендіру энергиясын май қышқылдарының бейтараптану реакциясымен бірдей деп алып, (12) теңдеуден экспоненциалды фактордың логарифмінің мәнін $\lg k_0 = 8,17$; $k_0 = 0,182 \cdot 10^7$ анықтаймыз.

Май қышқылдарының метил эфирінің этил спиртіндегі натрий гидроксидімен сабындану реакциясының жылдамдық константасының теңдеуі келесі түрде жазылады:

$$\lg k = -\frac{12353}{4,575 \cdot T} + 8,17 \quad (20)$$

(20) теңдеу бойынша есептелген жылдамдық константалары (кесте 2) тәжірибелік мәндермен жақсы сәйкес келеді; орташа қате $\pm 5\%$ төмен.

Сулы ортадағы метил эфирлерінің сабындану реакциясы этил спиртінің ерітіндісіне қарағанда әлдеқайда баяу жүреді. Сулы ортада метил эфирлерінің сабындану жылдамдығының константасының тәжірибелік бағалаулары көрсеткендей, оның мәні этил спирті ортасынан 65 есе аз және 55°C температурада: $k = 0,524/65 = 0,008$; $\lg k_0 = 6,37$; $k_0 = 0,241 \cdot 10^7$.

2 - Кесте – Реагенттердің эквимольарлы қатынасында этил спирті ортасында натрий гидроксидімен олеин қышқылы метил эфирінің сабындану реакциясы бойынша тәжірибелік деректер

Уақыт τ , мин	Күйдіргіш натр шоғыры $C_{ш}$, кмоль/м ³	Сабындану дәрежесі x , моль.үлес	Жылдамдық константасы, м ³ /(кмоль·мин)		Қателік ϵ , $\pm$ %
			$k_{тәж}$	$k_{есеп}$	
Реакция температурасы 55°C					
0	0,425	0	-	-	-
5	0,320	0,245	0,448	0,524	-0,076
10	0,125	0,696	0,535	0,524	+0,011
20	0,084	0,801	0,525	0,524	+0,001
40	0,050	0,883	0,557	0,524	+0,033
80	0,026	0,943	0,571	0,524	+0,047
125	0,014	0,964	0,534	0,524	+0,010
			$k_{опт}=0,524$		

Нәтижесінде сабынның сулы ерітіндісіндегі олеин қышқылы метил эфирінің натрий гидроксидімен сабындану реакциясының жылдамдық константасының теңдеуі келесі түрде жазылады:

$$\lg k = -\frac{12353}{4,575 \cdot T} + 6,37 \quad (21)$$

Жалпы алғанда (1) және (2) теңдеулер реакция константаларының тәжірибелік және есептелген мәндерін салыстыруда қабылданған кинетикалық модельдердің (9), (16) сәйкестігін және оларды өнеркәсіптік қондырғыларды жобалауда қолданудың негізділігін көрсетті, атап айтқанда, сабынға арналған еріткіштер, қазандықтар мен реакторлар үшін.

Қорытынды

Тағамдық қалдық майлар мен жануар майының триглицеридтерінен сабын және глицерин түзе отырып сілтілі гидролиздеу реакциясының, сонымен қатар жоғарғы май қышқылдарын бейтараптандыру және олардың күрделі метил эфирлерін күйдіргіш содамен сабындандыру реакцияларының кинетикалық моделі жасалды. Реакциялар автокаталитикалық болып табылады және де жүруінің үш кезеңінен тұрады: индукциялық, тұрақты жылдамдық кезеңі және жылдамдықтың төмендеу кезеңінен. Олар бастапқы май немесе май қышқылдары бойынша екінші реттік теңдеумен сипатталады. Температураға тәуелді реакция жылдамдығының константасы Аррениус теңдеуімен сипатталды. Белсендіру энергиясының және экспоненциалды көбейткіш факторының мәндері анықталды. Кинетикалық модельдердің сәйкестігі мен дұрыстығы есептік және тәжірибелік мәліметтерді салыстыру жолымен тексерілді: орташа қателік мәні салыстырмалы түрде 10% асқан жоқ.

ӘДЕБИЕТТЕР

- [1] Клаудия Шейнбаум-Пардо, Андреа Кальдерон-Иразок, Мариана Рамирес-Суарес. Мексикадағы өсімдік майының қалдықтарынан алынған биодизельдің әлеуеті. Биомасса және Биоэнергетика. 56 Том, 2013 Жылғы Қыркүйек, 230-238 Беттер. <https://doi.org/10.1016/j.biombioe.2013.05.008> б.
- [2] Хаоксин Ли, Цзянфэн Чжао, Юян Хуан, Чжэнву Цзян, Сяоцзи Ян, Чжэнхун Ян, Цинчэн. Портландцементте ұнтақтауға көмекші құрал ретінде өсімдік майының қалдықтарының әлеуетін зерттеу. Экологиялық Менеджмент журналы. 184 Том, 3 Бөлім, 2016 Жылғы 15 Желтоқсан, 545-551 Беттер. <https://doi.org/10.1016/j.jenvman.2016.10.027> б.
- [3] Мария Э.Ортнер, Вольфганг Мюллер, Айрин Шнайдер, Анке Бокрейс. Үй шаруашылықтарының өсімдік майының қалдықтарын кәдеге жаратудың үш түрлі жолын экологиялық бағалау. Ресурстар, Сақтау және Қайта өңдеу. 106 Том, 2016 Жылғы Қаңтар, 59-67 Беттер. <https://doi.org/10.1016/j.resconrec.2015.11.007> б.
- [4] М.А. Калам, Х. Х. Масжуки, М. Х. Джейд, А. М. Лиакват. Қалдық пісіру майымен жанатын жанама тұтанатын дизельді қозғалтқыштың шығарындылары мен өнімділік сипаттамалары. Энергия. 36 Том, 1 Шығарылым, 2011 Жылғы Қаңтар, 397-402 Беттер. <https://doi.org/10.1016/j.energy.2010.10.026> б.
- [5] Spyros Foteinis, Efthalia Chatzisyneon, Alexandros Litinas, Theocharis Tsoutsos. Пайдаланылған-ас майы-биодизель: Өмірлік циклды бағалау және бірінші және үшінші буын биоотынымен салыстыру. Жаңартылатын Энергия. 153 Том, 2020 Жылғы Маусым, 588-600 Беттер. <https://doi.org/10.1016/j.renene.2020.02.022> б.
- [6] Ин Сионг, Вэй-фэн Мяо, На-на Ван, Хун-мэй Чен, Сянь-ран Ван, Цзя-и Ван, Цин-лан Тан, Шуо-пинг Чен. Өсімдік майының қалдықтарына негізделген қатты алкоголь: Синтезі, қасиеттері, микроморфологиясы және биодизельдің бір мезгілде синтезі. Қалдықтарды Басқару. 85 Том, 2019 Жылғы 15 Ақпан, 295-303 Беттер. <https://doi.org/10.1016/j.wasman.2018.12.036> б.
- [7] Фангки Лу, Сули Ву. Қытайдың азық-түлік қауіпсіздігі "арыққа"тиеді. Азық-Түлікті Бақылау. 41 Том, 2014 Жылғы Шілде, 134-138 Беттер. <https://doi.org/10.1016/j.foodcont.2014.01.019> б.
- [8] Сай Лян, Чжу Лю, Мин Сю, Тяньчжу Чжан. Қытайдағы қалдық мұнайдан алынған биоотын ПАРНИКТИК газдар шығарындыларын жаһандық азайту үшін жарықтық береді. Биоресурстар Технологиясы. 131 Том, 2013 Жылғы Наурыз, 139-145 Беттер. <https://doi.org/10.1016/j.biortech.2012.12.008> б.
- [9] Дигамбар Сингх, Дилип Шарма, С.Л. Сони, Чандрапал Сингх Инд, Сумит Шарма, Пушпендра Кумар Шарма, Амит Джалани. Өсімдік майының қалдықтарынан биодизель өндірісіне және оны компрессиялық тұтану қозғалтқыштарында отын ретінде пайдалануға жан-жақты шолу: 3-ші буын тазартқыш шикізаты. Таза Өндіріс журналы. Көлемі 307, 20 Шілде 2021, 127299. <https://doi.org/10.1016/j.jclepro.2021.127299> б.
- [10] Вэй Хан Фу, Вэнь И Чиа, Дорис Ин Ин Тан, Шерлин Сзе Нин Коай, Сю Шии Лим, Кит Уэй Чун. Өсімдік майының қалдықтары туралы жұмбақ: қауіпті энергияға айналдыру. Қауіпті Материалдар журналы. Көлемі 417, 5 Қыркүйек 2021, 126129. <https://doi.org/10.1016/j.jhazmat.2021.126129> б.



[11] Г.Баскар, Г. Калавати, Р. Айсвария, И. Абарнабенезер Селвакумари. 7-жеуге жарамсыз май тұқымдары мен балдырлардың биомассасынан био-май алудың Жетістіктері. Тұрақты Қоршаған ортаны қамтамасыз ету Үшін Экологиялық Отын саласындағы жетістіктер. Woodhead Баспа Сериясы Энергетика. 2019, 187-210 Беттер. <https://doi.org/10.1016/B978-0-08-102728-8.00007-3> б.

[12] Садана Суджата, Натараджан Раджамохан, Ясир Вассегян, Манивасаган Раджасимман. Қорғасынды жақсартылған алу үшін қалдық пісіру майын қосылған құны бар эмульсиялық сұйық мембранаға айналдыру: Өнімділікті бағалау және оңтайландыру. Химосфера. Көлемі 284, 2021 Жылғы Желтоқсан, 131385. <https://doi.org/10.1016/j.chemosphere.2021.131385> б.

[13] Альваро Орджуэла, Джеймс Кларк. Пайдаланылған өсімдік майларынан алынған жасыл химиялық заттар: Тенденциялар, қиындықтар және мүмкіндіктер. Жасыл Және Тұрақты Химия саласындағы қазіргі Пікір. 26 Том, 2020 Жылғы Желтоқсан, 100369. <https://doi.org/10.1016/j.cogsc.2020.100369> б.

[14] Джулиана Карденас, Альваро Орхуэла, Дэвид Л.Санчес, Паулу К. Нарваес, Бенджамин Катриниок, Джеймс Кларк. Жасыл химиялық заттарды өндіру үшін пайдаланылған өсімдік майларын алдын ала өңдеу: шолу. Таза Өндіріс журналы. Көлемі 289, 20 Наурыз 2021, 125129. <https://doi.org/10.1016/j.jclepro.2020.125129> б.

[15] Р.Дханасекаран, С. Ганесан, Б. Раджеш Кумар, С. Сараванан. Биотуынды пропанолды қолдана отырып, таза шығарындыларды шығару үшін жеңіл ДИЗЕЛЬДІ ҚОЗҒАЛТҚЫШТА өсімдік майының қалдықтарын кәдеге жарату. Жанармай. 235 Том, 2019 Жылғы 1 Қаңтар, 832-837 Беттер. <https://doi.org/10.1016/j.fuel.2018.08.093> б.

[16] Анилкумар Р.Гупта, Вирендра К. Ратод. Кальций диглицероксиді микротолқынды пештің қатысуымен өсімдік майының қалдықтарынан биодизель өндірісін катализдеді: Оңтайландыру және кинетикалық зерттеулер. Жаңартылатын Энергия. 121 Том, 2018 Жылғы Маусым, 757-767 Беттер. <https://doi.org/10.1016/j.renene.2017.11.027> б.

[17] Нұр Әл-Джаммал, Заид Әл-Хамамре, Мұхаммед Әлнаиф. Күнбағыс майының қалдықтарынан биодизель алу үшін цеолит шоғырынан цеолит негізіндегі катализаторды өндіру. Жаңартылатын Энергия. 93 Том, 2016 Жылғы Тамыз, 449-459 Беттер. <https://doi.org/10.1016/j.renene.2016.03.018> б.

[18] Алекс Танги, Индра Нил Пулидинди, Нина Перкас, Аарон Геданкен. Қалдық пісіру майынан биодизельді ауқымды өндіру үшін микротолқынды пеш арқылы үздіксіз ағын. Биоресурстар Технологиясы. 224 Том, 2017 Жылғы Қаңтар, 333-341 Беттер. <https://doi.org/10.1016/j.biortech.2016.10.068> б.

[19] Су Шиунг Лам, Ван Адиба Ван Махари, Али Сик Ок, Ванси Пэн, Чен Тунг Чонг, Ньюк Линг Ма, Ховард А.Чейз, Чжэнлинг Лю, Сюзана Юсуп, Эйлханн Э. Квон, Даниэль К. В. Цанг. Қалдықтарды бір уақытта азайту және энергияны тұрақты түрлендіру үшін пластмасса қалдықтары мен пайдаланылған өсімдік майының микротолқынды вакуумдық пиролизі: таза сұйық отынды Қалпына келтіру және техноэкономикалық талдау. Жаңартылатын Және Тұрақты

Энергияға Шолулар. 115 Том, 2019 Жылғы Қараша, 109359. <https://doi.org/10.1016/j.rser.2019.109359> б.

[20] Омар Абоелазайем, Мамдух Гадалла, Басудеб Саха. Суперкритикалық метанолизді қолдана отырып, биодизельдегі қышқылдығы жоғары өсімдік майының қалдықтарын бағалау: Эксперименттік бағалау және Египеттің әдеттегі шикізатын статистикалық оңтайландыру. Энергия. 162 Том, 2018 Жылғы 1 Қараша, 408-420 Беттер. <https://doi.org/10.1016/j.energy.2018.07.194> б.

[21] Барбара С.Калдас, Катя с. Нуньес, Пауло Р. Соуза, Фернанда А. Роза, Исаи В. Визентайнер, Оскар де Оливера С. Хуниор, Эдвани К. Мунис. Катализатор ретінде иондық сұйықтықты [HMim][HSO₄] пайдалана отырып, жеуге жарамды мұнай қалдықтарынан биодизель өндіруге арналған суперкритикалық этанолиз. Қолданбалы Катализ В: Экологиялық. 181 Том, 2016 Жылғы Ақпан, 289-297 Беттер. <https://doi.org/10.1016/j.apcatb.2015.07.047> б.

[22] Чжися Ли, Чжентао Хуан, Шилэй Дин, Фувэй Ли, Чжао Ван, Хунфэй Лин, Конгжин Чен. Пісіру майының қалдықтарын мазутқа каталитикалық түрлендіру: Катализатордың дизайны және еріткіштің әсері. Энергия. 157 Том, 15 Тамыз 2018 Ж., 270-277 Беттер. <https://doi.org/10.1016/j.energy.2018.05.156> б.

[23] Хуймин Чжан, У. Айтун Өзтүрік, Кунвэй Ван, Цзэньяо Чжао. Өсімдік майының қалдықтарымен өндірілетін биодизель: Қытайда, АҚШ-та және Жапонияда қайта өңдеу режимдеріне Шолу. Жаңартылатын Және Тұрақты Энергияға Шолулар. 38 Том, 2014 Жылғы Қазан, 677-685 Беттер. <https://doi.org/10.1016/j.rser.2014.07.042> б.

REFERENCES

[1] Claudia Sheinbaum-Pardo, Andrea Calderón-Irazoque, Mariana Ramírez-Suárez. Potential of biodiesel from waste cooking oil in Mexico. Biomass and Bioenergy. Volume 56, September 2013, Pages 230-238. <https://doi.org/10.1016/j.biombioe.2013.05.008>.

[2] Haoxin Li, Jianfeng Zhao, Yuyan Huang, Zhengwu Jiang, Xiaojie Yang, Z henghong Yang, QingChen. Investigation on the potential of waste cooking oil as a grinding aid in Portland cement. Journal of Environmental Management. Volume 184, Part 3, 15 December 2016, Pages 545-551. <https://doi.org/10.1016/j.jenvman.2016.10.027>.

[3] Maria E. Ortner, Wolfgang Müller, Irene Schneider, Anke Bockreis. Environmental assessment of three different utilization paths of waste cooking oil from households. Resources, Conservation and Recycling. Volume 106, January 2016, Pages 59-67. <https://doi.org/10.1016/j.resconrec.2015.11.007>.

[4] M.A. Kalam, H.H. Masjuki, M.H. Jayed, A.M. Liaquat. Emission and performance characteristics of an indirect ignition diesel engine fuelled with waste cooking oil. Energy. Volume 36, Issue 1, January 2011, Pages 397-402. <https://doi.org/10.1016/j.energy.2010.10.026>.

[5] Spyros Foteinis, Efthalia Chatzisyseon, Alexandros Litinas, Theocharis T soutsos. Used-cooking-oil biodiesel: Life cycle assessment and comparison with first-and third-generation biofuel. Renewable Energy. Volume 153, June 2020, Pages 588-600. <https://doi.org/10.1016/j.renene.2020.02.022>.



- [6] Ying Xiong, Wei-feng Miao, Na-na Wang, Hong-mei Chen, Xian-ran Wang, Jia-yi Wang, Qing-lan Tan, Shuo-ping Chen. Solid alcohol based on waste cooking oil: Synthesis, properties, micromorphology and simultaneous synthesis of biodiesel. *Waste Management*. Volume 85, 15 February 2019, Pages 295-303. <https://doi.org/10.1016/j.wasman.2018.12.036>.
- [7] Fangqi Lu, Xuli Wu. China food safety hits the “gutter”. *Food Control*. Volume 41, July 2014, Pages 134-138. <https://doi.org/10.1016/j.foodcont.2014.01.019>.
- [8] Sai Liang, Zhu Liu, Ming Xu, Tianzhu Zhang. Waste oil derived biofuels in China bring brightness for global GHG mitigation. *Bioresource Technology*. Volume 131, March 2013, Pages 139-145. <https://doi.org/10.1016/j.biortech.2012.12.008>.
- [9] Digambar Singh, Dilip Sharma, S.L. Soni, Chandrapal Singh Inda, Sumit Sharma, Pushpendra Kumar Sharma, Amit Jhalani. A comprehensive review of biodiesel production from waste cooking oil and its use as fuel in compression ignition engines: 3rd generation cleaner feedstock. *Journal of Cleaner Production*. Volume 307, 20 July 2021, 127299. <https://doi.org/10.1016/j.jclepro.2021.127299>.
- [10] Wei Han Foo, Wen Yi Chia, Doris Ying Ying Tang, Sherlyn Sze Ning Koay, Siew Shee Lim, Kit Wayne Chew. The conundrum of waste cooking oil: Transforming hazard into energy. *Journal of Hazardous Materials*. Volume 417, 5 September 2021, 126129. <https://doi.org/10.1016/j.jhazmat.2021.126129>.
- [11] G. Baskar, G. Kalavathy, R. Aiswarya, I. Abarnaebenezer Selvakumari. 7 - Advances in bio-oil extraction from nonedible oil seeds and algal biomass. *Advances in Eco-Fuels for a Sustainable Environment*. Woodhead Publishing Series in Energy. 2019, Pages 187-210. <https://doi.org/10.1016/B978-0-08-102728-8.00007-3>.
- [12] Sadana Sujatha, Natarajan Rajamohan, Yasser Vasseghian, Manivasagan Rajasimman. Conversion of waste cooking oil into value-added emulsion liquid membrane for enhanced extraction of lead: Performance evaluation and optimization. *Chemosphere*. Volume 284, December 2021, 131385. <https://doi.org/10.1016/j.chemosphere.2021.131385>.
- [13] Alvaro Orjuela, James Clark. Green chemicals from used cooking oils: Trends, challenges, and opportunities. *Current Opinion in Green and Sustainable Chemistry*. Volume 26, December 2020, 100369. <https://doi.org/10.1016/j.cogsc.2020.100369>.
- [14] Juliana Cárdenas, Alvaro Orjuela, David L. Sánchez, Paulo C. Narváez, Benjamin Katryniok, James Clark. Pre-treatment of used cooking oils for the production of green chemicals: A review. *Journal of Cleaner Production*. Volume 289, 20 March 2021, 125129. <https://doi.org/10.1016/j.jclepro.2020.125129>.
- [15] R. Dhanasekaran, S. Ganesan, B. Rajesh Kumar, S. Saravanan. Utilization of waste cooking oil in a light-duty DI diesel engine for cleaner emissions using bio-derived propanol. *Fuel*. Volume 235, 1 January 2019, Pages 832-837. <https://doi.org/10.1016/j.fuel.2018.08.093>.
- [16] Anilkumar R. Gupta, Virendra K. Rathod. Calcium diglyceroxide catalyzed biodiesel production from waste cooking oil in the presence of microwave: Optimization and kinetic studies. *Renewable Energy*. Volume 121, June 2018, Pages 757-767. <https://doi.org/10.1016/j.renene.2017.11.027>.

- [17] Noor Al-Jammal, Zayed Al-Hamamre, Mohammad Alnaief. Manufacturing of zeolite based catalyst from zeolite tuft for biodiesel production from waste sunflower oil. *Renewable Energy*. Volume 93, August 2016, Pages 449-459. <https://doi.org/10.1016/j.renene.2016.03.018>.
- [18] Alex Tangy, Indra Neel Pulidindi, Nina Perkas, Aharon Gedanken. Continuous flow through a microwave oven for the large-scale production of biodiesel from waste cooking oil. *Bioresource Technology*. Volume 224, January 2017, Pages 333-341. <https://doi.org/10.1016/j.biortech.2016.10.068>.
- [19] Su Shiung Lam, Wan Adibah Wan Mahari, Yong Sik Ok, Wanxi Peng, Cheng Tung Chong, Nyuk Ling Ma, Howard A. Chase, Zhenling Liew, Suzana Yusup, Eilhann E. Kwon, Daniel C.W. Tsang. Microwave vacuum pyrolysis of waste plastic and used cooking oil for simultaneous waste reduction and sustainable energy conversion: Recovery of cleaner liquid fuel and techno-economic analysis. *Renewable and Sustainable Energy Reviews*. Volume 115, November 2019, 109359. <https://doi.org/10.1016/j.rser.2019.109359>.
- [20] Omar Aboelazayem, Mamdouh Gadalla, Basudeb Saha. Valorisation of high acid value waste cooking oil into biodiesel using supercritical methanolysis: Experimental assessment and statistical optimisation on typical Egyptian feedstock. *Energy*. Volume 162, 1 November 2018, Pages 408-420. <https://doi.org/10.1016/j.energy.2018.07.194>.
- [21] Bárbara S. Caldas, Cátia S. Nunes, Paulo R. Souza, Fernanda A. Rosa, Jesuí V. Visentainer, Oscar de Olivera S. Júnior, Edvani C. Muniz. Supercritical ethanolysis for biodiesel production from edible oil waste using ionic liquid [HMim][HSO₄] as catalyst. *Applied Catalysis B: Environmental*. Volume 181, February 2016, Pages 289-297. <https://doi.org/10.1016/j.apcatb.2015.07.047>.
- [22] Zhixia Li, Zhentao Huang, Shilei Ding, Fuwei Li, Zhaohe Wang, Hongfei Lin, Congjin Chen. Catalytic conversion of waste cooking oil to fuel oil: Catalyst design and effect of solvent. *Energy*. Volume 157, 15 August 2018, Pages 270-277. <https://doi.org/10.1016/j.energy.2018.05.156>.
- [23] Huiming Zhang, U. Aytun Ozturk, Qunwei Wang, Zengyao Zhao. Biodiesel produced by waste cooking oil: Review of recycling modes in China, the US and Japan. *Renewable and Sustainable Energy Reviews*. Volume 38, October 2014, Pages 677-685. <https://doi.org/10.1016/j.rser.2014.07.042>.

**Жумагулова Г.С., Корганбаев Б.Н., Кочеров Е.Н., Раматуллаева Л.И.,
Колесников А.С.**

**ОГРАНИЧЕНИЕ АНТРОПОГЕННОГО ВОЗДЕЙСТВИЯ НА
ОКРУЖАЮЩУЮ СРЕДУ ОТХОДОВ ПИЩЕВЫХ МАСЕЛ ЗА СЧЕТ
ИСПОЛЬЗОВАНИЯ В КАЧЕСТВЕ ОЛЕОХИМИЧЕСКОГО СЫРЬЯ**

Аннотация. Для определения трудностей и перспектив использования отходов отработанного кулинарного масла в качестве вторичного сырья для получения ценной продукции возникает необходимость глубокого изучения процессов, применяемых при вторичной переработке, и это является актуальной проблемой. В статье описано негативное влияние отходов отработанного кулинарного масла на компоненты окружающей среды, засорение водоотводных

систем, загрязнение сточных вод токсичными веществами. Описана возможность использования отработанных пищевых маслоотходов в качестве вторичного сырья при синтезе средств бытовой химии, при производстве санитарно-гигиенических изделий. Приведены результаты оценки потенциала отработанных пищевых масел как олеохимического сырья. Представлены результаты кинетического исследования процесса получения санитарно-гигиенического мыла из пищевых масложировых отходов. Описаны реакции нейтрализации, омыления и омыления сложных жирных кислот. Рассчитана кинетика скорости реакций нейтрализации и омыления, реакции омыления сложных жирных кислот. Константу скорости реакции, зависящую от температуры, описывали уравнением Аррениуса. Определены значения энергии активации и экспоненциального множителя. Актуальность и корректность кинетических моделей проверялись путем сравнения расчетных и экспериментальных данных: среднее значение ошибки было относительно в пределах 5-10%. Результаты представленных исследований имеют перспективу практического применения при производстве санитарно-гигиенического мыла с использованием отходов пищевого масла, которые производятся в огромном количестве, в качестве вторичного сырья.

Ключевые слова: отходы пищевых масел; окружающая среда; токсичные загрязнители; сточные воды; олеохимическое сырье.

**Zhumagulova G.S., Korganbayev B.N., Kocherov Ye.N.,
Ramatullayeva L.I., Kolesnicov A.S.**

LIMITING THE ANTHROPOGENIC IMPACT OF EDIBLE OIL WASTE ON THE ENVIRONMENT BY USING IT AS OLEOCHEMICAL RAW MATERIAL

Annotation. To determine the difficulties and prospects of using waste cooking oil as a secondary raw material for obtaining valuable products, there is a need for an in-depth study of the processes used in recycling, and this is a pressing issue. The article describes the negative impact of waste cooking oil on environmental components, clogging of drainage systems, and wastewater pollution with toxic substances. The possibility of using waste food oil waste as a secondary raw material in the synthesis of household chemicals and in the production of sanitary and hygienic products is described. The results of assessing the potential of waste food oils as oleochemical raw materials are presented. The results of a kinetic study of the process of obtaining sanitary and hygienic soap from food oil and fat waste are presented. The reactions of neutralization, saponification, and saponification of complex fatty acids are described. The kinetics of the rate of neutralization and saponification reactions, and the saponification reaction of complex fatty acids are calculated. The reaction rate constant, depending on temperature, was described by the Arrhenius equation. The values of activation energy and exponential factor were determined. The relevance and correctness of kinetic models were verified by comparing calculated and experimental data: the average error value was relatively within 5-10%. The results of the presented studies have potential for practical application in the production of sanitary and hygienic soap using waste edible oil, which is produced in huge quantities, as secondary raw materials.

Key words: waste edible oils; environment; toxic pollutants; wastewater; oleochemical raw materials.



UDC 504.054; 504.056

IRSTI 87.21.09

DOI 10.37238/2960-1371.2960-138X.2025.97(1).39

**Rakhisheva Aizhan*, Rakhymzhan Zhanar, Beisenova Raihan,
Tazitdinova Rumia.**

Eurasian National University named after. L. N. Gumileva, Astana, Kazakhstan

***Corresponding author:** Aizhan_enu@mail.ru

**THE LEVEL OF SOIL CONTAMINATION WITH HEAVY METALS IN THE
TERRITORY OF THE BALKHASH MINING AND METALLURGICAL
COMBINE**

Annotation. Contamination of soil covered with heavy metals in places where industrial centers are concentrated is an urgent problem for many countries, including Kazakhstan. The main sources of heavy metal elements in the soil are metallurgical production, and heavy metal contamination of the soil around the metallurgical enterprise threatens human health and causes various pathologies in the development of living organisms. As a result of migration processes, toxicants in the soil enter the surface and underground waters. In this study, the environmental condition of soil contaminated with heavy metals in the territory of the metallurgical enterprise of Central Kazakhstan "Kazakhmys" Industrial Union (Balkhash Mining and Metallurgical Combine) was evaluated. The soil cover in the industrial territory of Central Kazakhstan was found to be contaminated with different concentrations of heavy metals. Eleven heavy metals were detected in the soil samples, and the following heavy metals were found in dissolved form: TiO_2 , MnO , and Fe_2O_3 . It is known that the concentration of the heavy metals Pb, Zn, Cu, and Sr in the obtained soil samples is significantly higher. It was established that the concentration of heavy metals increases in the following order: $\text{Pb} > \text{Zn} > \text{Cu} > \text{Sr} > \text{Cr} > \text{As} > \text{V} > \text{Ni} > \text{Cd} > \text{Co} > \text{Hg}$. Three points, №1, №2, and №5, were identified with the highest levels of pollution. The highest concentration of lead was 901.1 ± 0.05 mg/kg ($p < 0.05$), the highest concentration of zinc was 647.3 ± 0.05 mg/kg ($p < 0.05$), the high concentration of copper was 376.3 ± 0.05 mg/kg ($p < 0.05$), and the highest concentration of strontium was 432.6 ± 0.05 mg/kg ($p < 0.05$). This study provides a comprehensive assessment of soil cover contamination with heavy metals in areas where industrial centers are concentrated, while also suggesting the adoption of topical solutions for pollution reduction and environmental management.

Keywords: Balkhash mining and metallurgical plant; soil pollution; heavy metals; soil cover; ferrous and non-ferrous metallurgy; atomic-adsorption method; ecosystem.

Introduction

Heavy metals are common pollutants in the soil environment, namely arsenic (As), cadmium (Cd), chromium (Cr), mercury (Hg), lead (Pb), copper (Cu), zinc (Zn), and nickel (Ni). This type of contamination is biologically toxic, widely distributed, and



persists long-term in the soil environment. With the rapid development of the economy and society, a variety of heavy metal-contaminated soil threatens the environment and public health [1].

The soil contamination with these heavy metal ions introduces significant environmental hazards, ranging from soil and water pollution to the disruption of ecosystems and the release of potentially deleterious substances into the environment [2]. The mining processes associated with copper, zinc, lead, manganese, and iron, extensively utilized in industrial applications, have been identified as primary contributors to soil contamination [3]. Systematically elevated levels of these heavy metals have consistently surfaced in soil samples collected from mining sites, necessitating a thorough investigation into their intricate environmental impacts. The soil contamination with these heavy metal ions not only poses significant ecological hazards on land but also extends its effect on the surrounding air and water ecosystems. The mining processes associated with copper, zinc, lead, manganese, and iron, are widely employed in industrial applications, potentially leading to air pollution. Additionally, the leaching of heavy metals into water sources exacerbates water pollution concerns, posing threats to aquatic life and potentially impacting human health [4].

